



ЗАМАНАУИ ӘЛЕМДЕГІ МЕКТЕП – МҰҒАЛІМ – ИННОВАЦИЯ

*Қазақстандық жаңашыл педагог, қоғам қайраткері,
Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі,
Социалистік Еңбек Ері, педагогика ғылымдарының кандидаты
НҰРТАЗИНА РАФИҚА БЕКЕНҚЫЗЫНЫҢ
туғанына 100 жыл толуына арналған
Бірінші халықаралық педагогикалық оқулар аясындағы*

*халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
материалдары*

Екі томдық
Том 2

ШКОЛА – УЧИТЕЛЬ – ИННОВАЦИИ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

*Первые международные педагогические чтения,
посвященные 100-летию со дня рождения
выдающегося педагога-новатора, общественного деятеля,
Заслуженного учителя Казахстана,
Героя Социалистического Труда, кандидата педагогических наук
НУРТАЗИНОЙ РАФИКИ БЕКЕНОВНЫ*

*материалы
международной научно-практической конференции*

В двух томах
Том 2

Павлодар
2021

УДК 373.5
ББК 74.200
3 21

Редакциялық алқа:

Павлодар педагогикалық университеті басқарма төрағасы – ректор Жанбол Жилбаев; ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор С.В. Мырзақұлов; ф.ғ.д., проф. А.Е. Агманова; ф.ғ.д., проф. Н.Ж. Шаймерденова; ф.ғ.д., проф. З.К. Темиргазина; ҒҒЖМ деканы, ф.ғ.к., проф. Қ.С. Ерғалиев; ҒЗҚ департаменті директоры Г.А. Сулейменова; ҒҒЖМ вице-деканы, ф.ғ.к., доцент М.И. Оразханова; «Тарих» ББ жетекшісі, т.ғ.к., доцент А.Е. Каримова; «Орыс тілі мен әдебиеті» ББ жетекшісі, ф.ғ.к., аға оқытушы Г.К. Абзұлдинова; ф.ғ.к., доцент Л.Е. Токатова; аға оқытушы Е.П. Гаранина; аға оқытушы Д.В. Пашканьян.

- 3 21 **Заманауи әлемдегі мектеп – мұғалім – инновация:** Қазақстандық жаңашыл педагог, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, Социалистік Еңбек Ері, педагогика ғылымдарының кандидаты **Нұрғазина Рафика Бекенқызының** туғанына 100 жыл толуына арналған **Бірінші халықаралық педагогикалық оқулар аясындағы** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары 2 томдық: Т. 2. = **Школа – учитель – инновации в современном мире:** материалы международной научно-практической конференции в рамках **Первых международных педагогических чтений**, посвященных 100-летию со дня рождения выдающегося педагога-новатора, общественного деятеля, Заслуженного учителя Казахстана, Героя Социалистического Труда, кандидата педагогических наук **Нургазиной Рафики Бекеновны:** Т. 2. – Павлодар: ППУ, 2021. – 346 с. – казахский, русский языки.

ISBN 978-601-267-656-3 общий
ISBN 978-601-267-657-0 том 2

Жинаққа «Заманауи әлемдегі мектеп – мұғалім – инновация» Бірінші халықаралық педагогикалық оқулары аясында өткізілген конференция материалдары енгізілді. Басылым ғалымдарға, оқытушылар мен мұғалімдерге, докторанттарға, магистранттарға, студенттерге, жалпы көпшілік оқырман қауымға арналады. Мақалалар авторлық редакцияда басылды.

В сборник вошли материалы конференции, проводимой в рамках Первых международных педагогических чтений «Школа – учитель – инновации в современном мире». Издание адресовано ученым, преподавателям и учителям, докторантам, магистрантам, студентам, а также широкому кругу читателей. Статьи изданы в авторской редакции.

ISBN 978-601-267-656-3 общий
ISBN 978-601-267-657-0 том 2



Рафика Бекеновна Нуртазина

ПРЕДИСЛОВИЕ

Наша страна богата талантливыми людьми, чьи достижения оставили заметный след в истории страны, кто благодаря интеллекту и упорному труду снискал уважение современников, восхищение и преклонение потомков... Павлодарское Прииртышье – родина первых казахстанских академиков, известных писателей и педагогов, деятелей культуры и искусства – по праву гордится своими великими земляками. Одной из таких ярких личностей является Рафика Бекеновна Нуртазина – выдающийся педагог-новатор, Герой Социалистического труда, Заслуженный учитель Казахстана, кандидат филологических наук, лауреат Пушкинской премии, премии «Платиновый Тарлан», почетный гражданин г. Алматы.

В Рафике Бекеновне органично сочетались качества педагога-практика и ученого-филолога, что позволило ей успешно внедрять эффективные методики обучения в учебный процесс руководимой ею долгие годы школы №12 г. Алматы, добиться признания и высокой оценки мировой педагогической общественности. Кандидат педагогических наук, автор около 300 научных и учебно-методических работ, в том числе 15 учебников и учебных пособий для средней школы, 10 книг для дошкольников, Рафика Бекеновна щедро делилась своим опытом с коллегами, проводила открытые уроки для учителей, выступала с докладами о своей авторской методике преподавания русского языка в казахской школе на авторитетных международных конференциях, семинарах и симпозиумах, достойно представляя казахстанскую русистику за рубежом.

Ее научно-педагогическая деятельность была наполнена поиском новых путей активизации познавательной деятельности учащихся, повышающих мотивацию к обучению, делающих его увлекательным и эффективным, а получаемые знания – глубокими и востребованными. Результатом исследовательского интереса к проблемам усвоения русского языка как второго и обучения казахскому языку в иноязычной аудитории стали известные труды педагога, демонстрирующие многогранность ее научно-методических изысканий: «Занимательная грамматика», «Некоторые пути повышения эффективности обучения русскому языку в национальной школе», «Армысың, Пушкин! Здравствуй, Пушкин», «Продолжение урока...», «Книга для чтения по русскому языку» (для 6-го класса казахской школы), учебник казахского языка в комплекте с 12 аудиокассетами «Говорим по-казахски»; книги для детей «Мирастің кітабі», «Мен оқимын, ойлаймын, ойнаймын!». Великое желание Рафики Бекеновны пробудить в детях любовь к знаниям, к языкам, воспитать гармонично развитую, полилингвальную личность, воплотилось в жизнь! Все это системно и последовательно реализовывалось Рафикой Бекеновной на протяжении всей ее научно-педагогической деятельности. Новаторство Рафики Бекеновны Нуртазиной связано с пониманием важности углубленного изучения иностранных языков наряду с родным казахским и русским языками, необходимости формирования полиязычной личности, что является одним из стратегических направлений модернизации современной системы образования. Можно с уверенностью сказать, что Рафика Нуртазина является одним из основоположников полиязычного образования в Казахстане.

Рафика Бекеновна Нуртазина – выдающийся педагог, опередивший свое время, Учитель, чьи новаторские идеи и сегодня остаются актуальными, востребованными, а учебники, методические разработки и научные статьи являются настольными книгами для учителей школ, преподавателей-лингвистов. Многие идеи, принципы обучения педагога-новатора Рафики Нуртазиной созвучны методическим подходам и новым лингводидактическим концепциям в области школьного образования и в целом языковой подготовки в школе и вузе.

Рафика Бекеновна Нуртазина является примером беззаветного служения учительскому делу, количество ее учеников исчисляется десятками тысяч. Отрадно, что филологические традиции Р.Б. Нуртазиной продолжила одна из ее дочерей – Э.Д. Сулейменова, известный далеко за пределами страны ученый-лингвист, доктор филологических наук, профессор КазНУ им. аль-Фараби, президент КазПРЯЛ, автор многочисленных фундаментальных трудов по актуальным проблемам современной лингвистики, Почетный профессор Павлодарского педагогического университета.

Коллектив Павлодарского педагогического университета с особой теплотой и гордостью воспринимает знаменательную дату – 100-летие со дня рождения выдающегося педагога, уроженки Павлодарского Прииртышья Нуртазиной Рафики Бекеновны. Символично, что «Первые международные педагогические чтения», посвященные 100-летию со дня рождения Рафики Бекеновны Нуртазиной, проводятся на родине выдающегося казахстанского педагога-новатора, на базе Павлодарского педагогического университета.

Открытие и активное функционирование кабинета полиязычия имени Рафики Нуртазиной, ежегодное проведение научно-методических мероприятий, посвященных популяризации ее педагогического наследия, создание фильма «Рафика Нуртазина: Уроки жизни» из серии «100 исторических личностей Павлодарского Прииртышья», утверждение именной стипендии для студентов университета – все это дань уважения коллектива Павлодарского педагогического университета, благодарных земляков, учеников, последователей, преклоняющихся перед памятью великого Учителя и стремящихся сохранить преемственность научных поколений и педагогических идей.

Программа Педагогических чтений насыщена и многопланова:

1. Международная научно-практическая конференция (1–2 марта 2021 г.).
2. Курсы повышения квалификации (3–9 марта 2021 г.).
3. Республиканский конкурс эссе «Любви открытые уроки: благодарю Вас, мои ученики», посвященный 100-летию выдающегося учителя Казахстана Р.Б. Нуртазиной.
4. Серия просветительских мероприятий Академии детской книги «ALTAIR» для школьников и студентов.

Наряду с ведущими университетами и общественными объединениями Казахстана в качестве соорганизаторов Педагогических чтений выступил Российский университет дружбы народов, в лице факультета гуманитарных и социальных наук и кафедры русского языка и межкультурной коммуникации принявший активное участие не только в научно-практической конференции, но и в проведении курса повышения квалификации «Современная лингводидактика в школе и вузе». В Педагогических чтениях приняли участие известные отече-

ственные и зарубежные ученые, государственные и общественные деятели, преподаватели вузов и учителя школ.

Настоящий сборник (в 2-х томах) является попыткой отразить состояние современной лингводидактики, проблематика обсуждаемых проблем отражена в основных направлениях научно-практической конференции, представляющих соответствующие разделы сборника:

Том 1:

- Наследие Р.Б. Нуртазиной и современная лингводидактика
- Современные тренды преподавания русского языка и литературы

Том 2:

- Инновационные технологии обучения казахскому языку и литературе
- Современные методы и технологии преподавания иностранных языков
- Актуальные проблемы преподавания социально-гуманитарных дисциплин.

Развитие образования идет в направлении разработки различных вариантов его содержания. Перед современным педагогом встает проблема, связанная с пересмотром своей позиции в образовательном процессе. Интенсивный поиск нового и эффективного в теории и практике обучения отвечает сверхзадаче, заложенной в Первых международных педагогических чтениях «ШКОЛА – УЧИТЕЛЬ – ИННОВАЦИИ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ» – совершенствование педагогического образования.

Оргкомитет

**Қазақ тілі мен әдебиетін
оқытудағы инновациялық
технологиялар**

**Инновационные технологии
обучения казахскому языку
и литературе**

ОҚУДЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАУДЫҢ ОН ТӘСІЛІ

И.Р. Гросс

*Павлодар қаласының №43 жалпы орта білім беру мектебі,
Павлодар қ., Қазақстан
Ginga_89@mail.ru*

Статья предназначена для изучения десяти способов сосредоточить обучение на отдельном человеке. Типы дифференциации можно использовать на каждом этапе урока. В настоящее время на занятиях используются десять методов дифференциации. Это: задача, результат, темп работы, поддержка, ресурсы, группировка, роли, домашнее задание, диалог и оценка.

Annotation. The article is designed to explore ten ways to focus on training in a particular person. Types of differentiation can be used at each stage of the lesson. Nowadays, ten differentiation methods are used in the classes. They are task, result, work rate, support, resources, group work, role, homework, dialogue and assessment.

Орыс мектептерінде қазақ тілі мен әдебиет сабағында мұғалімнің ең басты мақсаты – мемлекеттік тілді меңгерту, қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту. Сол арқылы ауызекі сөйлеу тілін үйрету, өз ойын еркін жеткізуге дағдыландыру. Әрбір оқушыны сабаққа белсенді қатыстырып, оның шығармашылық және ойлай білу қабілеттерін дамыту. Аталған міндеттерге қол жеткізу үшін мұғалім әрқашан ізденісте болып, білім жүйесінде болып жатқан жаңалықтардан құлағдар болуы керек. Сабақтың әр кезеңінде саралап оқыту тәсілдері мен әдістерін ұтымды пайдаланып, қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқыту саласында көптеген жетістіктерге қол жеткізуге әбден болады.

Саралау («Дифференциация» латынша айырмашылық) – білім беру мазмұнын табысты игеруге, оқушының қабілетін және икемін дамытуға барынша қолайлы білім беру ортасын құру. Саралап берілген тапсырмалар, оқушыдан күтілетін нақты нәтижелерді анықтауға көмектеседі. Атап айтқанда, саралаудың процесс арқылы саралау, өнім арқылы саралау, тапсырма арқылы саралау, дереккөздер арқылы саралау, қорытынды бойынша саралау түрлері оқушыға оқу материалдары мен ресурстарды оның жеке қабілеттерін есепке ала отырып, іріктеп беруге (Гарднердің жиынтық зият теориясы), дереккөздерді қабілеттеріне қарай пайдалануға мүмкіндік береді. Тіпті үй тапсырмаларын саралап беру сыныптағы оқушылардың барлығына бірдей тапсырма бергенге қарағанда анағұрлым тиімді болады. Яғни, әр оқушы өзінің қабілетіне, білім деңгейіне қарай тапсырмаларды орындап, белгілі нәтижеге қол жеткізеді. Саралау уақытты ұтымды пайдалануға да оң әсерін тигізеді. Саралау түрлерін сабақтың әр кезеңінде қолдануға болады. Қазіргі кезде сабақ барысында саралаудың он тәсілін қолданылып жүр. Олар: тапсырма, нәтиже, жұмыс қарқыны, қолдау, дереккөздер, топтау, рөлдер, үй жұмысы, диалог және бағалау.

Тапсырма бойынша саралау. Балаларға (жекелеп немесе топтарға) олардың меңгерген білімдеріне негізделген әр түрлі тапсырмалар беріледі. Аса қабілетті балаларға айтарлықтай жоғары деңгейде ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін, мәселелерді шешу қабілеттері мен зерттеу қабілетін пайдалануды

талап ететін күрделі тапсырмалар беруге болады. Күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыратын тапсырмалары бар карточкаларды пайдалану.

Мұғалім тапсырманы бәріне бірдей таныстырады, ал орындалу кезеңі төмендегідей болуы мүмкін:

1 топ – мұғаліммен бірге;

2 топ – алдымен мұғаліммен, содан кейін өз бетінше;

3 топ – өз бетінше.

Тапсырмалардың нұсқалары қиындық деңгейі, шығармашылық деңгейімен және көлемімен ерекшеленеді.

1-нұсқа – негізгі тапсырма;

2-нұсқа – көлемі үлкендеу тапсырма;

3-нұсқа – шығармашылық тапсырма.

Мысалы:

Барлық оқушылар орындай алады: мәтін бойынша сөйлемдердің дұрыс/бұрыстығын ажырату.

АЛМАТЫ – ӘСЕМ ҚАЛА

Алматы – Қазақстанның бұрынғы астанасы. Алматы көптеген зәулім үйлер, демалыс орындары, жоғары оқу орындары бар. Көшелері ұзын әрі кең. Көшелерінің екі бойында жағалай өскен үлкен ағаштар бар. Алматы әсіресе көктемде әдемі болып кетеді. Себебі жеміс ағаштары гүлдеп, бүкіл дала жаңарғандай болады. Алматы – жасыл кілемге орнаған бақ қала.

| Сөйлемдер | Дұрыс | Бұрыс |
|-----------------------------------|-------|-------|
| Алматы – Қазақстанның астанасы. | | v |
| Алматыда демалыс үйлері бар. | v | |
| Алматыда жоғары оқу орындары жоқ. | | v |
| Алматының көшелері ұзын әрі кең. | v | |
| Алматы көктемде көріксіз. | | v |
| Алматы – бақ қала. | v | |

Интербелсенді тақтаның көмегімен тексеріледі.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады: «Синквейн» әдісі. «Алматы – әсем қала» тақырыбына 5 жолды өлең құрастыру.

Бірінші жолда – тақырыпты бір сөзбен беріңіздер. (зат есім)

Екінші жолда – тақырыпты екі сөзбен сипаттаңыздар. (сын есім)

Үшінші жолда – тақырыпқа қатысты қимыл атауынан үш сөз жазыңыздар. (етістік)

Төртінші жолда – 4 сөзден тұратын бір сөйлем құрастырыңыздар.

Бесінші жолда – тақырып мәнін ашатын бір синоним беріңіз.

Алматы

Үлкен, әдемі

Өседі, дамиды, әдеміленеді

Алматы – әсем қала

Бақ қала

Кейбір оқушылар орындай алады: жұптарымен «Мен Алматыға барғанда» тақырыбына диалог құрастырыңыз. Диалогті ортаға шығып оқысыздар.

Нәтиже бойынша саралау. Балалар қойылған жалпы мақсатқа сәйкес бір тапсырмамен жұмыс істейді, бірақ мұғалім балалардың алдыңғы нәтижелерін ескере отырып, әр баладан әртүрлі нәтиже күтеді. Бастапқы ойды немесе үдерісті түсіне алатындай етіп басқаларға қалай түсіндіру керек екенін түйсіну өте күрделі, сонымен қатар өте тартымды іс болып табылады. Қабілетті баладан басқа балаларға қандай да бір нәрсені түсіндіруді немесе қандай да бір затты үйретуді өтінуге болады, басқа жастағы балалар үшін бірдеңе жазуды немесе жасауды сұрауға болады.

Мысалы: «Тұжырым картасы» әдісі.

Барлық оқушылар орындай алады: жаңа сөздердің қай сөз табынан екенін анықтайды.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады: жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастыра алады.

Кейбір оқушылар орындай алады: жаңа сөздердің синонимдерін табады.

| Жаңа сөздер | Сөз табы | Сөз тіркесі | Синоним |
|-------------|----------|----------------------|-------------------------|
| Зәулім | Сын есім | Зәулім үйлер | Биік |
| Кең | Сын есім | Кең көше | Ұлан ғайыр, ұлан байтақ |
| Қонақ үй | Зат есім | Бесжұлдызды қонақ үй | Жалдамалы үй |
| Гүлденген | Сын есім | Гүлденген қала | Көркейіп |
| Кесене | Зат есім | А. Ясауи кесенесі | Күмбез, мазар |
| Мүсін | Зат есім | Үш бидің мүсіні | Ескерткіш |

Жұмыс қарқыны бойынша саралау. Балаларға жалпы тапсырма беріледі, бірақ оларды аяқтауға жұмсалған уақыт олардың дағдыларына қарай анықталады. Қабілетті бала басқаларға қарағанда негізгі міндеттерді орындауға аз уақыт жұмсайтынын болжауға болады, ал содан кейін айтарлықтай күрделі жұмысты орындауға кірісе алады (яғни, келесі оқу мақсатына көшпей, негізгі оқу жоспары мақсатының мәнмәтінінде оқытуды кеңейту және күрделендіру бойынша жұмыс істеу). Көптеген қабілетті балалар қызығушылық пен ұмтылыстың жоқтығынан негізгі тапсырманы өте баяу орындағандықтан, мүмкіндігінің болуына қарамастан қосымша тапсырмаларды орындауға үлгермейді. Кей жағдайларда кейбір балаларға барлық тапсырманы орындамай («тығыздау» деген атпен белгілі болған әдіс), қосымша жұмысқа бірден кірісуге рұқсат етуге болады.

Мысалы: *Барлығы орындайды:* «Карусель» әдісі, сұраққа жауап беру арқылы диалогке шығу.

| Сұрақ | Жауап |
|---|-------|
| – Қазақстанның қандай көрікті жерлерін білесің? | |
| – Ақсу Жабағылы қорығы қайда орналасқан? | |
| – Өсімдіктердің неше түрі бар? | |
| – Табиғатты қалай қорғайсың? | |

Көпшілігі орындайды: «Дара диаграмма» әдісін суреттер арқылы толтырады.

Кейбіреулері орындайды: «Детальді толықтыру» әдісі, диалогты өз ойыңмен аяқтап, кластер жасау.

Қолдау бойынша саралау. Балалар жалпы тапсырманы орындайды, бірақ олардың кейбіреуіне басқаларға қарағанда көп немесе кем қолдау көрсетіледі. Қабілетті балаға білімнің кейбір салаларында жеке көмек қажет болуы мүмкін, мысалы, жазба, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, оқу дағдыларын немесе бірлесіп оқу дағдыларын дамыту.

Мысалы: Берілген сөйлемдерді толықтырып жазыңдар.


Менің атым – Мен Павлодар ... тұрамын. Павлодар (қайда?) – орналасқан. Шығыс аймақта тау, ... бар. Орталықта ... көп өседі.

Керекті сөздер: (солтүстікте, Аяулым, астық, орман)

Дереккөздер бойынша саралау. Балалар ортақ тапсырма орындайды, бірақ айтарлықтай дамыған оқу немесе зерттеу дағдыларын қажет ететін әр түрлі ресурстар беріледі. Қабілетті балалардың әр түрлі ресурстарды немесе өз жұмыстарын таныстыру үшін балама әдістерді пайдалануына түрткі болуға болады.

«Графикалық органиайзер – сөздер тұжырымдамалық картасы» әдісі арқылы жаңа сөздер мен сөз тіркестерімен жұмыс істейді.

Еңбекқор, ақылды, мейірімді, сабырлы, ғимарат



Барлық оқушылар орындай алады: сөздер мен сөз тіркестерін құрастырады.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады: сөздер мен сөз тіркестерін құрастырады және синоним жазады.

Кейбір оқушылар орындай алады: сөздер мен сөз тіркестерін құрастырады, синоним сөздермен сөйлем құрастырады, сұрақ қоя біледі.

Топтау бойынша саралау. Балалар ортақ тапсырма орындайды, бірақ барлығының табысты болуын қамтамасыз ететіндей етіп топтастырылған. Қабілетті балаларды кейде қабілеті ұқсас құрдастарымен топтастырып, олар тапсырманы айтарлықтай жоғары деңгейде орындайды деп күтуге болады. *Біріншіден*, топтың мүшелері кездейсоқ бірігеді. Бұл жағдайда мұғалімге сыныптағы оқушылардың бір-бірімен мейлінше араласқаны маңызды.

Екіншіден, аралас топ. Мұғалім мақсатты түрде шағын топқа әртүрлі деңгейлі оқушыларды біріктіреді. Себебі бұл топтық жұмыс жаңа оқу мақсатына жету үшін қажетті алдыңғы білімдері мен біліктерін қайталап, бір-бірінің есіне түсіру мақсатында ұйымдастырылған.

Үшіншіден деңгейлі топ. Мұғалім ерекшеліктеріне қарай топтарға біріктіреді. Қызығушылығы бір оқушылар бір топта немесе жоғары деңгейлі, орта және төмен деңгейлі оқушылар. Оларға арнайы тапсырмалар дайын-

далады. Бұл топтық жұмысты жоспарлау кезінде мұғалім неліктен оқушыларды дәл осылай біріктіретінін және неліктен тапсырмаларды беретінін нақты түсінеді.

Төртіншіден, қалаулы топ. Мұғалім оқушыларға өз қалаулары бойынша отыруға мүмкіндік береді. Сыныпта қандай да бір топтық жоба жұмыстарын жасау керек болған кезде бұл әдісті қолдану тиімді.

Бесіншіден, қыз-ұл деп бөлуге болады. Бұл әдіспен оқушыларды біріктіру мұғалімге қыз балалар мен ер балалардың оқудағы ерекшеліктерін терең зерттеуге мүмкіндік туындайды. «Аралас топ ұйымдастыру»

Суреттерді мұқият саралап топқа бөліну.



I топ – Павлодар



II топ – Алматы



III топ – Нұр-Сұлтан

«Мозаика» әдісі: Үш түрлі-түсті қағаздарда жазылған сөздерді бір сөйлемге жинақтап, топқа бөлініп отырады.

I топ: Біздің Отанымыз – Қазақстан.

II топ: 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні.

III топ: Елбасы- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Рөлдер. Балалар ортақ тапсырма орындайды, бірақ олардың әрқайсысы әртүрлі рөл атқарады. Қабілетті балаға бас зерттеуші немесе ақпаратты және топ ресурстарын басқаруды ұйымдастырушы рөлін беруге болады.

Үй тапсырмасы бойынша саралау. Балаларға әртүрлі үй тапсырмалары беріледі, ал жекелеген оқушыларға сыныпта бастаған жұмысты аяқтау үшін қосымша уақыт қажет болуы мүмкін. Айтарлықтай қабілетті балаларға толық зерттеу жүргізу үшін тақырыптың күрделі аспектілерін қарастыруды тапсыруға немесе басқа тапсырма беруге болады.

Мысалы:

Барлық оқушылар орындай алады: «Алматының көрікті жерлері» тақырыбына сурет салыңыз. Сурет бойынша әңгімелеңіз.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Алматы туралы өлең жаттаңыз.

Кейбір оқушылар орындай алады: Тыңдалым мәтініне ұқсас өздеріңіз тұрып жатқан жеріңіз туралы шағын мәтін жазыңыз.

Бағалау. Оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін. Сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай ілгерілей аламыз.

Диалог. Мұғалім оқушылардың деңгейіне қарай өздері қоятын сұрақтары мен оқушылар қоятын сұрақтарға жауаптарын саралайды. Соңғы кезде диалог

бойынша саралау жоғары қабілетті балалардың қажеттілігін қанағаттандыру мәселелерін шешуде шешуші мәселе ретінде атап көрсетілуде.

Жаңартылған мазмұн жағдайында оқытуды саралаудың маңыздылығы артуда. Жоғарыда аталған сипаттамалар бойынша саралау сабақта жақсы нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев зияткерлік мектебі». – ДББҰ, 2014.
2. Қараев Ж.А. Білім беру процесіндегі танымдық әрекеттің белсенділігі. – Алматы, 2005. – 146 б.
3. Токсанбаева Н.Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы // Алматы, 2001. – 28 б.
4. <https://stud.kz/referat/show/74761>
5. <http://expert.atamura.kz/ru>

СПОРТТЫҚ ДИСКУРСТЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Б. Болатова

*Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан
Bolatovvva@mail.ru*

В статье речь идёт о понятии термина дискурс, о том, когда он был введен в действие и изучен. Рассматриваются языковые особенности спортивного дискурса, лексемы в нем, вводные слова, тропические типы, фразеологические термины и образность, выразительность языка.

The article deals with the concept of the term discourse, when it was introduced and studied. The article deals with the linguistic features of sports discourse, lexemes in it, introductory words, tropical types, phraseological terms and imagery, and the expressiveness of the language.

Қазіргі уақытта спорттың адам өмірінде алатын орны ерекше. Ол спортшылардың жетістіктері арқылы да әр мемлекеттің азаматтарына халықаралық аренада өз елдерін мақтан тұтуға, мемлекет мәртебесін үстем қылуға мүмкіндік береді. Сондықтан да спорт жетістіктерінің телевизияда, радио және жазбаша басылымдарда сауатты жеткізілуі және баяндалуы, сонымен бірге осы саладағы мамандардың кәсібилігі де маңызды. Спорт журналистерінің сөйлеуі әскери лексикаға, метафораларға және фразеологизмдерге толы.

Спорттық дискурс – спорттық қызмет шеңберіндегі қатысушылар арасындағы байланыс түрі. Ал «дискурс» сөзінің қолданылуының барлық мүмкін болатын жағдайларын қосқанда анық та дәл және көпшілік мақұлдаған анықтамасы жоқ. «Дискурс» ұғымын анықтау қазіргі тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. «Дискурс» термині ХХ ғасырдың 60–70 жылдарынан бастап гуманитарлық ғылымдарда кеңінен қолданылып келеді. Қазіргі кезде дискурс ұғымына түрлі сипаттама беріліп жүр. Солардың бірі – У. Чейфтің пікірінше, дискурс шынында да көп қырлы ұғым, оған бір-ақ тұрғыдан сипаттама беріп, мәнін бір-ақ сөзбен ашу мүлде мүмкін емес. Дискурс ұғымының ең жиі қолданылатын анықтамасы – «ауызша сөйлеу»

тәжірибесі» және «тілді қолдану» ұғымдары [1, 351 б.]. Бұл жерде ағылшын тіліндегі лингвистикалық әдебиеттерде дискурсқа берілетін негізгі мағына – тілдің қатынастық қызметі, яғни қолданыстағы тіл.

Дискурс ұғымына анағұрлым толық анықтама берген Н.Д. Арутюнова: «Дискурс – это связный текст в совокупности с экстралингвистическими, прагматическими, социальными, культурными и психологически-серийными факторами, текст, взятый в событийном аспекте, речь, рассматриваемая как целенаправленное социальное действие, как компонент участвующий во взаимодействии людей и механизмов их сознания, речь, погруженная в жизнь», – дейді [2, 136 б.]. Көрсетілген анықтамадағы дискурс ұғымын жеке-дара әрі лингвистикалық аспектіде ғана қарастыру мүмкін емес, оны басқа да гуманитарлық ғылымдармен бірлікті қарастыру қажет екені көрініп тұр. Дискурс сөйлеуші мен тыңдаушы атты бір-біріне қарама-қарсы қойылған рөлдің болуын талап етеді. Спорттық дискурс оқиға немесе спорттық үдеріс пен оның қатысушылары арасында, яғни спорттың субъектілерінің арасында жүреді. Ол спорттық және қандай да бір басқа дискурстың біріккен жерінде жүзеге асады. Мысалы, спорттық және педагогикалық салада – жаттығу, спорт ойындарын көрсету, спортшылар мен жаттықтырушылардың жиналысы және спорттық дайындықтың ерекшеліктерін қарастыратын басқа жанрлардың толық қатары.

Спорттық журналистердің тілі метафораларға және тұрақты сөз тіркестеріне өте бай. Спорттық дискурс аясындағы ағылшын тілді кірме сөздер, мемлекеттердің саяси, мәдени, экономикалық ынтымақтастығымен, сонымен қатар әлемдік одақта спорттың рөлінің артуымен байланысты және соған сәйкес, әлемнің көп бөлігі қолданатын, спорттық дискурстың реалиясын тілдегі лексемалар арқылы көрсету болып табылады. Лексикалық ерекшеліктер ішіндегі ең көрнекі, экспрессивті қанық үдерістері троптардың белсенді енуі болып табылады. Лексиканың стилистикалық қорына жататын троптар эфирдегі тілдің бейнелілігі мен мәнерлілігін одан әрі арттыра түседі, эмоциялы-экспрессивті мағына мен бағалау береді.

Спорттық дискурс жүйесінде маңызды рөлді журналистің авторлық позициясы мен сезімдері атқарады. Себебі эмоциялар сөйлеушіге өз уайымын, сезімдерін, әсерлерін жеткізуге көмектеседі. Ал авторлық баға түсіндіріліп отырған объектіге жағымды немесе жағымсыз қатынасын көрсете алады. Оқиға әрдайым мәлім болғандықтан, жазбаша, сонымен қоса ауызша репортаж авторы керекті деректерді жинап, дайындалуға мүмкіндігі бар, ал репортаждың басым бөлігі суырыпсалмалық және репортер оқиғаны арқау етіп, әрі қарай өрбітеді. Бұл спорттық дискурстың ерекшелігі. Сәйкесінше, репортер мұқият ойланған және алдын-ала алынған көрнекі-суреттеу және басқа да ықпал ету құралдарын қолдану мүмкіндігінен айырылады. Бірақ репортаж авторы кейбір өзіндік ықпал ету құралдарына ие. Жұмыс барысында репортер дыбыстық тәсілді қолданады. Бұл тыңдаушыға қауымдастықтың көмегімен материалдық нысан, өмірлік жағдай, адам мінез-құлқы жайында түсінік беретін дыбыстық элементтердің жиынтығы (сөйлеу, музыка, шу).

Телевизиялық репортажда дыбыстық тәсіл көрнекі суретпен толықтырылады. Қатаң уақыт шектеуінен және іс-әрекет ауысымының жылдамдығынан репортер троптар мен көрнекі-суреттеу құралдарын пайдалану мүмкіндігінен

айырылып, мәтін мәнерлілігін азайтатын тілдік клише мен қалыптардың қызметіне жүгінеді. Қандай да бір шектеудің жоқтығына орай, сөйлеуші репортажда өз мәтінін онлайн түрде түзеу, ақпараттық, нақты қателіктерін, сонымен қатар стилистикалық олқылықтарды түзету немесе қажетті түсінік беру мүмкіндіктеріне ие. Спорттық аналитикалық мақаланың мақсаты оқиғаның сипаттамасы, нақты іс-әрекеттің талдауы және мүмкін болатын салдары болып табылады. Мақаланың репортаждан айырмашылығына назар аударсақ, ол қатаң газет ауқымымен шектеліп, соған қарамастан мәтінді мұқият тексеру болса, сәйкесінше, автордың репортажға тән шаблонды жою, көрнекі-бейнелі тәсілдерді, оқиғаға байланысты тілдік құралдарды таңдау сияқты артықшылықтары да бар.

Ауыспалы мағынаға негізделген терминтікестер немесе метафоризациялар спорт саласында жиі кездеседі. Сонымен, терминтікестердің құрауыштарына етістіктің ауыспалы мағынасы мен одан шыққан сөз тұлғалары жатады: *жүйкесін жұқарту, мергендік таныту, үмітті ақтау; вырваться вперёд, побить рекорды, сравнять счёт, отдать подачу, отдать гейм, сохранить трофей, занять место, упрочить лидерство, поразить ворота; brilliant finish, to catch offside*. Үш немесе төрт сөзді тіркестерді де кездестіреміз: *жеңісті жұлып әкету, айласын асыра алмау, жер шұқып қалу, ойын өрнегін жоғалтып алу, намысты қолдан бермеу; попасть в число призёров, выложить мяч под удар, парировать удар с разворота, вернуть игру под контроль, гарантировать место в турнирной таблице, защищать цвета команды; to take an opinion сry*. Фразеологиялық терминтікестерді мына мысалдардан көруге болады: *...тамаша ойыншы, бірақ сары аурумен ауыратыны болмаса...* «Сары ауру» – футболда ойын тәртібін көп бұзып, сары қағаз көп алатын ойыншы.

Спорт әлемінде әртүрлі тасымалдардың негізінде пайда болған кәсіби түрдегі жеке сөздер тобы мен құрылымдар көп: вязкая защита, сухой счёт, сухая ничья, мощная манера игры, замысловатый розыгрыш мяча, блестящие матчи; жеңіс тұғыры, қарымта кездесу, қарымта шабуыл, триллер матч [3]. Жоғарыда аталған терминтікестер тек қана спорт аясында пайдаланылады, сондықтан да қолданылу аясы тар. Басқа тілден сөздердің кірігуі тілдің сөздік құрамының толығы мен баюына әсерін тигізеді. Спорттық дискурс шеңберіндегі ағылшын кірме сөздерінің көптігі спорттың әлемдік деңгейде дамуымен байланысты. Кірігудің көбірек таралған түрі ол – лексикалық түр. Ағылшын тілінен шыққан сөз «тайм» – «time» сөзінің аудармасыз дәл нұсқасы болып табылады. Ағылшын тілінде бұл сөз көпмағыналы, алғашқы мағынасы – уақыт дегенді білдіреді. Қазақ және орыс тілдерінің спорттық терминологиясында «тайм» – «футболдағы уақыт кезеңі» (футбол матчы ереже бойынша ортасында үзілісі бар екі таймнан құралады). Берілген лексема басқа тілдік лексема қолданушылар арасында тез таралып, спорттық дискурс шеңберінде терминге айналып отыр. Спорт әлемінде жиі әрі кеңінен қолданылатын кірме сөздерге мыналар жатады: голкипер (ағыл. goal-keeper – «қакпа қорғау»), финиш (ағыл. finish – «аяқтау»), пенальти (ағыл. penalty – «жаза, айып»), плей-офф (play off – «тең ойыннан кейін қайталама ойын»), сэйв (ағыл. save – қорғау), баттерфляй (ағыл. butterfly – «жүзу стилі»), аутсайдер (ағыл. outsider – «бөгде, тысқары», «аутсайдер»). Басқа тіл сөздерін тарту спорт лексикалық қорының

кеңеюіне әсерін және синонимияның артуына себебін тигізеді, тілдік құралдарды үнемдеуге мүмкіндік береді, мемлекеттердің мәдениаралық байланыстарының және тіл иеленушілері мен сөйлеушілерінің бар екендігін растайды.

Лексикалық ерекшеліктер ішінде ең көркемі, айқын да бейнелі-мәнерлісі – троптарды белсенді қолдану үдерісі болып табылады. Лексиканың стилистикалық қорына жататын троптар көгілдір экрандағы дыбысталып жатқан сөздің бейнелілігі мен мәнерлілігін арттыра түсіп, экспрессивті-эмоционалды мағына береді. Сонымен, кейіптеу – жансыз нәрселерді жанды нәрселерге, жекелеп алғанда адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл [4,182 б.]. Осылайша, кейіптеудің белсенді қолданылу үдерісі масс-медиа мәтінінің маңызды қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды. Мәтіннің авторы ақпараттық жолдауды жандандырып, әсерлендірушілік енгізеді. Сол сияқты мақсатқа спорттық дискурс аясымен байланысты жарыс барысында спортшылар мен ойыншылар арқылы жүзеге асатын іс-әрекеттер метафоризациясы жатады. Мысалы: *«Боруссия» хоть и обосновалась ближе к подвалу турнирной таблицы, аутсайдером не считается.* «Подвал» – жарыс кестесіндегі соңғы орын. Берілген мысалдан сөйлем эмоционалды реңкке ие деп қорытынды шығарамыз. Саяси таптаурын өкілдігінің жиірек қолданылатын құрал-тәсілдеріне ауыспалы терминдер, тұрақты бейнелі салыстырулар немесе окказионалды метафоралар түрінде келетін әскери метафораға жатады. Мысалы: *мергендік танытты, жеңісті жұлып әкетті, қорғаныс шебін әлсіретіп алды* және т.б. Ойыншылардың іс-әрекетінің реттілігі әскери метафоралар (яғни әскери әрекеттер мағынасында) көмегімен беріліп отырады: *тойтарыс беру, шабуылды үдету.* Осылайша, футбол матчы жанкүйерлерге ұрыс-шайқастағыдай әсер береді. Спорттық дискурс саласында әскери метафораның көп таралуы соғыстың халық, адам өмірінде маңызды орын алатындығымен, тарихи міндет болып саналатындығымен байланысты деп білеміз.

Қорытындылай келе, жоғарыда келтірілген мысалдардан спорттық дискурстың тілдік ерекшелігі жоғары екені байқалды. Спорттық дискурсты зерттеу кезінде спорт саласына тән ерекшеліктер қарастырылды. Спорттық дискурстың реалиясын тілдегі лексемалар, троп түрлері, фразеологиялық терминтікестер және т.б. тілдің бейнелілігі, мәнерлілігі және әр сөздің мән-мағынасы арттырып тұрады. Сондықтан тілдік ерекшеліктердің спорт саласында атқаратын қызметі мен спорт лексикасының кеңеюіне зор әсерін тигізуде.

Әдебиеттер

1. Кибрик А.А. Когнитивные исследования по дискурсу // Вопросы языкознания, 1994. – №5. – С. 126-139.
2. Арутюнова Н.Д. Дискурс // ЛЭС. – М., 1990. – С.136-137.
3. <https://sozdik.kz/kk/translator/>
4. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 334 б.

«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ НАНЫМ-СЕНІМГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР

М.А. Дузнаува

*Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан
madina.duznaeva@mail.ru*

В статье рассматриваются этнокультурные единицы, связанные с верованиями в романе «Путь Абая». Анализируется мировоззренческий аспект верований в духовную культуру. Различаются особенности их использования в художественной литературе.

The article examines ethnocultural units associated with beliefs in the novel «Abai's Way». The worldview aspect of beliefs in spiritual culture is analyzed. The peculiarities of their use in fiction differ.

Қазақ халқының жарты ғасырлық тарихын суреттеген М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы әлемдік мәдениет пен әдебиеттің алтын қорына көркемдік құбылыс ретінде енгені белгілі. Эпопея 19-ғасырдағы қазақ халқы мекен еткен географиялық аймақты, халықтың тұрмыс-салтын, наным-сенімін әлемге танытты. Абайдың өмір сүрген дәуірі – ғылым мен техниканың, әлеуметтік жаһанданудың әсерінен ада, қазақ халқының ұлт ретіндегі этностық ерекшелігін сақтаған кезеңі. М.Әуезов осы қазақтық қалыптың сақталған кезеңіндегі барлық әлеуметтік топтың өмір сүру салтын, наным мен сенімін шынайы бейнелеген.

«Исламға дейінгі Қазақстандағы діни наным-сенімдер тарихы» зерттеуінде: «Түріктер дүниетанымының бастау бұлағы, қайнар көзі – табиғат. Бұл, табиғатпен біте қайнасып бірге өскен, соның өзгерісін, құбылысын жіті бақылайтын көшпелілер әулетінің қоршаған ортамен тығыз байланысты екенін білдіреді. Көптеген салт-дәстүрдегі наным, тыйымдар осы табиғатпен біте қайнарудан туындаған ұғымдар жиынтығы болып саналады. Осы табиғатты жаратушыны «тәңірі» деп танып, оның туындысы табиғатты аялау арқылы оған құрмет көрсетілген. Бұл үрдіс қазірге дейін осы халықтардың жалғасы боп саналатын көптеген халықтардың салт-дәстүрінде орын алған» – дейді [1]. Ондай наным-сенімдерге қазақ, қырғыз тағы да өзге халықтардың дәстүріндегі **қыстау, күзеу, жайлау** ұғымдарының болуын да жатқызамыз. Сол сияқты судың иесі бар деп таныған. Түн ішінде суға барса, «су иесі Сүлеймен суыңнан берші» деп сұраған. Ағын суға кір жумай суды ұлықтаған. Аңның, малдың пірі бар деп білген. Оған ұлттық танымымыздағы Көк бөрі, түйе атасы – Ойсыл қара, жылқы атасы – Қамбар Ата, Шопан Ата және т.б жатады. Осындай түсініктермен тәңірінің жаратқан әрбір жаратылысына өзінше баға беріп құрметпен қараған. Осындай наным-сенімдердің көрінісін М. Әуезовтің «Абай жолынан» көреміз.

«Биыл Құнанбайдың өз ауылдары да, жақын ағайындары да күземді елден ерекше ерте алды. Және бұрын **күзеуден** бір қар жаудырмай көшпеуші еді».

«– Құнанбай көктемде ерте көшсе, Уақтың жерін шаба торитын. **Жайлауға** ерте көшсе, Керейдің қонысын көздейтін. Бірақ қысқа қарсы оның аты жетпес алыс жоқ. Әлде, Тінейдің сар құсындай өзіне түсіп жүрмесе? – деп,

Бөжей бір қауыптың шетін шығарды да, тоқтап қалды. Сүйіндік Бөжей сөзінен тіксініп қап еді. Бірақ, ешбір жердің қисыны жоқ.

Күзеуден жеті көшіп отырып Қызылшоқы, Қыдырға, Көлқайнарға жеткен Құнанбай ауылдары енді осы аралардағы **қыстау-қыстауына** тармақ болатын» [2].

Қазақ халқы ислам дінін қабылдағанға дейін халқымыздың рухани мәдениетінде тәңірлік сенім мен шаманизм ерекше орын алған. Түркілер Тәңірге табынған. Академик Ғарифолла Есім: «Тәңірді мойындау адам еркін шектемейді. Тәңірге көзқарас өзіне қарама-қарсы түсінікті қажет етпеген. Себебі, тәңір – деген табиғат, ол өмір сүру үшін қажетті жағдай. Тәңір табиғаттың өзінен туған түсінік. Адамның табиғатқа табынуы, бір жағынан, натуралистік түсінік болса, екіншіден, өзінен тыс рухты іздеу, оны субъект ретінде қабылдау, дерексіз ойлаудың жемісі», – деп, тәңірге сыйынуды сенім немесе дін емес, ол адам мен табиғаттың арасындағы үйлесімділікті мойындағандық деп тұжырымдайды [3.56].

С.Н. Ақатаев «Тәңірлік» – әр түрлі наным-сенімдердің, көбіне табиғатқа, оның стихиялық күштеріне табынудың және оларды бұрмалап бейнелеуден туған құбылыс. Тәңірліктің дүниетанымдық негізі дүниедегі заттар мен құбылыстар жанданған деп қарастырады, ол түптеп келгенде табиғатты құдай деп қарастыратын ұғымның негізін құрайтынын айтқан.

Тәңірлік дін адамды өз іс-қимылына, әрекетіне, пиғыл-ниетіне есеп беріп отыруға үйретеді, ісі түсіп, жолы болса түркілер тәңір қолдады, дейді, қателік жасап, адасса, «Тәңірім, кешіре гөр», – дейді [4.43]. «Абай жолында»:

«Әкең сенің Көжекбайды құп көрді білем, арт жағымнан саңқ етіп дауыстап: «Уай, алапес! Сен қалай жүріп барасың?» дегені. Мен екі жағына тең би емеспін бе? Ыза боп кетіп: «Уай, **тәңір**, қойдың бөлігін бөліп келе жатқаным жоқ, құдайдың бөлігін бөлемін» дедім, – деп тоқтап қалды» [2].

Түріктердің мәдениетіне үлкен ықпалын тигізген келесі діни наным – шаманизм болды. «Қырғыздардағы шамандықтың қалдығын» жазған Ш. Уәлиханов «Шамандық дегеніміз – әлемді, дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлеңдердің рухын қастерлеу, аруағын ардақтау. ...Шамандық сенім табиғатқа бас иеді» [5]. Қоғамдағы шаман рөлін де қазақ ғалымы басқа тұрғыдан бағалайды: «Шамандар аспан Тәңірі мен рухтың жердегі қолдаушы адамдары ретінде саналған. Шаман сиқырлық қасиеттермен қоса білікті, талантты, басқалардан мәртебесі жоғары: ол ақын да, сәуегей және емші, сегіз қырлы, бір сырлы адам болған» [5].

«Абай жолында» Абайдың Зере әжесінің құлағы дұрыс естімей қалған екен. Үйдегі жеңгелері балаң молда боп келді, **үшкіртіп** ал деп қалжыңдайды. «Кәрі шеше күле отырып, баласының талабы қайтпасын дегендей қып:

– **Үшкірсе**, кейде ашылып қалады. **Үшкірген** жағады, – деді.

– **Үшкірсе**, мына балаң молда боп келді ғой. **Үшкірт** балаңа, – деп, Айғыз күлді.

– **Үшкірсін**, баласы үшкіріп берсін.

– Сорлы кәрінің көңліне о да болса демей ғой!.. – деп үйдегі үлкендер, әсіресе, жеңгелер Абайдан шын бірдемені дәметкендей.

Абай бұған ішінен ыза болды. «**Үшкіру, ішірткі жазу, қасида оқу**» молдалықтың ел үйренген дағдысы екені рас. Бала көңліне қатты жиренішті көрінетін **балгер, құшынаш** сияқты, **бақсымен** тең молда, қожа аз емес. Абай соны еске алып, өз жайын мысқылдағандай болып, аз күлімсіреп отырды да, бір кезде оқыстан, әжесінің басын құшақтай ап, сыбырлай күбірлеп, бір нәрсені шұбырта жөнелді» [2].

Абай **балгер, құшынаш** дегендерді ұнатпаса да әжесінің көңіліне медеу болсын деп, әрі қалжыңдап өзі шығарған өлеңдерді әжесінің құлағына шын молдаларша сыбырлап оқып «суф!» деп қояды. Осындағы үшкіру, балгер, құшынаш дегендер нанымға байланысты туған. «**Үшкіру** – адам ағзасы дертке шалдығып, ауырғанда аят-дұға оқып, шипа тілеу. **Үшкіру** адам тіл-көз, сұққа іліккенде және сиқыр, күншілдікке қарсы рухани сауықтыру үшін «жанға дауа, дертке шипа» табу мақсатында қолданылады. **Үшкіру** – араб тілінде «руқия», үшкіруші адам – «рақин» деп аталады» [2].

«Абай осыдан бірталай, ұзақ ауырды. Алғашқы күндер біреу – «ұшынған» деп, біреу – «соқпа» деп, тағы біреуі – «сүзек» деп, әртүрлі топшылағанмен, дәл басқан ешкім болған жоқ. Әсіресе, ем істелген жоқ.

Жалғыз-ақ, алғаш жығылған күннің ертеңінде, әжесінің бұйрығы бойынша, бір қартаң қатын, күн батарда Абайды далаға алып шығып, **жаңа сойған қойдың өкпесімен қақты**. Бетіне су бүркіп, үшкіріп:

– **Кет, бәлекет, кет! Көш, баламнан, көш!** – деп, батып бара жатқан қыпқызыл күнге қаратып қойып, бірдеме ем істеген болды. Ұшықтағаны еді»[2].

Қазақтарда ауырған адамнан ауыруды малға, құсқа, аңға көшіру деген болған. **Кет, бәлекет, кет! Көш, баламнан, көш!** деп сондай ырымды жасағанда ауыру адамнан малға көшіп, құлан таза айығады деп сенген.

Қазақ халқының арасында шаман атауына қарағанда **бақсы** атауы кең таралды. Бақсылар ислам діні таралғанға дейін ру-тайпалардың саяси-әлеуметтік өмірінде өте маңызды рөл атқарған. Олардың негізгі қызметі адам мен әлеумет өміріне қауіпті құбылыстардан аластау. Қауіптің бетін қайтару болған. Бақсылар өз ойыны арқылы ұжымда қордаланып қалған жағымсыз психикалық қуатты бейтараптандырып, әлеумет өмірін үйлестіріп отырған. Орталық Азия мен Қазақстанда ислам діні таралу барысында шамандық көне наным-сенімге шектеу болды. Бірақ ол жоғалып кеткен жоқ. Наным-сенімдер салт-дәстүр ретінде әлі де қолданылып келеді. Мысалы:

«Өзгеден бұрын бойын жиып алған тағы Байдалы болды. Ол әуелі оң жақ босағада тұрған күрең атқа кеп:

– Жануар-ай, иең кетіп тұл қалдың ғой, сен бейбақ! – деп, жақындап келді де **күрең аттың кекілін шорт кесті**. Содан құйрығынан алып, уыстап тұрып, дәл тірсегінен жоғары келтіре, **қалың құйрығын да борт-борт кесіп** алды.

Қара көк атқа да соны істеп, тұлдаған екі атты барлық осы өңірдің өзге жылқысынан бөлек түске кіргізіп қоя берді. Қара тіккен жерде ас берудің серті айтылды. Мынау тұлданған екі ат келесі жылға шейін мінілмейді. Қол тимей семіріп барып, жыл асқан соң иесінің асына сойылады.

Байдалы екі аттың артынан қарап тұрып:

– Қара көктің жал-күйрығы қара ғой. Қаралы ат осы болсын. Көшкенде ерімнің қаралы ер-тұрманы осыған ерттелсін, **тұлдаған киімдері** осы жануарға жабылсын! – деді. Бұл сөзі байлау еді» [2].

Түркілерде ата-баба аруағына табынуға үлкен мән берілген. Аруаққа табыну қазақтар арасында әлі де маңызды. Оның терең философиялық және рухани-адамгершілік мәні бар. Осы дәстүрдің арқасында жас ұрпақ ата-бабаларын құрметтеуге, өз халқының тарихын құрметтеуге тәрбиеленуде.

Үкі тағуға байланысты түрлі наным-сенімдер бар:

«Жұмағұл ауыл жаққа қарай түсіп:

– Әлі тұра тұр, басында үкің жоқ деп қиғылық салады! Тымағыңды көзіне қимесең, жақтан да ұрады. Екеуің бе? Ербол екеуің талай құқайды көресің. Не қыласың, тек ұсына бер!

Басқа үкі тағу – бар күйеудің әдеті. Ол ғана емес, қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу, бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын».

«Күйеу киімін киген Абай сол күні өзінің өзгеше қалпын **бақсы-құшнаштай** көрген» [2].

Үкі тағу туралы белгілі этнограф: «Бұрында үкі жын-перілерден қорғайды деген наным болған. Өйткені, ол түнде ұшады. Қараңғыдағы нәрселерді көре алатындықтан, жын-перілер одан қорқады деп сенген. Бұл ескі нанымдағы дүние. Батыр шайқасқа аттанғанда оның найзасына, қамшысына үкі тағып қоятын» [6]. Сонымен қатар үкі көз тиюден сақтайды деген де түсінік бар. Мәселен, кішкентай балаға, жүйрік атқа, төрт түліктің төліне, үйдің босағасына үкі тағып қоятын. Сонымен қатар құдалық дәстүрінде де қызға, үйленетін жігітке үкі тағу болған. Қазір үкіні қалыңдық таққанымен, күйеу жігітке үкі тағу сиреді. Үкіні концерттік киімдеріне әншілер жиі тағады. Ол сәнмен бірге көз тимейді деген сенімнен болса керек.

Әдебиеттер

1. <https://e-history.kz/kz/>
2. Әуезов М. Абай жолы. – Алматы, 1997. – 362 б.
3. Есім Ғ. Хакім Абай. – Алматы, 2002. – 206 б.
4. Ақатай С.Н. Қазақтың фольклорлық ұлағаты: энциклопедиялық анықтама. – Абай атын. Қазақ Ұлттық пед. ун-ті. – Алматы, 2011. – 368 б.
5. Уалиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1985. – 560 б.
6. Бопайұлы Б. Асыл қазына. – Алматы, 2002. – 233 б.

С. ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫДАҒЫ АБАЙ ДӘСТҮРІ

Ә.Е. Ертуған

*Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан
bekishova_aselek@list.ru*

В статье рассматривается творческая связь Абая и Султанмахмута Торайгырова на русле традиций и преемственности в казахской литературе. То, что Султанмахмут – великий поэт в казахской поэзии, продолжающий традиции Абая со своим собственным поэтическим стилем и уникальностью.

The article examines the creative connection between Abay and Sultanmakhmud Toraigyrov in line with traditions and continuity in Kazakh literature. The fact that Sultanmakhmud is a great poet in Kazakh poetry, continuing the traditions of Abai with his own poetic style and uniqueness.

Қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрі дегенде ғалымдар өлең құрылысына енгізген жаңалығын, поэзияға жаңа түр, жаңа ұйқас енгізуін ғана сөз етіп қоймайды. Сонымен бірге Абай шығармашылығын зерттеген әдебиетші, тілші ғалымдардың қай-қайсысы болса да Абайдың қазақ әдеби тілін, көркем әдебиет тілін дамытудағы орны мен қызметін де назардан тыс қалдырмаған. Абайдың қазақ ұлттық жазба әдеби тілінің негізін салушы екені – ғылыми дәлелденген шындық. Абайтанудың маңызды бір саласы Абай тілін зерттеу болып табылатыны даусыз. Соның ішінде Абайдың поэтикалық тіл дәстүрін қарастыру да маңызды мәселелер қатарынан орын алады.

Зерттеуші С. Негимов дәстүр және жалғастық туралы былайша ой тербейді: «Дәстүр, жалғастық деген бір-біріне жақын, төркіндес ұғымдар. Дәстүр дегенімізді шығармашылық өнерге қатыстыра айтқанда, жалғастық заңының түрі немесе бекерге шығаруды бекерге шығарудың өзіндік түрі...

Дәстүр жасампаздығының шарты – оның тұрақты динамикалығы, ылғи да түрленіп, жаңарып, үнемі творчестволық жағынан байитыны.

Дәстүрдің мән-мазмұнын ұғыну дегеніміз мазмұндағы өткен мен бүгінгінің бір-бірлерінің күрделі әсерін жіті, қырағы байқау.

Суреткер өзінен бұрын өткен өнерпаздық дәстүрлерді дамытады, олардың творчестволық өнердегі бағытын ұстайды. Бір жағынан бұрынғылардың көркемдік дәстүрін сабақтастырса, екіншіден, қазіргі өмір ырғағына, иірім-толқындарына, жағдайдың өзгеруіне тәуелді болып отырады» [1, 108].

Әдебиет тарихында есімі мен істері ел жүрегінде сақталар, ұлтымыздың мәдени-рухани дүниесін байытқан ақыл-ой алыптары мол. Солардың ішінде хакім Абайдан соңғы өмірінің әр кезеңі, әр жылы, тіпті әр күніне дейін зерделей зерттеп, ыждаһатпен қарап, барынша байсалды түрде баяндауды, көркем ой тереңіне түпкірлеп талдауды қажет ететін кемел сөз шебері – С. Торайғыров.

Ақын қазақ поэзиясындағы ұлы кемеңгер Абай дәстүрін ыждағаттықпен жалғастырады. Оның поэзиясы махаббат, көңіл күй, табиғат, саяси лирикаларына құрылып, оқырманның көңілінде хатталған. Б. Кенжебайұлы «Сұлтанмахмұт туралы» атты мақаласында: «Сұлтанмахмұт қазақ халқының ашынған ойын, мұңын, тілегін, аңсаған арманын, асыл сана-сезімін бойына сіңірген, қазақ халқының өмірі мен тұрмысын, әлеуметтік және рухани

бейнесін түгел қамтып жырлаған талантты ақын. Қазақ халқының Абайдан кейінгі реалист үлкен ақыны. Ол халықтың тұрмысын, салтын, мінезін, мүддесін, дәл, толық, шебер көрсетті» [2], – деп Сұлтанмахмұтты шынайы халық ақыны ретінде саралады.

Абай сияқты Сұлтанмахмұт та өз өлеңдеріне ән шығарған. Оның осындай «Шұбар қына», «Анау-мынау», «Мұның аты өш алу», «Ақ сәуле күміс жүзді, құндық қабак», «Шоқаңа», «Бақыт», «Жас жүрек», «Аһ, дүние!», «Қымыз», «Байлық», «Кедейлік», «Сөзден ұтып, дауда жеңіп, көңілім жай», т.б. отызға тарта ән өлеңдері болған. Оларды халық арасына таратушы әншілер – Кенжетай Айманов, Қарағыздың Әшімі, Кенебайдың Төлегені сияқты кісілер.

Сұлтанмахмұттанушы А.С. Еспенбетов 1993 жылы «Абай» журналының №7 санында жариялаған «Абай және Сұлтанмахмұт» атты мақаласында Сұлтанмахмұттың Абай поэзиясына, Абай тағылымына деген сүйіспеншілігін ақынның «Асыл сөз», «Арманым» өлеңдері, «Таныстыру» поэмасы негізінде талдаған. Сонымен бірге ол Абайдан соң жасаған ақындардың Абай жайлы бір ауыз сөзі болса-ақ, Абай шәкірттері қатарына қоса берудің ғылымға жат екенін жазады. Бұл орайда абайтану ғылымының М. Әуезов, М. Мырзахметов сынды зерттеушілерінің ғылыми еңбектеріндегі ой-тұжырымдарын тілге тиек ете отырып, Сұлтанмахмұт Абайдың тікелей шәкірті емес, «Абайдың ақындық дәстүрін ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде дамытушы, жалғастырушы қаламгер ретінде тану ғылыми ақиқатқа сай келеді» [3], – деген тұжырым жасаған. Ғалым мақалада Абай мен Сұлтанмахмұттың сөз өнеріне қояр талаптарының ортақ принциптерін Абайдың поэзия турасындағы өлеңдері мен Сұлтанмахмұттың «Өлең хәм айтушылар», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» мақалаларындағы түйінді ой-танымдарына өзара салыстыру жасау арқылы саралап, көрсетеді. Сөйтіп, Сұлтанмахмұттың Абай поэзиясынан алған өнер өрнегін қоғамдық күресте поэзияның халықтық сипаты тұрғысында өрістеткен қаламгерлік шеберлігіне тоқталады. «С. Торайғыров Абайдан нені үйренді? Ең алдымен, қоғамдық-әлеуметтік өткірлік, өмірлік сырларды шыншылдықпен түбірлей көтеру, қатыбас заманның күйрек қалпын сынау, адал адамгершілікке, өнер-ғылымға үндеуді қабылдады. Сондай-ақ, ол Абай туындыларын оқу үстінде кертартпа заманда аһ ұрып өткен тағдырлармен ұшырасты, өзінің де жүрегінде ұялаған арманын танытты.

Сұлтанмахмұт әдебиеттегі Абай дәстүрін жалғастырушы, онан әрі дамытушы дегенде біз оның қазақ поэзиясында өзіндік өрнегі, өзгелік тағылымы бар ірі ақын екенін ұмытпауымыз шарт.

Торайғыров ақынның ғажаптығы сонда ол ұлы Абайдың көлеңкесінде қалып қойған жоқ. Замана ұсынған көкейкесті, кезек күттірмейтін саяси-әлеуметтік тақырыптарды жырлауды жаңа дәуір бейнесін жинақтау негізінде Абай ұстанған бағытты ілгері жалғастыра отырып, өз дәуірінің озық тұлғасы болды» [51], – деген зерттеуші пікірі – осы ойының айғағы.

Сұлтанмахмұтты қатты толғандырған бүкіл адамзатқа ортақ мәселелердің, құбылыстардың бірі – ғылым жаңалықтарының ашылуы да сол жаңалықтардың әр елдерде әр түрлі мақсатқа қолданытуы. «Адасқан өмір» поэмасында да ғылым жаңалықтарына, сол кезде бүкіл дүние жүзіне мәлім болған Эдиссон мен Луи Пастер ашқан жаңалықтарға ақын көңіл бөлгені де

ғылым табыстары ел көркейтуге, кедейлердің мұқтажына жұмсалуды керектігін айтады. Поэма кейіпкері былай толғанады:

*Сыр тапам дуниеден ашылмаған
Әлі адамға білініп, шашылмаған
Тапқан сырым көркейтсе адам өмірін,
Алғыс айтып, кім имес басын маған.
«Дауа тапсам: дене ауру көрмес болса,
Қартайып, тозбай, адам өлмес болса
Қиынды оңай қылар жолын тапсам,
Жұмыстан адам бейнет көрмес болса.
Керегін жер анадан оңай алып,
«Аш қалам» деп көңілін бөлмес болса.
Күн бұрын келтірмейтін жолын тапсам
Шаруаны түрлі апаттар жеңбес болса.
Мысалы, мал қыратын түрлі аурудан
Себеп тапсам, еш зиан келмес болса
Суық, ыстық, сусыздың құрбанына
Ешқандай жан иесін бемес болса.
Ашылмаған сыр тауып менің де атым
Эдиссон, Луи Пастерға теңдес болса.
Бірақ бүгін ғылымның тапқандары
Пайдасын көрсеткен жоқ кедейге әлі». [4, 257].*

Сөйтіп, демократ ақын Сұлтанмахмұт ғылымның гуманистік мән-маңызы адам өмірін көркейтуге қолданылуы қажет деп біледі. Осы кезеңде жадидшілдік идеясы да бас көтергені белгілі.

Жалпы алғанда Сұлтанмахмұт өлеңдерінде адамның ішкі пиғылын іс-әрекеттері арқылы сырттай суреттеу жағы басым болып келеді.

Ақынның осы өлеңінде Абаймен үндестігі байқалады. Абай ақын «Заман ақыр жастары» өлеңінде жастардың мінез-құлықтарын сипаттай отырып:

*Күлміңдеп келер көздері,
Қалжыңбас келер сөздері.
Кекектеп секек етем деп,
Шошқа туар сөздері [5, 129], –*

деп тоғышарлық жолға түскен жастарды аяусыз сынға алса, Мақыш өлеңдерінде осы сыншылдық жалғасын табады.

Сұлтанмахмұттың осыған үндес, мазмұндас келетін өлеңдері де аз ұшыраспайды. Бұл өлеңінде ақын жастардың қымыз сату кәсібіндегі келеңсіздіктерді сөз етеді.

Бір қарағанда қазақтың қымызында өлеңге арқау болатындай ешқандай сонылық жоқ болып көрінседе, оның терең астарлы мәніне үңіліп, сөз қозғаған бірталай ақындарымыз бар. Мәселен, Абай өзінің «Осы қымыз қазаққа...» деп басталатын өлеңінде:

*Осы қымыз қазаққа,
Мақтаның ба, асың ба?
Қымыз, семіз дегенің,
Бір мақтан ғой жасырма [5, 244], –*

деп қымызды мақтан көріп лепіріп жүрген қазақтың даңғойлығын көрсетеді.

*Шат-бұт не қылсаң да сөзің дәмді,
Кісі жоқ бұ жиһанда сенен сәнді.
Қымызсыз маған салсаң, Аплатон бол,
Көрмесің сөзің тыңдар ешбір жанды [4,82].*

Бұл – Сұлтанмахмұттың «Қымыз» өлеңі. Ақынның түсінігінше, «қымыз – үстемдік құралы. Қымыз – әлеуметтік теңсіздік белгісі». Сондай-ақ Ахмет Байтұрсынов «Ақын ініме» өлеңінде қаламдас інісіне әзіл-қалжыңмен кеңес бере отырып:

*Аузымен орақ орып бәрін де етер,
Қымызды шара-шара сапыр, інім.
Ет пенен қымыз беріп сөйлеп көрсең,
Айтқаның жұртқа балдай татыр, інім.
Ақылың Аплатондай болса дағы,
Қымыз бен етің жоқ құр татыр білім, –*

деп қымыз арқылы мысқылмен астарлы ой бере отырып өлеңін тұжырымдайды.

Яғни, ақындар қымызды өлеңдеріне арқау ете отырып, өздері өмір сүрген қоғамның қатпар-қатпар сырын ашып көрсеткен. Сол арқылы шығармашылығының ұлттық сипатын айқындады.

Сұлтанмахмұт қашанда қайраткер ақын, ұлтжанды азамат ретінде ұлттық ой-сана көшбасшысы және жаңашыл ақын ретінде ерекшеленуі де заңды құбылыс. Сұлтанмахмұт Торайғыров поэзиясындағы жаңашылдық сипаттар оның өз дәуірінің үнін сол қоғам тынысына сай таныта білуіне, сондай-ақ, көркемдік ізденіс, стильдік өзгешелік, лирикалық асқақтық пен ақындық пафосты тұтастыру, жаңаша өлең үлгілерін қабылдауы, Абайдың ақындық дәстүріне сүйене отырып, өзіндік жаңашыл түр табуымен айқындалады.

Әдебиеттер

1. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. – Алматы, 2001. – 280 б.
2. Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұт туралы // Абай. – 1995. – №3. – Б. 28-39.
3. Еспенбетов А. Релистік поэма сипаты // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1993. – № 8.
4. Торайғыров С. Үш томдық шығармалар жинағы: 2-т. – Алматы, 2002. – 281б
5. Құнанбайұлы А. Екі томдық шығармалар жинағы: 2-т. – Алматы, 2005. – 249 б.

АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ» РОМАНЫНДА СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯЛАРДЫҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

А.Е. Ерланова, Л.С. Серекпаева

*Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қаласы, Қазақстан
Ayaulym_erlankyzy@mail.ru, serekraeva_laura@mail.ru*

В статье рассматривается отражение словообразовательного гнезда казахского языкознания в художественных произведениях. Для анализа был взят роман писателя Азилхана Нуршаикова «Истина и легенда». В частности, словообразовательная ячейка была проанализирована на примерах из художественного произведения с указанием определений и анализов, представленных в лингвистике.

The article considers the reflection of the word-formation nest of Kazakh linguistics in works of art. For the analysis were taken from the novel of the writer Azil Khan Nurshaikhov «truth and legend.» In particular, the word-formation cell was analyzed using examples from a work of fiction, indicating the definitions and analyses presented in linguistics.

Қазақ тілі ғылымы өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап эволюциялық дамуды бастан кешірді. Олай дейтін себебіміз лингвистикада фонетика, лексика, синтаксис сынды ғылымдардың теориялық базасы жаңа деңгейге көтеріле бастаған еді. Ғалымдардың бұл салаларға арналған дерегі, тұжырымдамалары негізделіп, диссертациялар, оқулықтар жазыла бастады. Яғни, бұл кезеңді – қазақ лингвистикасының «алтын дәуірі» деп атауымызға толық негіз бар. Біздің қарастыратын сұрағымыз бұл кезеңнен кейін қалыптаса бастады.

Сол ғасырдың 80–90 жылдары ғылымда, оның ішінде лингвистикада жаңа концепция қарастырылды. Бұл концепцияны ғалым Қ.Қалиевтің «Сөз тудыру – жеке сала» атты мақаласындағы мына бір пікірге тоқталу арқасында түсіне аламыз. Мақалада ғалым: «Сөз тудыру грамматикаға да, лексикологияға да қатысты екені даусыз, өйткені ол сөз жасау жағынан грамматикамен, сөздік құрамды толықтыру жағынан лексикологиямен ұштасып жатыр. Бірақ сөз тудыруды тек грамматикада болмаса, лексикологияда қарастыруда оның өзіне тән ерекшелігінен туатын аспектілері назардан тыс қалады [1, 59]

Әрине, бұл сала тікелей морфология һәм лексикологиямен тығыз байланысты қарастырылып келеді. Сөздің жасалу жолын бағдар ете, негізін сөздің семантикалық табиғатымен байланыстырған. Басқаша айтсақ, сөз жасалуының барлық құбылыстары мен құрылымын қарастырады. Бұл – зерттелуі әлі де болсын өзекті парадигмаларға толы лингвистикалық сала – «сөзжасам».

Сөзжасамның ғылым саласы болып, алғаш рет теориялық базасы зерттеле бастаған кезі 1989 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиямен тығыз байланысты. Аталмыш монографияда тілшілер сөзжасамның тіл білімінің жеке, дербес саласына жатқызып, сөзжасамның негізгі объектісіне сөз жасаушы тәсілдерді, сөз жасаушы тілдік нұсқаларды, сөзжасамдық типтер мен тізбектер, сөздің жасалу үлгілері, туынды сөздер мен олардың түрлерін, сөзжасамдық заңдылықтар мен сөзжасамның сөз таптарына жатқыза отырып, сөзжасам тілдегі сөз жасау процесімен байланысты, барлық

құбылыстар мен заңдылықтарды зерттейтінін көрсетті. Осы мәліметтер төңірегінде алғашқы мағлұматтар беріліп, тұжырымдар жасала бастады [1, 368]

Бұл салада: С. Исаев, Н. Оралбаева, Л. Жаналина, З. Бейсембаева, Б. Қосымовна, А. Салқынбай т. б тілшілер сөзжасамның жаңа концепцияларын зерттей бастады. Тың салаға құмар жас ғалымдардың өзі диссертацияларын сөзжасамға арнады. Басқада кедергілерге қарамастан осылайша жаңа сала – сөзжасам қазақ тіл ғылымына енген болатын.

Біздің тақырыпта қарастыратыны аталмыш саланың құрылымдық бір тармағы болып келгендіктен, сөзжасам лабораториясына алдымен тоқталуды жөн көрдік.

Сөзжасамның ғылым саласы ретінде қанаты қатая бастағанын оның құрылымдық бірліктерге жіктелуінен білеміз. Яғни сөзжасам жүйесіне байланысты болған тақырыбымызға тоқталамыз. Қазақ тілінде барлық құрылымдық бірліктердің гармониясының негізі – туынды сөзге тіреледі. Оны нысаны ретінде ғалымдарымыз қарастырып жүр.

Туынды сөзді ғалым, ұстаз А. Салқынбай осында анықтама беру арқылы түсінкті етеді. Ғалым: «...туынды сөз дегеніміз сөзжасамдық амал-тәсілдердің көмегімен түбірдің немесе негіздің, сөзтудырушы морфемалардың қатысуымен пайда болып, екіншілік мағынаға ие болатын жаңа денотаттық мағыналы сөз» [2,39]. Демек, туынды сөздің күрделі құрылымға ие. Ендігі дәл осы концепциядан сөзжасамның лексика-семантикалық құрылымдарына тоқталамыз. Яғни туынды түбір арқылы : сөзжасамдық тұлға, мағына, тип, үлгі, тізбек, тарам, ұя.

Ал біздің қарастыратын бірлік соңғысы, яғни «сөзжасамдық ұя». Оның көркем әдебиеттегі көрінісін дәлелдейміз. Ол үшін сөзжасамдық ұяның негізгі зерттеу нысанымен танысайық. «Сонымен, сөзжасамдық ұя дегеніміз – сөзжасамның негізгі ұғымы. Ол жаңа сөзжасамдарға негіз болатын, ортақ, өзек мағына қалыптастыратын сөздердің жиынтығы. Бір сөзжасамдық ұядан тараған туынды сөздердің мағынасында түбірдің мағынасы сақталады. Сөзжасамдық ұяның мағынасын айқындау арқылы сөзжасамдық тізбекті тану мүмкін болады. Мысалы, «Өк», «Бөл» деген сөзжасамдық ұялардан сөздің даму нәтижесінде мынадай туынды сөздер қалыптасқан: өк-өгіз-өгізше, өгіздей, өгіздік; өкір-өкіреш-өкірешдеу; бөл-бөлу, бөлшек, бөлік, бөлім, бөлек, бөлектену, бөлісу, бөлме, бөлтек, бөлке, бөлдек, бөлгізу, бөлгіш. Сөзжасамдық ұяның мағынасы туынды сөзбен салыстырғанда ауқымды әрі кең болады. Сөзжасамдық мағына осы сөзжасамдық ұяның мағыналық шеңберінде дамиды» [3. 65].


Анар Салқынбайдың пікіріне қоса, ұядағы сөзжасамдық жұптар негіз сөз бен туындыдан тұратындығын Л.К. Жаналинаның сөзжасамдық жұпқа берген анықтамасынан аңғаруға болады: «Словообразовательной парой называется объединение мотивированного слова на основе отношения формально-семантической выводимости, т.е. словообразовательной мотивации, с мотивирующим» [4, 154]. Мысалы, *бал – балшы, бал – балдай, бал – балды (ара)*.

«Көркем әдебиеттегі сөзжасамдық ұя кездеспейді» дегенге қарағанда, «әр сөйлем мен абзац сөзжасамдық ұяға толы» деп, айтуымызға толық дәлел бар. Сөзжасамдық ұя бір негізгі түбірден жасалған барлық туынды сөздерді толық қамтиды. Мысалға, айтатын болсақ, академик Ә.Т. Қайдаров өз еңбегінде бір буынды 1352 тірі түбір, 1352 өлі түбір келтірілген.

Жазушы, журналист Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» атты роман-диалогиясы өткен ғасырдың соңғы ширегінде халық арасын кеңінен танылды. Халық ықыласына бөленуінің себебіне батыр Баукеңнің ерліктері мен адамдық қасиеттері туралы жазылуы десек те, шымыр композиция, жүйелі сюжет, тың деректерге, жазушы тілінің шұрайлылығы қоссаңыз романның басты ерекшелігі айқындалады. Сөзжасамдық ұяға «Ақиқат пен аңыз» романынан мысалдар келтіріп, оның сөз жасау процесімен танысып көрейік. Көркем әдебиеттегі сөзжасамның орны сол сөздердің қолданылуына байланысты болып келеді.

Жоғарыдағы тұжырымды дәлелдей түскіміз келеді. Романда сөзжасамдық ұялар көрініс табады. Біз оны романда кездесетін қанатты сөздерден-ақ табамыз. Мысалы: «Ешқашанда ешкімді жамандама. Ең жаман деген адамның да өз жақсылығы болады» [5, 54].


Бұл жерде біз сөзжасамдық ұя ретінде «еш» сөзін аламыз. Оны дәлелдей түссек:



Бұл жерде *еш* негізгі сөзден тікелей алғанған *ешкім*, *ешқашан*, *ешбіреу*, *ештеңе* туынды сөздері 1-сатының туынды сөздері, 1-сатының төрт туынды сөздерінің біреуі – *ешкім* туынды сөзі *ешкімді*, *ешкімсіз*, туынды сөздерін жасаған. Дәл солай келесі сөздерге бұл заңдылық жалғаса береді.


Сөзжасамдық ұяның 1-сатысында орналасқан туынды сөздердің барлығы да негізгі сөздер болып саналады, өйткені олар түбір сөздердің негізінде жасалған. Мәселен, жоғарыда мысалда берілген *еш* түп негізден жасалған 1-сатыдағы *ешқашан*, *ешбіреу*, *ештеңе* туынды сөздері – негізгі сөздер. Ал егер осы 1-сатыдағы туынды сөздердің барлығы 2-сатыдағы туынды сөздер үшін негіз болатын болса, онда 1-сатыдағы туынды сөздер негізді және негіз болып табылады. Мысалы, 1-сатыдағы *ешқашан*, *ешбіреу*, *ештеңе* сөздері негізді сөз болады. Өйткені олар түбір сөзден жасалғандықтан, негізді де, ал өздері сөз тудыру үдерісіне қатысқандықтан, негіз сөз болып саналады және т.с.с. Ал ұяның соңғы сатысындағы туынды сөздер сөзжасамға қатыспағандықтан, олар негізді сөздер болып, ұяны аяқтайды.

2. «Қызға қатты күлудің қажеті жоқ, жігітке оның жымығаны да жетіп жатыр» [5, 96].



Романдағы диалогтерден мысалдар келтірсек:

3. «...Бірақ Уставтағы правоны дұрыстап пайдалана **білу** керек, жолдас лейтенант» [5, 10].



4. «Біз, солдаттар, Бауыржандай батыр, батыл болуға ұмтылдык. Бәріміз де Момышұлын бір көрсек, **тіл**дессек-ау деп арман еттік» [4, 10 б.].

Бұл жерде «тіл» деген сөзден: *тілім, тілші, тілім, тілгіз, тілдірт* сияқты сөздер тарайды. Жоғарыдағы заңдылыққа салсақ ары қарай 2,3 сатыға дейін ербіте аламыз.

5. «– Жүр, онда ана **бөлме**ге барып сөйлесейік, – деді Бауыржан, бұған сенерін де, сенбесін де білмегендей маған тесірейе қарап» [5, 15]. Тіл білімінде «бөл» сөзінен *бөлшек, бөлім, бөлме, бөлік, бөлектену, бөлісу, бөлке, бөлдек, бөлгізу, бөлгіш* сөздері жасалынған.

6. «Мен үлкен командирдің өзінен кіші командирлерді, соңынан қалмай қайта-қайта өкшелей бергенін ұнатпаймын» [5, 21]. Бұл мысалда «өк» сөзін былай талдасак: *Өк – өгіз-өгізше, өгіздей, өгіздік; өкір-өкірейш-өкірейдеу;*

Сонымен, қорытындылай келе, сөзжасамдық ұяның жасалу жолын, сөзжасам ғылымының лингвистикадағы орнын айтып өттік. Жазушы шығармасында сөзжасамдық ұяларды ұтымды қолдана білген. Жоғарыда келтірген мысалдарда кейде бір ұядан тараған сөздерді бір сөйлемде-ақ тиімді қолданса, келесі сөйлемінде ұядан тараған сөздердің екінші не үшінші сөзжасамдық сатыларды қолданған. Сөзжасамдық ұя ұғымын жақсы меңгерген оқырманның романның мысалдарды бірден таба алатынына сенімдіміз. Осы тұста жазушының шеберлігін де атап өткен жөн.

Бұл жерден аңғарғанымыз, сөзжасамдық ұя барлық сөздерге тән еместігі. Яғни сөзжасамдық ұя болу үшін сөз сол түбірдің өзі мағынасын өзгертпестен формалар жалғануы арқылы туынды сөздер жасауы қажет. Сөзжасамдық ұяның теориясына байланысты ол тізбекке, тарамға ұқсамайды. Оның өзінің жеке ережесі бар, концепциясы бар.

Әдебиеттер

1. Оралбай Н., Құрманәлиев К., Балтабаева Ж. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2014. – 288 б.
2. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект): Монография. – А., 2003.
3. Бейсембайқызы З. Сөзжасам пәнін модуль бойынша оқыту. – Алматы, 2000.
4. Жаналина Л.К. Сопоставительное словообразование русского и казахского языков. – А., 1988.
5. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. Роман-диалог. – А.: Атамұра, 2004. – 400 б.

**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ТУҒАН ЖЕРІМ – САСЫҚКӨЛ»
ӨЛЕҢІ: ТЕКСТОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ АҚПАРАТ**

А.Е. Ерланова, Д.К. Кенжеалиев

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан

ayaulym erlankyzy@mail.ru

daniar_kenzhalov@list.ru

В статье дан текстурально-поэтический анализ стихотворения Магжана Жұмабаева «Туган Жерім – Сасықкөл». В стихотворениях поэта анализируются стилистические особенности, сочетание темы и содержания, эстетическая информация.

The article contains a textual and poetic analysis of the poem by Magzhan Zhumabaev «Tugan Zherim – Sasykkol». The poet's poems analyze stylistic features, a combination of theme and content, aesthetic information.

Ақынның атақонысы туралы толғанысына құрылған бұл өлең алғаш рет 1912 жылы Қазан қаласында «Шолпан» жинағында басылды. Кейін 1923 Ташкентте шыққан жинақта қайта жарияланады. Бұл аталған жинақтар араб әліпбиімен басылған болатын. Ақынның аталмыш өлеңі 1989, 1995 жылдары Егемендіктің алғашқы жылдарында жарық көрген жинақтарына енді. Осы жинақтардағы өлең мәтініндегі кейбір сөздердің өзгеріп отырғанын көреміз. «Шолпан» жинағында екінші шумақтың үшінші жолы:

Көз салып *ернеуіңе*, мұңға батып, болса [1, 12], 1923 жылғы Ташкент нұсқасында: Көз салып *жалтырыңа*, мұңға батып [2, 33], – деп өзгертілген. Ташкент басылымында алтыншы шумақтың үшінші жолы: Назданып, жүйрік мініп, тарлан *жуып*, делінген. Кейінгі нұсқаларында бұл жол: Назданып, жүйрік мініп, тарлан *шүйіп*, болып өзгертілген. 1995 жылғы нұсқасы бойынша осы *шүйіп* сөзі алынады [3, 102]. Енді осындағы сөздердің мәніне үңілсек, «шүйіп» сөзі – *жоғарыдан төмен қарай құлдилап, сорғалай түсу, шүйлігу* [4, 928], деген мағынадағы шүйлігу. Яғни қыран құстың шүйлігуіне салыстырмалы түрде алынып отыр. Тарлан аттың қыран құстай шүйлігуін құбылтқан. Бұл құбылту қазақ тілінде «халықтық сипат» алған дәстүрлі метафора (Б. Хасанов).

Сонымен қатар «*қайран көл*» («Шолпан» жинағында), «*көксілдер*» (1989, 1995 жылдарғы басылымдарында) деген сөздер 1923 жылғы нұсқа бойынша тиісінше «*айдын көл*», «*көкселдір*» болып өзгертілді.

Мағжан Жұмабаев алғашқы өлеңінен бастап әлеуметтік тақырыпқа ден қойып, ағартушылық, ұлт-азаттық, демократияшыл бағытты ұстанды. Батыспен Шығыстың рухани қазынасын сабақтастыру негізінде қазақ поэзиясын тақырып, түр мен мазмұн жағынан байытты.

«Туган жерім – Сасықкөл» деген өлеңінде патшаның отаршылдық саясатына қарсы жаза бастайды. Өлең жанры жағынан лирикалық шығармаға, соның ішінде туған жер тақырыбына арналған.

Айдын көл ата қоныс, құт болған көл.

Сусын боп, сұрағанға от болған көл.

Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта,

*Бейне бір сенің басың сот болған көл.
Білмеймін не боларын қайран көлім?
Жарайды тең болмаса күн мен түнің,
Итиіп қара шекпен келіп қонса,
Басыңнан құсың ұшып, кетер сенің [3, 102], –*

деп туған жерінің зарын зарлайды, туған жерге деген сағыныш сезімін төгілте отырып, тарихта болып жатқан оқиғаларды, өзгерістерді өлеңмен ішкі толғанысын жеткізеді. Яғни, отаршылдық тарихы. Жерден айырылу зауалын алдымен тартқандардың бірі – терістік өлке. Ақынның туып өскен жері.

Өлең контрастқа құрылған. Қазақтың кешелі, бүгінгі өмірін бір-біріне қарсы қойып жырлайды. «Алыстан мұнарланып шалқыған көл, Бетінде күннің нұры балқыған көл» деп, жағасында ойнап асыр салған балаларды, жалтырына көз салып тәтті мұңға батқан ғашықтарды, күліп-ойнаған құрбыларды, «сапырып сары қымыз ертеңді-кеш, басында кеңес құрып» дуылдасқан үлкендерді тамашалай келе, соңғы шумағында басқа күйге ауысады. Үстіңе мұзды су құйғандай қалтыратып жібереді.

*Білмеймін не боларын, қайран көлім,
Жарайды тең болмаса күн мен түнің.
Итиіп қара шекпен келіп қонса,
Басыңнан құсың ұшып кетер сенің [3, 102].*

Осы суреттерден ойың шынында да шартарапқа жүйткіді. Нешеме саққа кетеді. Жері азайған соң, қазақтың малы азайды. Малы азайып еді, жаны азайды. Зар илеген ел ахуалы арқасына аяздай батпаса, жап-жас жігіт мұндай мұңды өлең туғызар ма еді, туғызбас па еді.

Өлеңдегі интонация – туған жерге деген сағыныш сезімі.

Қуандық Мәшһүр-Жүсіп өзінің «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» атты монографиясында Мағжан өлеңдерін талдай отырып, ақынның лирикалық қаһарманына былайша анықтама береді: «М. Жұмабаевтың лирикалық қаһарманы көбінесе асқан мықты болып алынады десек, ол шеккен қиындықтың кесек екендігін алдымен діттеген жөн. Өмір ауыртпалығын жеңілдетпеу арқылы лирикалық қаһарманды алып айқасқа әзірлеген ақын тосқауыл атаулыны түйіндеп, шартты образ түрінде алады. Бұл жинақтау, шарттылық зобалаң атаулыны көзге көрінерлік. Назар аударарлық етіп зорайтуға бастайды» [5, 211]. Аталмыш өлеңде де лирикалық қаһарман сағыныш сезіміне малынып, шығарманың өн бойынан көрініс табады.

Өлең құрылысына байланысты 9 шумақтан, 4 тармақтан құралып, қара өлең ұйқасына негізделген. Әдепкі аяқталу сақталған. Автордың көріктеу құралдарын қолдануы бойынша айтарымыз: «Саф күмістей» деген теңеуді қолдануына таң қаласың. Ақ көбікті сай күмістей деп сипаттайды.

Синтаксистік, интонциялық фигуралардың сөйлемде көрініс табуы бойынша: әрбір тармақтың соңында «көл» сөзі қайталанып отырып, өлеңге өзгеше бейнелілік сыйлаған. Яғни, автор бірінші, екінші, төртінші тармақтарды көл сөзімен аяқтай отырып, эпифораны өте сәтті қолдана алған. Мысалы:

*Алыстан мұнарланып шалқыған көл,
Бетінде күннің нұры балқыған көл.
Жарысып саф күмістей ақ көбігін,
Мап-майда мөлдірінде қалқыған көл [3, 102].*

Ақын суреттеуінде көл біресе «шалқыған көл», «балқыған көл», енді бірде «қалқыған көл», «ойнаған көл», «мұңға батып, ойлаған көл» болып, қарапайым сөздерді ұйқасы жағынан бір-біріне сәйкестіндіре отырып қолдануы арқылы өлеңге бір әдемілік жағынан ерекшелікті көрсетіп тұр. Осындай сөз тіркестерімен ақын көз алдымыздан көлдің сұлбасын өткізіп жатқандай болады. Және де жансыз емес, жанды көл, ойнаған әрі тоймаған, мұңға батып ойланған әрі шулаған, тулаған көл. Жансызға жан бітіре суреттеу қазақ әдебиетінде Абайдан бастау алды десек, жалғасын Мағжанның өлеңдерінен таба аламыз.

Ақын өлеңде «ақбоз үй» және «айдын көл» деген эпитетті сөз тіркестерін қолданады. Мысалы:

*Айдын көл, ата қоныс, құт болған көл,
Сусын боп сұрағанға, от болған көл.
Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта
Бейне бір сенің басың сүт болған көл [3, 102].*

Жалпы, Мағжан шығармаларында от, жан концептісі өте жиі әрі сәтті қолданылған. Осыған қарай отырып, ақынды асқақ, жалынды, өршіл ақын деп айтуымызға болады.

Тұрақты эпитет болса да, осы шумақта «айдын көл» тіркесі көлдің сұлулығын арттырмаса, кемітпейді. Сөз соңында қолданылған эпифораның яғни, көл сөзімен өз ара үйлесім тауып, бояуды нәрлендіріп тұр.

Ақын өлеңдерінің тақырыптарының бірі – ел мен жер тақырыбы. Лирикалық қаһарман өлең соңында уайымға батып, отанының болашақтағы тағдыры жайында сөз қозғайды:

*Білмеймін не боларын, қайран көлім,
Жарайды тең болмаса күн мен түнің.
Итиіп қара шекпен келіп қонса,
Басыңнан құсың ұшып кетер сенің, –*

деп мұнайса да, ақын лирикалық қаһарманын мүлдем сары уайымның түбіне батырып жібермейді. Лирикалық қаһарманның санасында әлі де болашаққа деген жаңа көзқарас, жаңаша серпін бар екенін шығарманың өн бойынан байқай аламыз. Осындай көзқарасты Мағжанның барлық өлеңдеріне тән айтуымызға болады.

Өлең солғын эфвониямен, төрт страфикалы (төрт тармақты), қара өлең ұйқасына негізделіп, силлабикалық жүйеде түркілік дәстүрмен жазылған.

Түйіндегенде Мағжан Жұмабаевтың «Туған жерім – Сасықкөл» өлеңі ақынның шоктығы биік туындыларының бірі. Өлеңдегі лиризм, авторлық

ұстаным, контрастық құрылым, эстетикалық ақпарт – барлығы тоғысып келіп ақын бойындағы шығармашылық қуат пен шынайы таланттың биік өлшемін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Мағжан Жұмабайұлы. Шолпан. – Қазан: Борадаран Каримовтар мәтбуғасы, 1912. – 30 б.
2. Жұмабайұлы Мағжан. Өлеңдері. Ташкент: Ибрагимов баспаханасы, 1923. – 42 б.
3. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1995. – 328 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
5. Жүсіп. Қ. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Монография. – Павлодар: ЭКО. – 358 б.

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҚҰДА ТҮСУ ДӘСТҮРІНІҢ КЕЙБІР КӨРІНІСТЕРІ

М.М. Жақып, М.И. Оразханова

*Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан
margulan.7777@mail.ru, maigul7777@mail.ru*

В статье рассматривается одна из древнейших казахских национальных традиций – сватовство, которое описано в казахской прозе. Авторы анализируют традицию сватовства и ее некоторые обряды в казахской литературе. Литература – средство воспитания. В статье отмечается роль и этнопедагогическое значение обычаев в художественной литературе. Также особое внимание уделяется особенностям традиции сватовства в казахской прозе.

The article examines and analyzes in its own way how one of the oldest Kazakh national traditions – kuda tusu-was reflected in Kazakh literature, or rather, in prose. The authors seek to define and show the tradition of matchmaking and some of its rituals in Kazakh literature. Literature is a means of education. The article notes the role and ethno-pedagogical significance of customs in the literature. Special attention is also paid to the specific features of the matchmaking tradition.

Ұлттық салт-дәстүр – қоғамның мәдени, рухани, адамгершілік қарым-қатынасындағы ең қымбат байлық. Әдебиеттің атқаратын орасан зор қызметімен ештеңе де теңесе алмайды. (С. Әшімбаев). Оның ұрпақ тәрбиесінде де алар орны ерекше. М. Жұмабаев ұрпақ тәрбиесін халықтық педагогика тұрғысынан ұйымдастыруды көздейді. «Халқым қандай десең салтымнан сынап біл» дегендей салт-дәстүрлерден ұлттың мінез-құлқы, дүниетанымы, даналығы, даралығы, шешендігі мен танымдық, этникалық көзқарастары көрінеді. Халқымыздың рухани мәдениеті, салт-дәстүрлеріне қалам тартқандар Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов, Ә. Бөкейханов, Х. Арғынбаев, Х. Досмұхамбетов, Б. Уахатов, Н. Сәрсенбаев және т. б. Ғалым Н. Сәрсенбаев «Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» деген зерттеу еңбегінде дәстүр деген ұғымды екі түрлі мағынада қолданатынына тоқталған. Біріншіден, дәстүр – халыққа кең тарап, терең сіңген әдет-ғұрыптарды және басқа тұрмыстағы тұрақты тәртіп түрлерін айтса, екіншіден дәстүр – ғылымдағы, саясаттағы, әдебиет пен өнердегі аса көрнекті қайраткерлердің атымен байланысты, халыққа көп тараған бағытты айтады [1, 128].

Қазақтың көптеген салт-дәстүрлерінің ішінде ежелден келе жатқан дәстүрлердің бірі – құда түсу. Құда болудың бірнеше түрлері бар. Егер екі адам достықтарын әрі қарай туысқандықпен жалғастырғысы келсе, балалы болмай тұрып, бір-бірімен құда болуға серттеседі. Мұндай құдалықтың түрін «белқұда» деп атайды. Ал егер екі сәбиді жастайынан атастырып, жігіт ержетіп, қыз бойжеткенде ұл жағы құда түсіп келсе, мұны «бесік құда» деп атайды. Бесікқұда тек қазақ халқына ғана тән нәрсе емес. Оның Орта Азия халықтарының көбінде болатындығын Н.А. Кисляков атап көрсеткен. Қай халықта болсын бесікқұда болудың мән-мағынасы қазақтар арасындағы құдалықтың бұл түрінің мазмұнымен түгелдей үйлеседі [2, 109]. Құдалықтың тағы бір түрінде қыз бен жігіттің келісімінен соң жігіт жағы қызға сырға салып, құда түседі. Құдалар саны мен алып баратын қалың мал мөлшері әр жердің өз салтына байланысты. Қалыңмалдың мөлшері жөнінде орыс ғалымы А.Левшин өзінің «Қырғыз-қайсақ (қазақ) ордалары мен даласының сипаттамасы» атты еңбегінде: «...қалыңмал мөлшері екінші не үшінші әйел үшін әдеттегіден артық төленеді, демек бірінші әйелден екіншісі, екіншіден үшіншісі қымбатқа түседі... Қалыңмалдың тұрақты мөлшері болмайды. Кедейлер арасында бір-екі ірі қара, 5–6 қоймен ғана шектелсе, ірі байлар арасында 200 жылқы немесе 500-ден 1000-ға дейін қой және әр түрлі дүние мүлікпен, күң мен құл алысуға дейін барады» – деп жазған.

Алғашқы қазақ романы «Қалың малда» Тұрлықұл байдың бәйбішесі қайтыс болған соң билерімен ақылдасып, Итбайдың қызына құда түспекші болады. Құдаласуға Тұрлықұлдың жақын ағайыны Әбішті жанына ауылдан бір кісі ертіп Итбай ауылына жібереді.

Бұлайша бата қылысқанның артынан Әбіш:

Мен біржолата құда түсіп кеткім келеді, Итбай сен де бай кісі емессің, топ жинап тәрбие қылатұғын, біздің бай да жалғызілікті адам, ерсілі-қарсылы опыр-топыр қыла беруге оның да уақыты келмейді, бұл ұнай ма, Әмеке, Жәмеке? – деді. Итбай:

– ... Олай болса бүгін үйге қонып, ертең сәрсенбіге біржолата құда түсіп кетіңіздер, – деді. Отырған кісілер құда-құда, сіз, бізбен үйге кірісті [3, 12-13]. Осылайша көзін ақшаның шелі басқан Итбай қалың малға қызығып, Тұрлықұл шалмен құдаласып, мал алуға даярлана бастайды.

Автордың бұл романды жазудағы бір себеп: қазақ әйелдерін теңсіздікке, қорлық-зорлықта тұтып, малға теңеген феодалдық салтқа қарсы күрес жүргізу еді.

Құдалықтың бар жөн-жоралғысы, ырымдары мен дәстүрлері молынан көрініс тапқан шығарма – М. Әуезовтің «Абай жолы» романы. Сондықтан қазақтың ұлы ғалымы Қаныш Сәтбаев: «Егер сен XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ халқының өмірін, тіршілігін, тарихын, әдет-ғұрпын білгің келсе, М. Әуезовтің «Абай жолын» оқы. Ол – шын мәніндегі энциклопедиялық шығарма» – деп баға берген. Шығарма желісі бойынша он жыл бұрын Құнанбай дәулеті өзімен теңдес Алшынбай ауылына келіп құда түсіп, Ділдәні Абайға айттырған. Енді қызды алып кету қамын жасауға кіріскен.

Құнанбай енді Ұлжанның басқа екі баласы туралы да жаңалық айтты. Оның біреуі – Тәкежан туралы, былтыр ұрын барып келген Тәкежан енді осы

жақында үйленбек. Қайны болса, бар малын алған. Енді несіне созады? Соның оотауы түссін. Екінші, әсіресе, осы отырған барлық үй ішіне шынымен үлкен кам болатын нәрсе – Абайды қайындату. Құнанбай осы жолы Алшынбаймен уәделесіп келіпті. Осы көктемге байласыпты [4, 193]. Құнанбай үшін Алшынбайдың орны бөлек. Адал достықты, шын пейілді солардан көргенін айтады.

Байлаған байлауын көп ырғап, көп көпсіте бермейтін Құнанбай сол жерде баратын кісілер жайын, апаратын аяқты мал, жыртас жайын, ақша, бұл, күміс қазына жайын кесіп-кесіп өзі айта бастады [4, 194]. ...Құдасының ауылына Ұлжан отыз шақты кісімен келген. Дағды бойынша Ұлжан бастаған үлкендер құданың аулына күйеулерден бір түстік бұрын келіп түсті. Еркектердің үлкені – қазіргі бас құда Ызғұтты. Содан басқа әлденеше ақсақал, әнші жігіттер, атшылар бар [4, 196]. Бас құда – бір-бірімен қыз алысып, қыз беріскен құдалардың ішіндегі әулеттің үлкені, күйеу жігіттің, қалыңдықтың әкесі немесе аталары, яғни құдалардың үлкені болып келеді.

Романның «Өрде» деп аталатын тарауында Абайдың қайын жұртына «ұрын баруы» және «ұрын тойының» көріністері байқалады. Ұрын бару – күйеудің алғашқы рет ресми түрде қалыңдық көру мақсатымен қайын жұртына баруы, ал қайын жұрты оның сапарын «ұрын келу», осыған байланысты жасалған той-думан «ұрын той» деп аталған. Үйге келген күйеулерді бөлек үйге енгізіп, шымылдық артында ұстайды. Күйеуді көріп, бата беруге келген үлкендерден күйеуді қарсы алған қыз-жеңгелері көрімдік алады. Көрімдік алған жеңгелері шымылдықты ашып, күйеуді көрсетеді. Көруге келгендер ақ тілектерін айтып, шашуларын шашады.

Абайлар Алшынбай ауылының тұсына бір шақырымдай жер қалғанда, иіріле тоқтады. Осыдан былай толып жатқан күйеу дәстүрі басталатынын мойынға алып, Абай Ерболға:

– Осы үйлену деген ата-анаға да, жастардың өзіне де қуаныш қой. Солай емес пе? Ал ендеше, сол қызығына жеткенше күйеу мен қалыңдықтың жолына ырым-жырым, әдет-дәстүр деп неше алуан құбыжықтар қоятыны несі? – деді. [4, 196]. Бұл ұрын тойда «неке қию», «қол ұстату», «шаш сипар», «есік тартар» сияқты жоралғылар жасалды.

«Құдалық белгісі – киіт, қоныс белгісі – бейіт» деп дана халқымыз айтып өткендей, құдалықтың басты кәдесі – киіт және олардың арасында жүретін, соғанлайықталған сый-сияпат, мал-мүлік. Ол құдалар дәрежесіне, дәулетіне байланысты әртүрлі болып келеді.

«Жақып жиренше, Оспан, Ғабитхандар болып Бөжей ауылына барып, құда түсіп, кит киісіп қайтқан» [5, 423] деп эпопеяның мына бір тұсынан құдаласуды байқаймыз. Бұл жиында құдалықтың бар ырымдары жасалды: қалыңмал, құдаларға жасалатын сый, құрмет, құда-құдағилар сыбағасы және т. б. Романда салт-дәстүрлерден басқа, бүкіл жұртымыздың психологиясы мен ұлттық мінезін көрсететін сәттер молынан кездеседі. Шығармадағы салт-дәстүрлер мен ырымдардың көбісі қазіргі күні ұмыт қалған.

Жігіт ержетіп, қыз бойжеткен соң екі жасты қосу «құда түсу» арқылы жасалады. Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасында ескі салт бойынша Шегір руынан шыққан Жарылқап деген байдың баласына Үбиан жастайынан

атастырылып қойған. Яғни әкелері «белқұда» атанған. Қыз қарсы болса да, уәде орындалып, үйлену дәстүрінің барлық дерлік көріністері (той жабдығы, құда түсу, ұрын келу, қыз ұзату, қоштасу, беташар, неке қияр, жар-жар) орын алады. «Базар күні еді, Аюбайдың ауылынан жиырма шақты адам келді. Сөз бастары, жөн бастар, жол сілтері Аюбайдың немере ағасы Онғарбай деген ақсақал екен. Қонақтардың құрметіне мал сойылды. Бүкіл ауыл барын құдалардың алдына тосып, аяғынан тік тұрып күтіп жүр. Барлық сый-сияпаттан соң, екі ауылдың игі жақсылары тізе қосып отырып бата алысты. Қонақтар атшапан алып, көңілді аттанды. Бір жұмадан соң бізді Аюбайдың ауылы шақырыпты. Құдалар қалыңмалдың бір бөлігін бермек екен. Әкем бұл жолы барған жоқ. Он шақты ауыл жігіттерін қасына ертіп көкем кеткен. Ертеңіне олар бес жылқы, екі өгіз, отыз қойды алдарына салып келді. Оның үстіне әрқайсысына жекелей сый-сияпат көрсетіпті» [6, 99-100].

Салт-дәстүр – халқымыздың бейнесі, рухани мәдениетінің түп қазығы. Сан ғасырлардан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрдің әртүрлі тұрмыс-тіршіліктерге байланысты қолданылған сипаттары да толып жатыр. Оның түрлерін жеке-жеке санамалап шығу мүмкін емес. Халықтың тегі мен ділін анықтау үшін дәстүр-салты мен сөз өнерін зерделеу жеткілікті. Ал көркем шығармалардағы дәстүрлер көрінісінен сол замандағы қазақ қоғамы, мәдениеті мен ондағы шындық, талас-тартысты байқаймыз. Бұрынғы және қазіргі салт-дәстүрлерді өзара салыстыруға мүмкіндік аламыз. Қазақтың ұлттық тәрбиесінің алтын дінгегі – оның салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы деп нық айта аламыз.

Әдебиеттер

1. Абуова А.С., Ерболатова А.М. «Заманауи Қазақстан мәдениетінің ұлттық құндылықтарын сақтау және дамыту» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конф. материалдары. – Орал. – 2017. – 191 б.
2. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы: Қайнар, 2005. – 216 б.
3. Көбеев С. Қалың мал: роман. – «Қазақтың 100 романы» сериясы. – Алматы: Жазушы, 2011. – 464 б.
4. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. I кітап: Абай. – 320 б.
5. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 1990. II кітап. – 468 б.
6. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы: Жазушы, 1975. – 384 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖИІ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ж.Ш. Калымова

№2 ЖОББМ, Павлодар қаласы, Қазақстан
kalymova_1965@mail.ru

В статье говорится, что на сегодняшний день одной из главных целей казахстанской образовательной реформы, направленной на создание конкурентоспособного образовательного пространства, является создание возможностей для развития творчества учащегося с опорой на инновационные технологии. В ходе обучения казахскому языку подчеркивается важность выражения учащимися мнения, грамотной устной, письменной речи, правильного

общения с другими представителями общества, т. е. формирования коммуникативных навыков, необходимых каждому человеку.

The article says that today one of the main goals of Kazakhstan's educational reform, aimed at creating a competitive educational space, is to create opportunities for the development of students' creativity based on innovative technologies. In the course of teaching the Kazakh language, the importance of expressing students' opinions, competent oral and written speech, proper communication with other representatives of society, i.e. the formation of communication skills necessary for each person, is emphasized.

Қазіргі жаңа білім мазмұнына көшу жағдайында мектептердегі білім сапасы мен оқулық мәселесі аса өзекті болып отыр. Биылғы Тамыз конференциясында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мәселені қоғамда ашық талқылауға қозғау салды. Ал Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов оған ерекше назар аударды. Қазір бұл мәселе қоғамдық ортада кеңінен талқылануда. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті, тарих пен Қазақстан географиясы, қазақ өнері мен музыкасы сияқты ұлттық сипаттағы пәндердің оқытылуы ерекше алаңдатады» дей келе, К. Матыжанов нақты жағдайды талдап, оны жақсартудың жолдарын ортаға салуға шақырды. Халқымыздың саны өскен сайын қазақ тілінде оқитын балалардың саны да өсіп келеді. Мәселен, екі жарым ғасыр бұрын қазақ тілінде оқытатын бір ғана мектеп болса, 2018 жылы елімізде қазақ мектептері 3797-ге жеткен.

Демек, қоғамдағы қарқынды даму қадамдарының жыл сайын жаңа өмір салтын құруына орай, мектеп мұғалімдері де орын алған өзгерістерді дұрыс қабылдап, өз әлеуетін көтеруге ұмтылуы қажет.

Мектептің тұтас педагогикалық үрдісі осы мүмкіндіктерді дамытуға септігін тигізеді.

Бүгінгі күні бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі инновациялық технологияларға сүйене отырып, оқушының шығармашылығын дамытуға мүмкіндік жасау.

Педагогикалық технология ұстаздар мен оқушылардың аз ғана күш жұмсап, ең жақсы нәтижелерге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталады[2].

Ақпараттық технология ұғымын ғылыми айналымға енгізген ғалымдардың бірі В.М. Глушков «ақпараттық технология-ақпарат өңдеумен байланысты ұғым» – деп дәлелдеген [3].

Қазақстандық ғалым С.М. Кеңесбеков «Білім беруді ақпараттандыру білім беру саласының теориясы мен практикасына ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты пайдалану және оқыту мен тәрбиеде оның психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктерін қолдану үрдісі» -деп айтқан болатын. Біз қарастырып отырған қазақ тілі сабағында жаңа технологияларды қолдану оқушылардың төмендегі мүмкіндіктерін ашады:

- Коммуникациялық қабілеттерін дамыту;
- Ақпарат көздерімен жұмыс жасау;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Оқу үдерісіне белсене қатысу;

- Оқу мотивациясын арттыру;
- Ақпараттық қоғам жетістіктеріне жақындау [4].

Педагогикалық әдебиеттерде оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланыста қолданылады. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру.

Қазақ тілі сабағында кеңінен қолданылып жүрген технологиялардың бірі – деңгейлік оқыту технологиясы. Бұл технология оқушылардың ізденушілік, өзіндік жұмыс істеу, білімді сапалы қабылдау, шығармашылықтарын арттыра түсуге бағыттайды, мәселені тиімді шешудің жаңа мүмкіндіктерін анықтайды.

В.П. Беспалько оқу материалын меңгерудің 4 деңгейін ұсынады:

1-деңгей базалық деңгей ретінде қабылданған. Бұл міндетті деңгей болғандықтан барлық білім алушы тапсырманы толық орындауы тиіс.

2-деңгей Қосымша мәліметтер алғашқы деңгейде алған білімді одан әрі кеңейтіп, тиянақтайды, негізгі мазмұнын нақтылайды, ұғымдардың не үшін, қалай қолданылатынын көрсетеді. Бұл деңгейде өтіп кеткен материалды білім алушы талдап, бұрынғы тапсырмаларға ұқсас орындайды. Бірақ бұларды орындау үшін алған білімдерін түрлендіріп пайдалану керек.

3-деңгей Өз бетінше жұмысты қалыптастыру мақсатында білім алушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген қарапайым білімдерін жетілдіріп тереңдетеді. Жаңа білімді талдау, жинақтау, салыстыру арқылы меңгеруіне, қорытындылай білуіне жол ашылады. Бұл деңгейде ребус, сөзжұмбақ, анаграмма құрастырады.

4-деңгей Бұл деңгейде берілген тақырып бойынша өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады. Реферат, баяндама, өлең, жұмбақ, жаңылтпаш құрастыру тапсырмалары беріледі [5].

Оқушыны деңгейге бөліп оқыту барысында мұғалім оқушыларға әртүрлі тапсырмалар ұсынады. Ол оқушының қабілетіне қарай іріктеліп жасалады. Бұл технологияның ерекшелігі оқушы ақпаратты өз бетімен өңдейді, талдайды және шешім қабылдайды.

Қазақ тілі сабағында жиі қолданылатын технологиялардың бірі ойын технологиясы. Оқушылардың тілдік дағдысын қалыптастыру барысында грамматикалық ойындар қолданылады. Ойын технологиясы оқушының іскерлік қасиетін қалыптастырады. Әртүрлі грамматикалық тапсырмалар арқылы ойын сюжеті құрылады. Ойын оқушының тез ойлай білу дағдысын қалыптастырады. Ойын шарты алдын-ала белгілі болғанмен, ойын барысындағы күтпеген жағдайларда оқушы тез шешім қабылдай білуге жаттығады.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың пікір айту, ауызша, жазбаша сауатты сөйлеу, қоғамның өзге өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас жасау, яғни әрбір адамға керекті коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мәселелерін шешу маңызды.

Тіл арқылы қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, болмысы танылады. Мәдени мұраларды меңгеру арқылы

оқушылардың эстетикалық талғамы мен мәдени болмысы қалыптасады. Мәдени мұраларды игеру, әрине тіл мүмкіндіктері арқылы жүзеге асады.

Тіл -ұлт пен ұлттың, мемлекет пен мемлекеттің, адам мен адамның ара қатынасының негізгі құралы болып табылады. Сондықтан да мектепте қазақ тілін оқыту маңызды. Ол интеграциялық пән ретінде барлық ғылымдардың тоғысында дамиды. Қазақ тілін жаңа технологиялар негізінде интерпретациялау мен модернизациялау заманауи педагогика үрдісінің кешенді проблемасы.

Қазіргі таңда мұғалімдер іс-тәжірибеде инновациялық технологияларды пайдалану арқылы жақсы нәтижелерге жетіп жүргені аян. Солардың бірі – сын тұрғысынан ойлау.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Осы технологияны мұғалімдер әр сабақтың ерекшелігінет қарай лайықтап қолдануына болады. Олар: «бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», т.б.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушының сөздік қорын байыту арқылы тілін дамытуға болады. Қазақ тілін үйрету, білу қазіргі таңда басты мәселе болып отыр. «Тіл дамыту дегеніміз – тілдік норманың жетілу, ширау, даму дәрежесі», -дейді ғалым М. Балақаев. Тіл үйренуде ең басты міндет-оқушылардың сөйлеу тілін дамыту. Тіл дамытудың шарттары:

1. Сөздік қорын дамыту.
2. Сөйлеудің грамматикалық жағын ескере отырып қалыптастыру.
3. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту.
4. Әңгімелеуге үйрету.

Қазақ тілі сабақтарында бұл мәселені шешу жолдарының бірі әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану, жаңа технологияларды енгізу. Сабақта оқушылардың тілін диалог, монолог арқылы дамытуға болады. Диалогтық, монологтық сөйлеу барысында туындайтын қиыншылықтар да бар:

Диалогтық сөйлеуде қабылдаушы баяндаушының айтқан ойын, көзқарасын бірден түсінуі қажет.

- Қабылдаушы бірден аяқ асты жауап беруі тиіс.
- Сөйлеу барысында қабылдаушы тыңдалым мен айтылым әрекетін бір-бірімен сабақтастыра меңгеру керек.

Монологтық сөйлесу барысында қабылдаушы баяндаушының айтқан ойын, көзқарасын саналы түрде ұғынып, оны логикалық жүйеікпен айтуы керек. Монолог арқылы оқушылардың мынадай іскерліктері қалыптасады:

- белгілі бір тақырыпқа өз көзқарасын білдіреді
- белгілі бір тақырып бойынша ақпарат береді
- сөз тіркесі мен сөйлем құрай білу дағдылары қалыптасады
- сөйлеу тілін байытады
- сөздік қорын байытады
- нақты, дәл, анық жауап беруге үйретеді
- әдеби тіл нормасында сөйлеуге дағдыландырады [6].

Қорыта айтқанда, қазақ тілі сабағы әрі тартымды, әрі қызықты, әрі сапалы болуы әр ұстаздың өзіне, білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне байланысты.

Әдебиет

1/ Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияның элементтерін қолдану. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде, 2015. – №5. – 14-22 б.

2/ Инновациялық технологиялар арқылы функционалдық сауаттылықты көтерейік. Қазақстан мектебі, 2014. – №9. – 17-19 б.

3/ Оқушыларды сын тұрғысынан оқыту тәсілдері. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде, 2015. – №3. – 11-14 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУ ЖҮЙЕСІ

Р.С. Кайсарина

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан

rs_k66@mail.ru

Статья посвящена системе классификации и характеру исследования аффиксов на казахском языке. Приводится система классификации аффиксов на казахском языке, также проведен анализ грамматического строя слов. Определяются особенности соединения аффиксов к корню слова.

The article is devoted to the classification system and the nature of the study of applications in the Kazakh language. Here is a system of classification of applications in the Kazakh language and an analysis of the grammatical structure of words. Features of connecting applications to the root are determined.

Жалғамалы тілдер, агглютинативті тілдер (лат. agglutinatio – желімделу, жапсырылу) – тілдерге типологиялық немесе морфологиялық топтастыру принципін қолдану арқылы, яғни оларды туыстық жақындығына қарап емес, грамматикалық құрылысына қарап топтастыру нәтижесінде бөлінетін тілдер типі.

Әдетте, Жалғамалы тілдер түбір тұлғалы (аморфты), қопармалы (флективті), инкорпорациялы (полисинтетикалық) тілдер типімен қатар аталады. Жалғамалы тілдер типіне түркі, моңғол, угор-финн, дравид, индонезия, венгр, жапон, корей, т.б. тілдер жатады. Жалғамалы тілдерде белгілі бір грамматикалық мағынаны білдіру үшін дербес қосымша жұмсалады. Қосымшалар түбірге бірінен соң бірі баспалдақтап тіркесе жалғанады. Осы қасиетіне қарап *Жалғамалы тілдер* деп аталады [1].

Жалғамалы тілдерде қосымшаның түбірге тигізер әсері аз. Яғни қосымшалар қосылғанда түбір немесе негізгі түбір, негізінен, өзгеріссіз қалады. Жалғамалы тілдерде ішкі флексия болмайды.

Үндестік заңы – Жалғамалы тілдерілерге ғана тән басты қасиет. Жалғамалы тілдерде синтетикалық және аналитикалық қасиет болады. Синтетикалық қасиет – қосымшаның түбірден соң жалғануы. Аналитикалық қасиет – қосымшалы түбірден кейін шылау сөздің қосарлана, селбесе айтылуы.

Қазақ тілі – жалғамалы тілдердің бірі. Мысалы, «*қамсыздандырылмағандықтарыңыздан*» деген сөзді морфемаларына қарай бөлшектеп көрейік: *қам* – негізгі түбір, *-сыз* – сөзден сөз тудырушы сын есім жұрнағы, *-да* – сын есімненетістік жасап тұрған жұрнақ, *-н* – сөз түрлендіруші өздік етіс жұрнағы, *-дыр* – өзгелік етіс жұрнағы; *-ыл* – ырықсыз етіс жұрнағы; *-ма* – болымсыздық

мағыналы жұрнақ; *-ған* – есімше жұрнағы; *-дық-* етістіктен зат есім туғызушы жұрнақ; *-тар-* көптік жалғау аффиксі; *-ыңыз-* тәуелдік жалғауы; *-дан-* шығыс септік жалғауы. Яғни мұнда бір түбірге **11 қосымша** жалғанып тұрғанын көреміз.

Жалғамалы тілдердің басты ерекшелігі – осылайша бір қосымшадан соң екінші қосымшалардың тізбектесіп жалғана беруі. Онда бір категорияға тән қосымшалар да бірінен кейін бірі келе береді. Мысалы, жоғарыда келтірілген сөзде етіс категориясына тән өздік етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс жұрнақтары бірінен соң бірі келіп тұр. **Жалғамалы тілдерде (мысалы, қазақ тілінде) бірінен соң бірі қабаттаса қолданылған қосымшалардың орналасу тәртібінің қатаң заңдылығы бар:** бір сөз құрамында бірнеше қосымша қабаттасып келсе, алдымен *көптік*, одан соң *тәуелдік*, содан кейін *септік*, олардың үстіне *жіктік жалғауы* жалғанады. *Мысалы: «ауылдарыңызданбыз»* деген сөздің құрамындағы *ауыл* – түбір; *-дар* – көптік жалғауы; *-ыңыз* – тәуелдік, *-дан* – Ш.с. жалғауы; *-быз* – жіктік жалғауы [2].

Жалғамалы тілдерде зат есімдердің грамматикалық жікке бөліну қасиеті тым солғын. Осыған орай септелу жүйесі қопармалы тілдердегідей түрге бөлінбейді, бір пішінде ұшырасады, сондықтан жалғауы; *-дан* – шығыс септік жалғауы; *-быз* – жіктік жалғауы.

Агглютинатив тілдер – тілдерге типологиялық немесе морфологиялық таптастыру принципін қолдану нәтижесінде, яғни оларды туыстық қасиетіне қарап емес, сырт пішініне, грамматикалық құрылысына қарап таптастыру нәтижесінде бөлінетін тілдер типі.

Әдетте, агглютинатив тілдер түбір тұлғалы («аморф»), дұрысы – изоляциялы), қопармалы (флектив), инкорпорациялы (полисинтетикалы) тілдер типімен қатар аталады [3].

Агглютинатив тілдерде синтетикалы және аналитикалы қасиет болады. Синтетизм: 1) қосымшаның түбірден соң жалғануы (түркі, моңғол, угор-фин, т.б. тілдер); 2) қосымшаның түбірден бұрын жалғануы (банту тілдері); 3) қосымшаның сөз аралығынан жалғануы (бацбий тілі).

Аналитизм: қосымшалы түбірден кейін шылау сөздің қосарлана, селбесе айтылуы (тибет, қазақ тілдері). Жалғамалы тілдерде зат есімдердің грамматикалық жікке (класқа) бөліну қасиеті тым солғын. Осыған орай септелу жүйесі қопармалы тілдердегідей бірнеше түрге бөлінбейді, бір пішінде ұшырайды [4].

Қазақ тілінің грамматикасында қосымшалар жұрнақтар мен жалғаулар болып, екі үлкен топқа бөлінеді де, алғашқылары одан әрі сөз тудырушылар мен форма тудырушылар деп сараланады. Қосымшалардың яғни аффикстердің бәрінің басын біріктіретін морфология болса, оларды жұрнақ, жұрнақша, жалғау деп тануымызда лексикалық, лексика-грамматикалық және грамматикалық мән-мағына, қызметтері шешуші роль атқарады. Қосымшалар арқылы жасалған әрбір туынды түбір, аналитикалық амалға жататын біріккен сөз, қос сөз т.б. жеке қазақ тілі сөздіктерінде өз ішкі мән-мағыналарына қарай сипатталып, тура және ауыспалы сөздер тіркесі ішінде т.б. жан-жақты түсіндіріліп сипатталған [5].

Тілімізде кейбір қосымша арқылы жасалған сөздер сөздік құрамнан жеке мағына ретінде орын алып, өмір сүре алмай, тек белгілі контексте ғана

қолданыла алатын уақытша сөздерді тудыратын қосымшалар функциялы қосымшалар деп аталады. Мысалы, *алматылық жігіттер, бір қайнатым шай, таяқ тастам жер, бір көйлектік мата* т.б. тіркестер құрамындағы көрсетілген сөздер осы контексте жұмсалады. Бұлар сөздік құрамындағы даяр тұрған туынды сөз де емес, сөйлеу процесінде басқа сөздермен қарым-қатынаста тұратын сөз формасы да емес, тек белгілі контексте ғана қолданылатын уақытша сөздер. Мысалы, *Иттіқонақ жараспас. Айтушы сенболғанда, іске асырушымен болайын.* Осындағыитті (*ит-ті*), айтушы (*айтушы*), асырушы (*асыру-шы*) сияқты сөздер жаңа туынды ретінде жеке сөз болып қабылданбайды, тек сол сөйлем ішінде ғана немесе сол тіркес шеңберінде қолданылады [6].

Қазақ тіл білімінде қосымшаларды белгілі түрлерге жүктеуге негіз болатын қасиеттері: қосымшалардың мәні, мағыналық сыр-сипаты, қолданыстық қызметі, жіктелу жүйесі толық айқындалады деуге болмайды. Қосымшалардың қазақ тіл грамматикаларында көрсетіліп жүрген айырма белгілері, мағыналық қызметтік түрлері оны сөз құрамының бір морфемалық бөлігі ретінде, әсіресе семантикалық мәні грамматикалық-тұлғалық, қызметтік дербестігі жоқ, түбірден өзгеше морфема ретінде қажетті сипаты болып саналғанымен, ол қосымшалардың өз ішіндегі құрылымдық-мағыналық қасиетін, қызметтік-мәндік ерекшеліктерін, соларға байланысты тілдің грамматикалық құрылысын, оның сырын айқындап, жіктелу түрлерін таныта алмайды [7].

Сонымен бірге тілімізде бөтен тілден енген қосымшалар да өмір сүріп келеді. Бұлардың қатарына *-и* (әдеби, діни, ресми т.б.) қосымшасы мен оның «қазақыланған» түрлі *-ы, -і* (*арабы, қазақы, естекі, алтайы*), *-паз, (өнерпаз), -кеш (арбакеш) -хана (емхана), -стан (Қазақстан)* сияқты қосымшалар да жатады. Құрамы жағынан қосымшалар **жалаң** және **құранды** болып та бөлінеді. **Жалаң қосымшалар** тұлғалық жағынан да, семантикалық жағынан да, қанша дыбыстан тұрса да, бөлінбейтін біртұтас, бір бүтін морфема болып саналатын қосымшалар да, екі я одан да көп қосымшалардан құралып, мағына жағынан тұтасып кеткен, бірақ сыртқы түрлі жағынан немесе басқа сөздер құрамында қолданылуы немесе көне тілде жұмсалуы арқылы бөлуге болатын қосымшалар **құранды қосымшалар** деп аталады [8].

Әдебиеттер

1. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – А., 1965.
2. Кузнецов П.С. Морфологическая классификация языков. – М., 1954.
3. Боровков А.К. Агглютинация в тюркских языках // Морфологическая типология и проблема классификации языков. – М. – Л., 1965.
4. Хасенов Ә. Тіл білімі. – А., 1996.
5. Кузнецов П.С. Морфологическая классификация языков. – М., 1954.
6. Исаев С. Қазіргі қазақ тілі курсы бойынша теория мен практика. – А, 1991.
7. Маманов И. Қазіргі қазақтілі. – Алматы, 1966.
8. Исаев С. Қазіргі қазік тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 2001.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

А. Канзелхан, М.И. Оразханова

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан

Ai21g@mail.ru, maigul7777@mail.ru

В статье рассматриваются актуальные вопросы, касающиеся современного урока, показаны пути успешного обучения. Отмечается необходимость рационального использования активных методов обучения, акцентируя внимание на важности учета индивидуальных способностей и особенностей учащихся в классе. Особое внимание уделяется необходимости дифференциации заданий.

The article «How to prepare students for a changing life?» will address a serious question. Topical issues related to the modern lesson will be covered, and the ways of successful learning will be shown. The necessity of rational use of active teaching methods is noted. Focusing on the importance of taking into account the individual abilities and characteristics of students in the classroom, he focused on the need to differentiate tasks.

Әлеміміз күн санап қарыштап дамып, өзгерісі артып, күрделеніп келеді. Барлық жарқыраған жаңалықтар білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізіп отыр. Алайда жаңашылдық адам баласының сан қырлы асуы бар өмір өткелдерінен сүрінбей жол тауып өтуіне зор мүмкіндік ұсынады. Бұл тұрғысынан қарағанда: «Өзгермелі өмірге оқушыларды қалай дайындау қажет?» деген елеулі мәселе туындайды.

Бүгінгі білім бұрынғы білімнен өзгереді. Олай деуіміздің себебі, дәстүрлі оқытудың мақсаты – білімді ұрпақ тәрбиелеу болса, бүгінгі күні білімді болу жеткіліксіз, сондықтан білім мен білігі дамыған әрі дағдысы қалыптастқан, өзіндік «Мені» бар ұрпақ тәрбиелеу маңызды болып отыр.

Ал осындай ел болашағын дайындау үшін, ұстаздарымыздың өзі мінсіз болуы шарт. Неге десеңіз, ұстаз мінсіз болғанда ғана шәкірт мінсіз болмақ. Сондықтан әр ұстаз Пажарестің «Білім беру сызбаларын» өн бойына сыйдыруы қажет. Яғни әр мұғалімнің ұстанымы табысты оқытуға бағытталуы тиіс. Әрі өзгермелі өмірде ұстазды да, шәкіртті де алға жылжытатын, өзін-өзі өзгертуге жетелейтін әлеуметтік стимул, яғни Роджерстің «Мен» тұжырымдамасын ұстануымыз дұрыс болмақ.

Мұғалім жұмысының аса жауапкершілікті талап ететін тұсы оқушылармен сабақ беру үдерісінде жұмыс жасауы болмақ. Барлық құндылықтар мен олқылықтар осы үдеріс барысында шәкірт бойына дариды. Бұл тұста әр мұғалімнің сақ болғаны абзал. Мұның мәні, бес саусақтың тең болмауы секілді сынып ішіндегі оқушылар да өзіндік ерекшелікке ие тұлғалар. Оқу – әр адамда әртүрлі жүретін күрделі құбылыс. [1, 15] Сондықтан әркімнің ақпаратты қабылдау, есте сақтау қабілеттері түрліше болып келеді. Аталған ерекшеліктер ескерілмейінше оқу үдерісі нәтижесін бермесі анық.

Оқуды пайдалы тәжірибе ретінде қарастырсақ, ұстаздар қауымы заманауи тәсілдерді саралап, әр сабағын тиімді жоспарлауы қажет. Бұл оқушы бойына метасананы қалыптастырары сөзсіз. Сондықтан біз де оқыту тәжірибемізге оңтайлы өзгеріс енгізуге тырысып бақтық.

8-сынып қазақ әдебиеті пәнінен «Қорқыт ата кітабы» тақырыбына жоспарланған сабағымызды ұсынсақ [3, 15]. Тиімді жоспар – нәтижелі сабақтың кепілі болмақ, сондықтан, әуелі тақырып анықталысымен, сабақтың мақсатын смарт негізінде құрып, жетістік критерийлерімізді нақтылап, әдіс-тәсілдерді сұрыптап, әрекеттерде логикалық бірізділіктің болуын көздедік. Сабақты жоспарлауда мынандай мәселелерге назар аударған жөн:

1. Нені оқыту керек?
2. Қалай оқыту керек?
3. Оқыту реттілігін қалай құрылымдау керек?

Сабағымыздың нәтижелі өтуі үшін сынып ішіндегі психологиялық ахуалдың маңыздылығы зор. Сондықтан әр сабақ барысында тақырыпқа сәйкес жағымды орта қалыптастыру шарт десек те болады. Ұсынылған сабағымызда аталмыш мақсатта «Аяқталмаған сурет» стратегиясын қолдандық

Сабақтар барысында оқыту үдерісін өзгеше формаларда өткізуді жоспарлаған жөн. Яғни, жеке-дара, жұптық, топтық және толық инклюзивтіліктің болуы. Топтық жұмыс – оқушылардың қарым-қатынасқа түсуін, айтылым мен тиімді тыңдалымды жүзеге асыратын, сыйластық орта қалыптастыратын, ортақ шешімге негіздейтін, ең бастысы – жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік беретін жұмыс формасы. Осыны ескере отырып сынып оқушыларын «Аяқталмаған сурет» стратегиясы арқылы үш топқа топтастыруды жоспарладық. Бұл стратегия арқылы бір оқпен бірнеше қоянды атуға болады. Мәселен:

- оқушы зейінін шоғырландыру;
- қиялға қанат бітіру;
- сыни ой қорыту;
- топтастыру.

Бұл тұста «Аяқталмаған сурет» стратегиясы түрлендіріп қолданылды. Әрі өзінің тиімділігін көрсетті деуге болады.

АҚШ-тағы оқу зертханасының жүргізген зерттеуі бойынша өзгелерді оқыту барысында жаңа білімнің 90%-ы есте сақталады екен. Сондықтан жаңа мәтінді игертуді «Ара» әдісі арқылы беруді тиімді деп ұйғардық. Яғни, 1-топқа «Қорқыт ата – өлмес өнер иесі», 2-топқа «Қорқыт және қобыз», 3-топқа «Қорқыт ата кітабы және оның сюжеттік желісі» сынды тақырыптар үлестірілді. Бұл әдіс сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді. Топ оқушылары жеке-дара оқып «Тұжырымдамалық карта» жасайды. Оны тобымен талқылайды. Топ өз ішінде «бір-екі-үш» сандарына санала жаңа топтарға бөлінеді. Бірлер 1-топ, екілер 2-топ, үштер 3-топ. Осылай бастапқы топтағы әр оқушы жауапкершілікті сезіне жаңа топ мүшелеріне өз тақырыбын түсіндіреді. Көне латындар: «Үйрете отырып үйренемін!», – деген екен. Осылайша үш тақырып оқушылардың өз-өздерін оқытуымен жүзеге асады.

«Сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары оқушылардың өмір бойы қажет болатын дүниені танып қолдануына, салыстыруына, логикалық ойлауын дамытып, олардың шығармашылық белсенділігінің артуына септігін тигізеді» [2,3]. Сол себепті сабақты жоспарлауда СТО-дың «БББ», «Фижбоун», «Галереяға саяхат», «Филла», «Әдеби үйірме» стратегияларын қолдануға болады.

Біз былайша (тиімді түрде) үйренеміз: – пікір таластырганда өзіміз өз қолымызбен жасағанда (белсенді әрекеттер арқылы); бірлесе оқығанда;

басқаларды үйреткенде [1, 8]. Яғни жоспарлаған сабақтарда жеті модульді енгізудің маңызы зор.

Мерсер: «Диалог оқушылардың қызығушылығын арттыра келе, білім деңгейінің өсуіне үлес қосады», – деген екен. [1, 72.] Сондықтан диалогтық оқыту қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабағында үнемі көрініс табуы тиіс. Неге десеңіз, шешімге келу, проблеманы шешу диалог арқылы жүзеге асады. «Қорқыт ата кітабы» атты сабағымызда «Мәңгілік өмірді аңсаған – Қорқыт» тақырыбы аясында зерттеушілік әңгіме жүргізілді. Бұл өз кезегінде сабақ тиімділігін көрсетті десек те болады. Сыни ойлау-сыпайы ғана күмәндану болғандықтан оқушылардың мәселені жан-жақты қырынан талдап, сыни көзқарастырының қалыптасып, құнды пікірді елеп-екшеп ала білуіне бағытталған тапсырмаларды «Әдеби үйірме», «Ара», «Аяқталмаған сурет» стратегиялары арқылы жоспарладық. Тапсырмаларды ұйымдастыру барысында оқушылардың жеке қабілеттері, өзіндік ерекшеліктері мен білім деңгейлерінің әр түрлілігіне қатаң мән берілді. Себебі бұл оқушылар түрлі қолдауды қажет етеді. Выготский: «Оқушының өз бетімен қол жеткізе алмайтын оқу деңгейін ересек адамның көмегімен қамтамасыз етудегі рөлі туралы жазады: бұл «Жақын арадағы даму аймағы» – ЖАДА ретінде анықталады», – деген екен [1, 57]. Яғни қолдауды қажет ететін оқушылар тапсырмалы нәтижелі орындауы үшін арнайы көпіршелер қолдануды жоспарладық. Ал, Ренцулли мен Райс анықтаған дарынды оқушылардың қабілетін жетілдірудегі қызметтің 3 моделін ескере отырып, тапсырмалар сараланып қолданылды. «Өткел бермес өзен жоқ, өтетін жерін тап» «Үйлеспейтін жұмыс жоқ, үйлестіретін ерін тап» демекші *Бұл идеямды тиімді жүзеге асыру мақсатында «Әдеби үйірме» әдісін сынып ішіндегі оқушылардың түрлі ерекшеліктерін ескере келе түрлендіріп қолдандық. Түрлендірудегі мақсат – жаппай жұмыс үдерісін қалыптастыру. Бұл стратегия – оқушылардың өзіндік қабілеті, білім деңгейі, бейімділігін, мүмкіндігін ескеретін әдіс. Әрі тапсырманы таңдау еркі берілді.*

Жұмыс жұппен, үштікпен, төрттікпен орындалады.

Сілтеме табушылар. Тақырып идеясына сай мақал, қанатты сөздер тауып сәйкесігін дәлелдейді. АКТ ресурстарын қолданады.

Әдебиетші-ғалым. «Қорқыт ата кітабының зерттелуі» деген тақырыпқа зерттеу жұмысын жүргізеді.

Дәнекершілер. Шығарма мазмұнын бүгінгі өмірмен байланыстыра талдайды. Бейнелеуші, суретші. (дарынды оқушылар) «Визуалдандыру» әдісі қолданады әрі сахналық қойылым жасайды.

Міне, бұл тұста оқушылар өзінің жанына жақын, қызықтыратын тапсырма түрін таңдап орындайтындықтан, сынып ағымда жұмыс жасайды. Бұл да табысты әдіс ретінде көзге түсті.

Александрдің айтуынша «Сыныптағы бағалау тек техникалық тәсіл емес, ол баланың дамуы, оқуы мен ынтасы, өзін-өзі бағалау қабілеті, күш-жігері сияқты құндылықтар» [1,65] Олай болса, тапсырмаларды орындауда уәж тудырмай нәтижеге жету мүмкін еместігін ескере отырып, оқушы ынтасын арттырып, ішкі уәжін көтеріп отырыу үшін қалыптастырушы бағалаудың аспектілерін тиімді қолдану қажет.

Сөзімді Француз ғалымы Францтың мыны бір сөзімен аяқтағымыз келеді: «Зор тәбетпен ішкен ас қана, адамға сіңімді болады». Олай болса, кез-келген іс-әрекет ынтамен, құлшыныспен жасалса, тек жемісін берері сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.
2. Әлімов А.Қ. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. – Астана, 2014.
3. Ақтанова А.С., Жундибаева А.К., Жұмекенова Л.К. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2018.

САЯСИ ДИСКУРСТАРДА ЭВФЕМИЗМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЗАҚШАҒА АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

К.А. Куікуі

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
kevseerr19p@gmail.com*

В данной статье исследуется использование эвфемизмов в политическом дискурсе. Особенности применения эвфемизмов в политическом дискурсе проанализированы на примерах эвфемизмов, встречающихся в различных выступлениях 44-го президента США Барака Обамы. Обсуждаются некоторые применения эвфемизмов, такие как замена оскорбительных и неприятных выражений, вежливость, формирование и поддержание хороших отношений, служение цели говорящего и красноречие.

This article studies the use of euphemisms in a political discourse. The characteristics of the application of euphemisms in a political discourse has been analysed through the examples of euphemisms found in various speeches of Barack Obama, 44th president of the USA. Some applications of euphemisms, such as replacing offensive and unpleasant expressions, politeness, forming and maintaining good relationships, serving for a purpose of the speaker and speaking eloquently, are discussed.

Білім мен технологияның дамуының арқасында әлемнің әр түкпірінде болып жатқан жаңалықтарға жылдам әрі оңай түрде қол жеткізуге болатын жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Бүкіл әлем мемлекеттері мен азаматтары әрдайым бір-бірінің әлемдік деңгейдегі немесе мемлекетаралық, жергілікті мәселелерді шешуге қатысуын немесе сыртқы саяси қарым-қатынастарын жіті көзбен қызықтап, бақылап отырады. Тіл ең негізгі қарым-қатынас құралы ретінде мемлекеттердің жан-жақты байланысында белгілі мақсаттарға қызмет ету үшін қолданылады. Әлемдік деңгейде немесе мемлекетаралық, жергілікті байланыстар, серіктестіктер, ресми қарым-қатынастар саяси тұлғалардың сөйлеген сөздері, келісім-шарттар, пікірталас, сұхбат, жаңалықтар, мақала, заңдар мен ережелер және т.б арнайы мамандандырылған жазбаша немесе ауызшамәтіндер саяси дискурстардың тілдік материалдары болып табылады. Саяси дискурстардың осы тәрізді тілдік материалдарынан тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, белгілі мақсатқа жету үшін қолданылатын сипаты да нақты көрінеді. Тілдің белгілі мақсатта қолданылу қызметін сипаттау үшін ресми мақсатта қолданылған саяси дискурстардың тілдік тұрғыдан зерттелуінің маңызы зор. Саяси дискурстың

тілдік ерекшелігін зерттеуде сөйлеуші, сөйлеу мәтіні бағытталған тұлға немесе көпшілік, мәтінде қамтылған саяси тақырып негізге алынады.

Тіл білімінде саяси дискурстарға бірнеше анықтама берілген. Тіл білімі ғалымы А.Н. Баранов «Саяси дискурс дегеніміз – саяси қарым-қатынастың нақты бір тақырыбын қарастыратын немесе саяси дискурста қатысушының тұлғалық сипатын белгілейтін сөйлеу тәжірибесінің барлығын қамтиды» дейді. [2]

Мақаламызда саяси дискурстың тілдік ерекшелігін зерттеу үшін АҚШ саяси дискурсына мысал бола алатын ағылшын тілді мәтіндер алынып отыр. Мұның басты себебі, ағылшын тілінің әлемдік саяси деңгейде ең көп қолданылатын тіл болуы мен Америка мемлекетінің әлемдік саяси аренадағы басым рөлге ие елдердің бірі болуында жатыр.

Белгілі мақсатқа қызмет ететін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын саяси дискурстардың өзіне тән қалыптасқан құрылысы, өзіндік ережелері, мәселені нақты айту қасиетіне ие, ресми, тарапсыз, сөйлеуші немесе баяндаушы сезімдерін ашық білдіретін сипаты болады. Атап айтқан бұл ерекшеліктер мәтіннің басқа тілге аударылуында да аса көңі бөлінуі керек маңызды ерекшеліктер болып табылады. Саяси, ресми мәтіндерді аударғанда ең негізгі, тілдегі кең таралған негізгі мағынасын қолдануға көңіл бөлген дұрыс. Ресми, саяси мәтіннің түрі, ерекшелігі, сөйлеу дәстүрі, қолданылған тұрақты сөз тірестері, әзіл, символ, бейнелі образдар аударма барысында баса назар аударылатын мәселелердің ішінде орын алады.

Саяси дискурстарды тілдік тұрғыдан зерттеуде ең баста сөйлеу тілінің маңызды тілдік көріністері болып табылатын эвфемизмдер тұрады. Эвфемизмдер ағылшынша «political correctness» – қазақша мағынасы «саяси шынайылық» – ұғымымен тікелей байланысты. Сөйлеуде саяси шынайылық, сыпайылық дегеніміз – көңілге ауыр тиетін тұрпайы, анайы, жеке адамдық қасиеттерді кемсітетін, тіпті кей жерлерде адамның қорлануына себеп болатын өмір шындығын баяндау үшін қасаңқалыпсыз, жағымды, сыпайы сөз, сөз тіркестері, сөздік қалыптарды қолдану. Халық арасында мұны «майдалап, жұқалап» сөйлеу деп те атайды. Эвфемизмдер тілде шынайы, сыпайы сөйлеуге мүмкіндік береді, жеке тұлғаның сөйлеу мәдениеті мен стильдік ерекшелігінің де деңгейін көрсетеді. Ә. Хасенов эвфемизмге тілдік баяндаудың сыпайылап, майдалап жеткізу тәсілі деген анықтама береді. [4] Ә. Ахметов «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» деген еңбегінде эвфемизмді этнографиялық ұғымдармен, атап айтқанда халықтың наным-сенімдері, мифтік кейіпкерлер, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тілдің этикалық нормаларымен байланыстыра қарастырып, этнографиялық лексика аясында зерттеген. [1] М.Ш. Жұмағұлова «Газет, публицистика тіліндегі эвфемизмдер» деген тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертациясында эвфемизмдердің адамдар арасындағы тілдік қарым – қатынаста қолайсыздықты болдырмауды көздейтінін және жеке адамның жеке стильдік ерекшелігі көрінетінін, ал бұқаралық ақпараттық құралдар тілінде қолданылатын эвфемизмдерде әлеуметтік сипат тән болатынын анықтаған. [3]

Саяси дискурстардың ең үлкен бөлігін дипломатия тілді құрайды. Бұл – мемлекеттердің сыртқы саясатын жүргізу үшін қолданылатын арнайы лексика-

лық қазынасы бар тіл. Дипломатиялық тіл – белгілі қалыптары техникалық терминдері, өзіндік ережелері бар, мамандандырылған тіл, жазба және ауызша түрде болады. Дипломатияның ең басты қызметі сөзі бағытталғанға бір мәселені қабылдану немесе мақұлдануға негізделгендіктен, тілдің қарым-қатынас қызметіндегі баяндаудың барлық шеберлік қасиеттерін қолданады. Халқымызда «тіл – қылыштан өткір» деген қанатты сөздің шығу төркіні де осыған меңзейді. Дипломатиялық тілде көп қолданылатын сөз жасау түрінің бірі – эвфемизмдер. Американың 44-ші Президенті Б. Обаманың сөздерінен мысалдар келтіре отырып, дипломатия тілінде қолданылатын эвфемизм табиғатын, қызметін анықтау және ағылшын тілді саяси дискурстардың қазақ тіліне аударылуы мәселесін қарастырамыз. Дипломатикалық мәтіндерді бір тілден басқа тілге аударуда мәтіннің негізгі тілдік ерекшеліктері мен мәдени негізіне баса назар аударылуы керек. Бұл іс аудармашыдан негізгі мәтіннің тілі мен мәдени дәстүрін жақсы білуді қажет етеді. Саяси дискурстарды аудару тілдің мәдени орта мен саяси, қоғамдық мәселелерінен хабардар болуы, қоғамдық құндылықтарға аса мән берілуін қажет етеді.

Эвфемизмдер белгілі бір қалыпты құрылысы бар, сөйлеушінің сөйлеу мақсатына қызмет етеді. Эвфемизмдерде сөйлеу мәтініне күдік келтірмейтіндей, сөйлеуі бағытталғандарды келеке қылмайтындай, сенімсіздік, жаулық секілді сезімдер ояндырмайтындай жауып, жасырып көрсету байқалады. Эвфемизм контекстте тақырыпқа байланысты анықталады. Сөйлеуші эвфемизмді қолданғаннан кейінгі жерде, қайтадан жай сөзбен мәнін кеңірек ашып, мәнін түсіндіріп кетуі мүмкін. Эвфемизмнің контексте қолданылуы сөз сөйлеушінің шеберлігін көрсетеді. Мысалы, әскери аймақта ұшығып тұрған соғыс жағдайын жұмсартып түсіндіру үшін «әскери қару – жарак» деген сөз тіркесін баспасөзде «*қосымша құрал-жабдықтар*» ағылшынша «*all technically necessary aids*» деп қолданады. Осылайша, эвфемизм қалыптасқан қатаң жағдайды жұмсартуға қызмет етіп отырады. Эвфемизмдер кейбір мәтіндерде оқырман біліп отыруы үшін тырнақша ішінде беріледі. Эвфемизмдер мемлекеттердің экономикадағы баға саясатын халыққа жеткізуде көп қолданылады. Мысалы, салықты өсірудің халық арасында наразылық тудыруы мүмкіндігі ескеріле отырып, «*салықты көтеру*» дегеннің орнына «*салықты түзету*» деген секілді қолданылады. Мысалы «*first class*» үшін «*business class*» деп айтылса, одан кейінгі сыныпқа «*second class*» деп аталатын болса, «*екінші сынып*» деген сөз тұрпайы, әрі адамдардың көңіліне келетін сөйлеу тәсілі болар еді, сондықтан оның орнына «*tourist class*» деп айтылады.

Эвфемизмдер саяси сайлау науқаны кезінде саяси тұлғалардың халыққа арнап сөйлеген сөздерінде көп қолданылады. Сондай-ақ, саясатшылар да халықтың алдында сөйлегенде сөздерінде эвфемизмдердің қызметінен пайдаланады. Американың 44-ші Президенті Б. Обама сөздерінде қолданылған эвфемизмдерге мысал келтіреміз. Президент Б. Обама Америка әскерінің Ирак пен Ауғанстанға кіруінің оңды, жөн іс ретінде көрсету үшін сөйлеген бір сөзінде былай дейді: *He has said “[...] they knew our power grows through its prudent use; our security emanates from the justness of our cause... we are the keepers of this legacy. Guided by these principles once more, we can meet those new*

threats that demand evengreater effort – even greater cooperation and understanding between nations. (20th January 2009»). « “[...] біздің күшіміз оңды, жөнімен қолданудың арқасында артқанын олар білді; біздің қауіпсіздігіміз, ісіміздің әділеттілігінен бастау алып отыр...біз бұл мирасты сақтаушылармыз. Тағы бір рет бұл негіздерді басшылыққа ала отырып, бізден мықты бірлікпен екі елдің бір-бірімен түсіністігін және **орасан зоркүш сарп етуді қажет ететінжаңа қауіптерге қарсы тұра аламыз**». [5]

Президент Обама тағы бір сөзінде былай дейді: “[...] we won’t be there forever, and by the next year our primary role should be to**conduct counter-insurgency actions, train security forces, and provide neededlogistical support.**” (June 21st 2006). « “[...] біз онда мәңгі болмаймыз, келесі жылы біздің негізгі рөліміз көтерілісшілермен күрес әрекеттерін жүргізу, **қауіпсіздік күштерін жаттықтыру және қажетті материалдық техникалық қолдау көрсету болады**» [5]

*“The three basic goals that shoulddrive our policy: that is, 1) **stabilizing Iraq and giving the factions within Iraq the space theyneed to forge a political settlement;** 2) **containing and ultimately defeating the insurgency inIraq;** and 3) **bringing our troops safely home.**” (June 21st 2006).*

«Иракқа байланысты біздің саясатымызды белгілейтін үш негізгі мақсатымыз бар: атап айтқанда, 1) Иракты **тұрақтандыру** және Ирактага саяси топтарға саяси келіссөзге келу мүмкіндігін беру 2) Ирактағы **көтерілісшілерді түбірімен жеңу**, 3) біздің әскерлеріміздің аман-сау үйге оралуын қамтамасыз ету» [5]

*Obama’s speeches: “tothose who mourn **the loss of a loved one**, my heart breaks [...] This day is about the **fallenheroes** that you loved [...] We memorize our **first patriots** who never knew the independencethey won with their lives. (30th May 2011). Бір сөзінде: «**Сүйікті адамынан айырылып жоқтап отырғандарға менің жүрегім қан жылайды [...]** бұл күн **қаза болған қаһармандарға**арналады, Бізөз өмірлерінің ақысына алынған тәуелсіздікті ешқашан білмеген оларды, яғни, біздің алғашқы патриоттарымызды әрдайыместесақтаймыз» [5]*

President Obama said “[...] Thatpolicy-by-slogan will no longer pass as an acceptable form of debate in this country. ”**Missionaccomplished,**” **“cut and run,”** **“stay the course”** the American people have determined thatall these phrases have become **meaningless** in the face of a conflict that grows more deadly andchaotic with each passing day... **quickly and easily become abulwark of flourishing democracy in the Middle East** was not a plan for victory, but an**ideological fantasy**” (20th November 2006). [4]

Президент Б. Обаманың сөзі: «*саясаттың бұл ұранның ұранға жалғасуы бұл елде дискуссияның формасы саналмайды*» «**Миссия орындалды, «артыңа қарамай жүгір», «соңына дейін қал»** Америка халқы үшін бұл сөздердің мағынасы жоғалды, жағжай әр өткен күн сайын қауіптірек хал алып, ушығып бара жатыр... Тез әрі оңай түрде Таяу шығыстағы гүлденген демократияның қорғаны болу, біздің жеңіс жоспарымыземес, идеологиялық фантазиямыз болды».

Жоғарыда берілген мысалдарда Америка Президентінің әртүрлі жағдайларда сөйлеген сөздерінен мысалдар келтірілді. Бұл мәтіндерден байқағаны-

мыз, «әскери әрекет» деудің орнына «орасан зоркүш сарп ету», «жаңа қауіптерге қарсы тұру», «қауіпсіздік күштерін жаттықтыру», «жағдайды тұрақтандыру», «көтерілісшілерді түбірімен жеңу» және «әскери қару-жарақ кіргізу» орнына «қажетті материалдық техникалық қолдау көрсету» секілді эвфемизмдер қолданылған. Бұл эвфемизмдер АҚШ мемлекетінің Ирактағы соғысқа әскер жіберіп, тікелей қатысуын халыққа моральдық тұрғыдан ең дұрыс әрекет ретінде көрсетуге, әрі «соғыс» деп тура айтпай оны жұмсартып сипаттау арқылы жағдайдың маңыздылығын әрі қиындығын жасыруға қызмет етті. Жоғарыда көрсетілгендей, эвфемизмдер саяси дискурстарда өте жиі қолданылады және әдетте сөйлеушінің мүддесіне, көпшілікті өзіне сендіруіне қызмет етеді.

Қорыта келе, эвфемизмдердің саяси дискурстарда қолданылуындағы тілдік қызметтері ретінде мыналарды атап айта аламыз: мәселенің пайдалы, іске жарайтын жағын көрсетуі, шынайылық, сыпайылық, анайы, тұрпайы сөйлеуді жұмсартып, сыпайы, көңілге тимейтін сөз, сөз тіркестері, сөз қалыптарымен ауыстыруы, адамдар арасында жақсы, жылы қарым-қатынас құруға себеп болуы, сөйлеу мақсатына қызмет етуі және әзілмен, бейнелі шебер сөйлеуді қамтамасыз етуі. Бұлардың бәрі адамдар, топтар, елдер, қоғам арасында арасындажақсы, оңды қарым-қатынас құруға себеп болады. Эвфемизмдердің сөйлеуде қолдану қызметіне әдептілік сақтау, басқалардың көңіліне тиетін сөзді жұмсағырақ, сыпайы сөзбен немесе сөз тіркесімен ауыстыру жатады.

Әдебиеттер

1. Ахметов. Ә., Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. (Салыстырмалы этнолингвистикалық пайым). Халықаралық түркі академиясы, 2-басылым. – Астана, Ғылым, 2015. – 202 б.
2. Баранов А. Н. Введение в прикладную лингвистику. – М.: Эдиториал УРСС, 2001. – 360 с.
3. Жұмағұлова М.Ш. Газет публицистика тіліндегі эвфемизмдер ...: Автореф. на сомскание ... канд. дисс., Алматы: 2000. – 19 б.
4. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы, 2003. – 154 б.
5. Худа Ясиин Абдул Вахид – Huda Yaseen Abdul Wahid. Exploring the use of euphemisms in some speeches of president Obama: a pragmatic study, Cihan University. Erbil.

ТІЛ ҮЙРЕТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Г.Ә. Мұсаева

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан
gulbagizatusaeva@gmail.com*

В статье излагаются основные принципы организации процесса обучения казахскому языку как второму или иностранному. Содержание учебного процесса, построенного в соответствии с коммуникативной целью, должно обеспечивать полноценное овладение изучаемым языком как средством межкультурной коммуникации.

The article describes the basic principles of the organization of the process of teaching the Kazakh language as a second or foreign language. The content of the educational process, built in

accordance with the communicative goal, should ensure full mastery of the studied language as a means of intercultural communication.

Оқыту технологиясы оқу бағдарламасы қарастырған оқыту мазмұнын жүзеге асыру үшін, мақсатқа тиімді әрі оңай жеткізе алатын оқытудың әдіс-тәсілдері мен түрлерінің жиынтығын көрсетеді. Бүгінгі таңда оқытушының міндеті – әр оқушыға практикалық тілді меңгеруге жағдай жасай отырып, өз белсенділігін, шығармашылығын, даралығын ескеруге мүмкіндік беретін оқытудың әдістері мен түрін таңдау. Шет тілін үйренудің басты мақсаты – коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру. Коммуникативті тәсіл коммуникацияға үйретуді және мәдениаралық өзара әрекеттесу қабілетін дамытуды көздейді. Осыған орай, тілді екінші және шет тілі ретінде оқытудың бірыңғай тұжырымдамасы құзіреттілік ((компетенция) *competentis* латын тілінде – қабілетті) жолымен қарастырылады. Құзіреттілік терминін ғылымға алғаш рет Н. Хомский енгізген. Оны адамның белгілі бір іс-әрекетті орындауға қабілеттілігін көрсету үшін қолданды. Тіл меңгеруде құзіреттіліктің негізгі үш түрі айқындалған.

Коммуникативтік құзіреттілік – бұл тілді қарым-қатынас кеңістігі ретінде түсініп, іс-әрекеттің белгілі бір саласында қарым-қатынастың мақсаты мен жағдаятына сай үйреніп жатқан тіл құралдары арқылы сөйлеу әрекетін жасау қабілеті. Тілдік құзіреттілік – тіл арнайы заңдылықпен қызмет жасайтын жүйе деп түсініп, осы жүйенің көмегімен басқа адамның ойын ұғу және ауызша, жазбаша түрде өзіндік пайымдауларын жеткізе білу қабілеті. Әлеуметтік-мәдени құзіреттілік – тіл халық мәдениетінің құрамдас бөлігі, мәдениетті тасымалдаушы құрал деп түсініп, үйреніп жатқан тілде сөйлейтін халықтың әдет-ғұрпын, этикетін, әлеуметтік стереотиптерін, тарихын, мәдениетін қоса меңгеріп, қарым-қатынас барысында оларды қолдана білу қабілеті [1,138].

Еуропалық стандарт бойынша тілді меңгерудің алты деңгейі қарастырылған. Осыған орай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ЖОО дейінгі білім беру факультеті шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында қазақ тілін меңгеру жүйесі де осы деңгейлерге сәйкес ұйымдастырылған. Тілді меңгерудің коммуникативтік құзіреттіліктері де осы деңгейлерге сәйкес таңдап алынады.

Осы қағиданы негізгі ұстаным етіп ала отырып, сабақ ұйымдастырылуы тиіс. Жаңа сабақты түсіндірудің негізгі ұстанымы – коммуникативтік тәртіптегі тілдік материал. Тілдік материалды ұйымдастыру коммуникативтік мақсатқа сай болу керек. Ең алдымен оқушыға тілдік қарым-қатынасқа қажет нәрсені үйрету жөн. Бұл оқытудың пәндік мазмұнымен анықталады. Оған түрлі салалар, тақырыптар, қарым-қатынас жағдаяттары, мәтіндер енеді. Оның ішінде тіл меңгерушілердің қарым-қатынастарының ниеттері (интенциялары) де анықталады. В.Л. Скалкин қарым-қатынас саласына әлеуметтік-тұрмыстық, отбасылық, кәсіби-еңбек, әлеуметтік-мәдени, қоғамдық әрекет, әкімшілік-құқықтық, көпшілік ойындар мен көңіл көтерулерді жатқызады, ал тіл меңгеруде әдетте оқу-кәсіби, әлеуметтік-мәдени, тұрмыстық, қоғамдық-саяси, ресми-іскери салаларды таңдап алады [2].

Әлеуметтік-тұрмыстық салада қарастырылатын қарым-қатынас тақырыптары: отбасылық мәселелер, әке-шешеммен, достармен қарым-қатынас, ақша мәселесі; Оқу мен еңбек саласында: мамандық таңдау, бос уақыт мәселелері, жұмыс іздеу мәселелері; әлеуметтік-тұрмыстық салада: үйреніп жатқан тіл елі, қалалары, бұқаралық ақпарат құралдары, жастар сән-салтанаты, саяхат, мерекелер, табиғат пен экология, мәдениет пен әдебиеттің ұлы қайраткерлері [1]. Осы тақырыптар төңірегінде арнайы жағдаяттар құрылуы тиіс.

Грамматикалық материал функционалдық және ситуациялық негізде ұсынылуы тиіс. Грамматика коммуникативтік ниеттерді, арнайы ойларды жеткізу құралы ретінде үйретіледі. Грамматика тілді оқытудың маңызды аспектілерінің бірі, себебі қарым-қатынас негізін тек грамматикалық дағдылар мен біліктілік құрайтын тілдік күзінеттілік арқасында жүзеге асады. Бүгінгі таңда грамматикалық дағдылар мен біліктілікті қалыптастыру үшін сөйлем құрылымын модельдеу (құрылымдық) және сөйлеу үлгілері әдістерін қолдану тиімді болып отыр [3, 89]. Біздің тәжірибемізде әрбір жаңа сөз тек атау ғана емес, белгілі бір мағыналы синтаксема ретінде беріліп, сөйлем құрылымы атаулы сөйлем құраудан басталып, тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері толық қатысқан жайылма жай сөйлем жасауға дейін күрделене алатын синтаксистік модельдер грамматикалық формаларды оқытуда негізге алынады.

Тілдік мәліметтерді ұсынудың негізгі ұстанымдары.

- Тілдік бағыттылық – сабақ тіл туралы емес, сол тілде болу керек, яғни қарым-қатынас арқылы үйрену;
- Функционалдық – грамматиканы мағынадан формаға ұстанымымен оқыту;
- Ситуативтілік – тілді емес, қоршаған әлемді тіл көмегімен оқыту, яғни әлем шынайы жағдаяттарда;
- Бірлесе істеу – интерактивтік әдістерді пайдалану.

Шет тілін үйрету тіл үйренушілердің мәдениетаралық қарым-қатынасқа жеке және тең дәрежеде қатыса алатындай би/полимәдениеттік тілдік тұлға мінезін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Үйреніп отырған тілді мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде меңгеру тек мазмұны шынайы қарым-қатынасқа негізделген жағдайда ғана үйрене алады. Бұл ұстаным бір-бірімен тығыз байланысқан ауызша сөйлеу мен оқу және жазу әрекеттеріне тікелей қатысты. Сөйлеу әрекеттері түрлерін (сөйлесім – (диалогтық, монологтық), жазылым, оқылым, тыңдалым) қатар меңгеру барысында танымның барлық түрі (көру, есту, сөйлеу, сезіну, түйсік т.б) әрекетке түсіп, әрбір сөйлеу әрекеті оқытудың мақсаты ғана емес, құралының да рөлін атқара алады [4]. Сөйлесім дағдысын қалыптастыру үшін, үйреніп отырған тілдің елінде күнделікті қарым-қатынас жағдайларында сөйлеу нормаларын сақтай отырып, арнайы сәйкес клишелерді қолданып тілдесетін этикеттік диалог. Бұйрық мәндегі сөйлемдердің барлық түрлері мен синонимдік құрылымдарды қолдана отырып өтіну, кеңес беру, ұсыныс жасау; баға бере алатындай пайымдау, пікір алысу; қызығатын тақырып төңірегінде пікірсайысқа түсе алу сияқты ниеттерді қамтуы тиіс. Монолог айтуға дағдыландыру үшін, мәліметтер, оқиғалар жөнінде қысқа мәлімдеулер; эмоционалдық, баға беретін пайымдауларды пайдалана отырып әңгімелеу; заттарды, құбылыстарды, әрекеттерді сипаттау;

мәселелер төңірегінде ойтолғау; оқиғалар мен адамдарға мінездеме беру; аргументтеу; оқылған мәтінге сүйене отырып мазмұнын баяндау жұмыстары орындалады.

Тыңдалымның мақсаты – түсініп тыңдау, соған орай тілдік әрекеттер жасай алу. Күнделікті қарым-қатынаста екінші тілдесушінің сөзін толық түсіну; қайта сұрау, қайталап айтуын сұрау стратегияларын қолдана білу; онша үлкен емес түрлі жанр мәтіндерінің негізгі мәліметін түсіне алу; жарнама және т.б. хабарламалардағы қажетті мәліметтерді тілдік болжамға, контекстке байланысты түсіне білуге бағытталған жаттығулар таңдап алынады.

Оқылымның мақсаты – оқудың негізгі түрлері мен стратегияларын меңгеруге бағытталады. Әртүрлі жанрда жазылған публицистикалық, функционалдық, әдеби, ғылыми-көпшілік мәтіндерді оқи отырып негізгі ой, идея, мәлеметтерді іріктей алуға, құрылымдық және мағыналық талдауларды, таңдап аударма жасауды пайдаланып мәтін мазмұнын толық түсіне білуге дағдыланады. Мәтінді ішінара іріктеп түсіну. Түрлі жанрдағы мәтіндерді жүгірте қарап шығып, қажетті, қызықтыратын мәліметті іздеп табу және бөліп алу [5, 399]. Осыған орай, берілген мәтінмен жұмыс істеу барысында оқудың түрлері мен стратегияларын қолдана білуге машықтандыру маңызды болмақ.

Жаңа сабақты түсіндіріп болған соң, жоғарыда айтылған түп мақсатқа жету үшін жасалатын жаттығулар түрі тіл үйрету әдістемесінде үш топқа жіктеледі:

- Сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар;
- Сөйлеу дағдыларын жетілдіруге арналған жаттығулар;
- Сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар;

Жаттығу барысында тақырыпқа сай құрылған шынайы жағдаяттарға сай және оқытудың бастапқы кезеңінде жиі қолданылатын тіркесімділік қабілеті жоғары сөздер таңдап алынуы тиіс.

Тілді қалай меңгеру керек? Мамандардың зерттеуі бойынша оқыту үдерісінде техникалық құрал жабдықтарды, көрнекіліктер, атап айтқанда, мультимедиялық компьютер, бейнепроекторлар, бейнетаспалар, суреттер, сызбалар, кестелер т.б. қолдану оқытудың тиімділігін арттырады. «Интерактивті бағдарламамен жұмыс істеу кезінде үйренушінің ынталылығы, назар аударуы күшейеді. Нақты материалды оқуға қажетті уақытты үнемдеу 30 пайызды құрайды. Сарапшылар оқу материалын меңгерту әдісі мен оны есте сақтау қабілеті арасындағы байланысты атап көрсетеді. Жадыда естілген нәрсенің тек төртінші бөлігі ғана сақталып қалады, егер қабылдау бейнелі түрде, яғни көзбен көру арқылы жүзеге асырылса, онда есте сақталып қалатын материалдың үлесі үшінші бөлікке дейін артады. Ал дыбыстық және бейнелі ықпалдардың қатар келуінде материалдардың жартысына дейінгі бөлігі есте қалады» [6].

Тілді меңгеру әдістері: пассивті – оқытушы тек өзі сөйлеп, оқушылар белсенді болмайды; активті – оқытушы мен оқушылар бірге араласып жұмыс істейді; интерактивті, мағынасы *inter* – аралық, *act* – әрекет. Мұнда тек оқытушы мен оқушылар арасында ғана емес, оқушылар да бір-бірімен әрекетке түсе алатын әдіс. Әрине, сабақ үстінде бұл әдістердің бәрі қолданылады. Тек әрбір әдіс сабақта өз орнымен қолданылуы қажет.

Қазақ тілін екінші тіл немесе шет тілі ретінде меңгеру теориясы мен практикасының салыстырмалы түрде жаңа дамып келе жатуына байланысты бұл салада зерттелінетін, жасалатын мәселелер тұр. Олардың ең маңыздысы қазақ тілін меңгерудің деңгейлік жүйесін нақтылау. Соған орай, коммуникативтік құзіреттіліктің әр деңгейге сай тақырыптық салалары, жағдаяттары мен ниеттері олардың лексикалық, грамматикалық минимумдары, сөйлеу әрекеттерінің мақсаттары мен міндеттері нақты саралануы тиіс деп ойлаймыз. Бұл мақалада оқытушы өз сабағын ұйымдастыруда басшылыққа ала алатын кейбір сәттер ғана сөз болды.

Әдебиеттер

1. Щукин А.Н. Обучение иностранным языкам. Теория и практика. М., «Филоматис», 2004. – 416 с.
2. Скалкин В.Л. Основы обучения устной иноязычной речи. – М., 1981.
3. Степаненко В.А. Сложно ли обучать сложному предложению? – М. – 2008.
4. Миролюбов А.А. Сознательно-сопоставительный метод обучения иностранным языкам. – М., 1998.
5. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика. – М.: Академия, 2004. – 336 с.
6. Котельников Д. Кочков Д. Персональный мультимедийный компьютер. Медиотека. – № 1. – 1997.
7. Настольная книга преподавателя иностранного языка. Справочное пособие. – Минск, 2001. – 521 с.

АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ – ТАБЫСТЫ ОҚЫТУДЫҢ НӘТИЖЕСІ

И.Х. Рамазанова

*Павлодар қ. № 2 ЖОББМ, Павлодар қаласы, Қазақстан
erke_1960@mail.ru*

Система онлайн-обучения давно востребована в мире, очень эффективна и имеет хорошие показатели и рейтинги. Изучение и использование современных цифровых инструментов и сервисов в учебном процессе не представляет особой сложности и позволяет быстро создавать обучающие, тестирующие, моделирующие или демонстрационные программы. В статье говорится о возможности бесплатного использования открытых образовательных ресурсов некоторых онлайн-платформ. Эффективное использование таких ресурсов в учебном процессе является одной из наиболее актуальных и перспективных тенденций в системе образования.

The online learning system has long been in demand in the world, is very effective and has good indicators and ratings. Learning and using modern digital tools and services in the educational process is not particularly difficult and allows you to quickly create training, testing, modeling or demonstration programs. The opportunity to use open educational resources of some online platforms for free was provided. The effective use of such resources in the educational process is one of the most relevant and promising trends in the education system.

Адамзат қоғамында барлық салалардағы жаһандық және қарқынды өзгерістер қазіргі тарихи кезеңдегі білімнің ерекшелігін анықтады. Қазіргі қоғамның дамуында білім беру жүйесінің негізгі міндеті жоғары әлеуеті бар

шығармашыл ойлайтын мамандарды тәрбиелеу болып табылады. Білім беру жүйесі қос функцияны орындайды: бір жағынан, бұл үйлесімді дамыған, белсенді, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру болса, екінші жағынан, қоғамның кадрлық әлеуетін дамытуды қамтамасыз етеді.

Қашықтан білім беру технологияларын пайдалану үшін әрбір білім алушы мен педагог қызметкерге ақпараттық және коммуникациялық технологиялар құралдарына еркін қол жеткізуді ұсыну қажет. Педагог қызметкер мен білім алушының жұмыс орны дербес компьютермен және компьютерлік перифериямен (веб-камерамен, микрофонмен, аудиоклонкалармен және (немесе) құлаққаптармен) жабдықталуы тиіс. Қашықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып оқыту компьютерлік жабдыққа жоғары талаптар қоймайды, алайда қажетті ең төменгі шарт интернет-браузердің және Интернет желісіне қосылудың болуы болып табылады.

Компьютерлік телекоммуникациялар көмегімен жүзеге асырылатын қашықтан оқытуды мынадай нысандар бойынша ұйымдастыруға болады: чат сабақтар мен чат технологияларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын оқу сабақтары. Чат сабақтары синхронды түрде өткізіледі, яғни барлық қатысушылар бір уақытта чатқа қол жеткізе алады. Веб-сабақтар – қашықтан өткізілетін сабақтар, конференциялар, вебинарлар, іскерлік ойындар, практикумдар және телекоммуникация құралдары мен басқа да мүмкіндіктердің көмегімен өткізілетін оқу сабақтарының басқа да нысандары.

Қазіргі заман мұғалімі қоғамдық дамудың деңгейінен көрінетін, оның әлеуметтік парызына жауап беруді көздейтін, жаңалыққа сергек, өз ісіне гуманистік сезіммен қарайтын, педагогикалық күрделі құбылыстардың барысын идеялық адамгершілік тұрғыдан шеше алатын және ата-аналармен, ұжыммен педагогикалық ынтымақтастық орнатуға бейімділігі бар, шығармашылық еңбек ететін маман болуы керек. Жаңашыл ұстаздардың іс-тәжірибесіндегі бәріне ортақ табыс кілті болған жағдайлар: мұғалім-зерттеуші, озық тәжірибені үйренуші, өз еңбегінің нәтижесінде талдау жасаушы, тәжірибесін жинақтаушы болғандығында.

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігінде білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікте ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады. Осы тұрғыда заманауи білім беруде ақпараттық технологиялардың маңызы зор деп білемін. Ақпараттық-коммуникациялық технология оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтар мен интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқу бағдарламаларына негізделеді. Сонымен қатар, ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді деп білемін. Ақпаратты-коммуникациялық технологиялар арқылы оқушы керекті мәліметті өздігінен іздеп табуға талпынады, яғни іздемпаздыққа ұмтылады. Ал, интерактивті тақта арқылы қызықты және динамикалық түрде мультимедиялық

құралдар көмегімен оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын оята аламыз. Яғни, менің ұсынып отырған идеям – компьютерлік техниканы, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру. Электрондық оқулықтар арқылы жылдам байланысқа шығып, керекті анықтамалық-ақпаратты жылдам табуға қол жеткізе аламыз. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін-өзі тексеру жүйесі бар. Электрондық оқулықтың артықшылығы осында. Айта кетерлігі, электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға жағдай жасайды. Әр сабақта интернет, электронды оқулық, ғаламдық ақпарат жүйесі пайдаланылса, пәндік әдістеме оқушыларға сол пәнді: терең игеруге, алған білімді практика жүзінде оңтайлы қолдануына үлкен себін тигізеді. Сонымен қатар мұғалімдердің сабақтары компьютерлік технологияны қолдану арқылы жеңілдейді, себебі, сабақты өткізу ақпараттандыру арқылы жүргізіледі.

Жалпы ақпараттық технологияны қолдану мұғалімге не береді?

1. Білімін қысқа уақытта бағалайды;
2. Білім сапасын арттыра алады;
3. Білімді кез-келген уақытта қорытындылайды.

Ал ақпараттық технологияларды қолдану оқушыларға не береді?

1. Оқу материалдарын жиі қайталау шығармашылық шеберлігінің артуына жағдай туғызады;
2. Оқуға деген қызығушылығын арттырады;
3. Өз білімдеріне сенушілік қалыптасып, эмоционалдық сезімдеріне әсер етеді;
4. Өздігінен ізденіп, игерген материалдарды ұзақ есте сақтауларынан білімдерін тереңдетеді.
5. Іздену, зерттеу жұмыстарымен айналысуға үйретеді;

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», – дейді елбасы Н.Ә. Назарбаев. Ал қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне терең меңгертіп, олардың тілді үйренуге деген құлшыныстарын оятып, мемлекеттік тілімізде еркін сөйлеу дағдыларын қалыптастыру – қазіргі кезде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне жүктелген жауапты міндеттердің бірі. Ендеше, тілді үйретуде де осы сандық технология ресурстарының атқарар рөлі өте зор. Күнделікті өз тәжірибеме сүйенер болсам, сандық технология ресурстарын қазақ тілі сабақтарында сабақтың қай-қай бөлімінде болмасын қолдану өте ыңғайлы. Мәселен, оқушыларға мәтінмен жұмыс жасатуда кейбір өздері білмеген сөздердің аудармасын қарауда көбінесе ұялы телефонды пайдалануды, сабақтың мағынаны тану, қызығушылықты ояту, қорытынды бөлімдерінде компьютерлер мен ноутбуктер, ғаламторлар, сондай-ақ Bilimland, I мектеп, Balapan ТҮ, Torhai ТҮ секілді түрлі сайттар мен бағдарламаларды басшылыққа аламын. Аталмыш технологияларды пайдалану барысында, ең біріншіден, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артса, екіншіден өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін мейлінше тез меңгерулеріне мол септігін тигізгендей.

«Егер жаңа технология оқуды жақсарту жағына өзгертуге қабілетті болуға тиіс болса, онда жоспарлау үдерісі пәннің ерекше білімдерін оқушылар қалай

түсінетінін біле отырып, осы білімдердің ықпалдасуын қамтуы керек». Сол себепті, бүгінгі күні білім берудің тиімділігін арттыру үшін оқу үрдісін адамды қоршаған ортадағы болып жатқан өзгерістерді есепке ала отырып, ұйымдастыру қажет екендігі баршамызға мәлім. Әлемдегі орын алған өзгерістер ақпараттық-коммуникативтік технологиялар саласын қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабағына қолдану арқылы келесідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді;
- сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
- оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік береді;
- жеке тұлғаның сипатын дамытуға, шығармашылығын шырдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастыруға көмектеседі;
- тіл, сөздік қор байлығын дамытады;
- өз ойын жеткізуге жан-жақты үйретеді;
- өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады;

Олай болса, көшбасшымыз Н.Ә. Назарбаевтың “Біздің міндетіміз бәсекелестікке лайықты ұрпақ тәрбиелеу” деген сөзін басшылыққа ала отырып, бүгінгі күні тәуелсіз еліміздің көк байрағын көгімізде желбіретержана замандағы жаңа тұлғаны тәрбиелеу педагог қызметкерлердің, яғни біздің зор міндетіміз деп білеміз.

Әдебиеттер

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі сайты: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/activities/3317?lang=kk>
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы.
3. Жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білімдік ресурстарды дайындау стандарты (www.nci.kz)
4. АҚ «Білім беруді ақпараттандырудың ұлттық орталығы» (www.nci.kz) Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институт (www.rpkso.kz)

ДАРЫНДЫ ЖӘНЕ ТАЛАНТТЫ БАЛАЛАРДЫ АНЫҚТАУ ЖОЛДАРЫ

Г.А. Сагнаева

*Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан
Gulzirasagnaeva@mail.ru*

Статья посвящена изучению одаренных и талантливых детей. Речь шла о вопросах обучения, развития одаренных и талантливых детей. Было отмечено, что одаренность и талант распространяются не в каждом ребенке, у одного ребенка рождаются талантливыми и одаренными, а у другого эта черта проявляется в жизненном опыте.

The article is devoted to the study of gifted and talented children. It was about the issues of education, development of gifted and talented children. It was noted that giftedness and talent do not spread in every child, one child is born talented and gifted, and in another this trait is manifested in life experience.

«Бізге керегі шын дарындар. Нарық қол-аяғымызды қалай қыспасын, мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, нағыз әдебиет пен өнерін жасайтын тарланбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті» дейді Н.Ә. Назарбаев [1, 5].

Қазіргі заман бұл бәсекелестік заманы болғандықтан, қайда болсын тек жоғарғы қабілетті, өзіндік жеке ойы, көзқарасы қалыптасқан, бәсекеге қабілетті, ақпараттық технологияларға жақын тұлғаларды қажет етеді. Қазіргі таңда білім беру жүйесі осы заман талабына сай талпынысы мол, ізденімпаз, өз бетінше білім алып, оны іс-тәжірибеде қолдана білетін оқушыларды тәрбиелеу мақсатымен оқытуда. Әр баланың белгілі бір нарсеге деген талпынысы жастайынан айқын көрінеді. Баланың дарындылығы мен талантын дамыту жұмыстарына неғұрлым ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым онымен жұмыс жасау, сол қасиеттерін ашуға толық мүмкіндік пайда болады. Дарынды және талантты балаларды оқыту, дамыту әр кезеңде де өзекті мәселелердің бірі болған. Дарын мен талант әр баланың бойына бірдей тарамайды, бір баланың бойына таланты мен дарыны туа бітсе, ал енді бірінде бұл қасиет өмірлік тәжірибеде байқалады. Бұл екі қасиетті ғалымдардың бірі бір деп жатса, бірі бұл екі түрлі бір-бірінен айырмашылығы бар қасиеттер деп жатады. Сонымен, бұл екеуінің қандай қасиет екенін ажыратып көрейік.

«Дарын» немесе «дарындылық» бұл оқушыда мұғалім беретін білім мен тәрбиені қабылдау жолында ғана емес, сонымен қатар оқушының талпынысы, білімге деген құштарлығы, жемісті еңбектенуінің нәтижесінде жетістікке жетуінен байқалады [2, 47]. Дарындылыққа педагогикалық энциклопедияда төмендегідей анықтама берілген: «Дарындылық-белгілі бір әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі» [3, 34].

Дарынды баланы қалай тануға болады? Белгілі зерттеуші Н.С. Лейтес қабілетті балалардың 3 категориясын анықтап берген болатын.

Бірінші категория – ой-өріс қабілеті ерте жастан байқалған балалар.

Екінші категория – жеке бір іс-әрекет түрімен белгілі бір мектептегі ғылым түріне қабілеттілігімен көзге түскен оқушылар.

Үшінші категория – дарындылық күш-қажырымен ерекшеленетін оқушылар [4, 27].

Ең басты міндет бұл мұғалімнің осындай талабы зор ізденімпаз оқушыны көптің арасынан байқап оны әрі қарай жетілдіруде қажырлы, тынымсыз жұмыс жасау. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде жаңа технологиялармен оқыту енгізілген, соған орай дарынды оқушымен де жұмыс жасау үшін сол технологияларды және әдістерді пайдаланған тиімді. Мәселен зерттеу, дамыту, жеке жұмыстар, сын тұрғысынан ойлау әдістерін қолдану арқылы оқушының ой-өрісін, қиялын ұштауға, қабілетін ашуға, тілін, сөздік қорын байытуға болады. Әрине, мұғалім бұл үшін өз алдына жоспар құрып, әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, шығармашылықпын айналысуына оқушы бойында сенімділігін арттырып, оны жетілдіру мақсатында міндетті түрде мектеппен, ата-анасымен қарым-қатынаста болуы қажет. Сонымен, біз дарынды баланың өз құрдастарынан ерекше қасиетімен, ой өрісінің жоғарғы деңгейде болуымен ерекшеленетін және де талабы мен еңбекқорлығының нәтижесінде үлкен жетістіктерге жеткен оқушы деген қорытындыға келдік.

Негізінде, ұстаз өз шәкіртінің дарынды немесе талант екенін анықтау үшін, осы ұғымдардың мазмұндық жағынан қарастыра білуі керек. Мәселен, оқушы бір пәннен ғана емес, бірнеше дерлік мектеп пәндерінен тыс та өзін өте жоғары нәтижеде көрсетуі мүмкін. Оған біз оның өнер, спорт, музыка, т.б. көптеген салалардан ерекше талант иесі екенін байқатуы ықтимал. Сондай-ақ тек бір салада ғана дарындылық қасиетін танытса, басқа салаларда қиындыққа тап болып, тығырықтан шықпай қалуы ғажап емес. Бірде қабілеті артып жатса, бірде ол қабілеттерін танытпай қалуы да әбден мүмкін. Оқушының дарындылығы мен талантын анықтап, оның бұл қасиеттері туа біткен немесе жүре пайда болғандығы жайлы мәселелер әлі күнге дейін ғалымдар үшін көкейсті мәселелердің бірі. Дарындылық пен талантты саралайтын болсақ, дарындылық бұл қабілет немесе зияткерлікке, ал талант болса, музыка, өнер, спорт, қолөнер, тағы да осылар сияқты салалармен тығыз байланыста болады деген ойға келдік. Жоғарыда біз «дарын» не «дарындылық» сөзінің мағынасын ашып, оның қандай қабілет екендігін мүмкіндігімізше анықтап көрдік.

Ал енді, «талант» сөзінің мағынасына тоқталып, бұл қандай қабілет екенін айқындап көрейік. Талант – арнайы қабілеттерінің дамуының ең жоғарғы деңгейі [5, 29]. Ғалымдардың зерттеулеріне көз салсақ, олар көбінесе талантты тума қасиетке жатқызады. Алайда, кейбір ғалымдар онымен келіспей, керісінше мынадай тұжырымға келген: адам бойында туа біткен қандай да бір іске қабілеті болуы мүмкін, және де ол оны қолданатын болса, оның дарындылығын байқай аламыз, ал егер сол қасиеттерін ары қарай жетілдіріп, дамыта алса, онда ол қабілеттері талантқа айналады. Өкінішке орай, бұл қасиеттерді ары қарай дамытпаған жағдайда ол тек қана қабілет негізі болып қала береді. Талант иесі негізінен бұрын ешкім қол жеткізе алмаған немесе тіпті ойлап таппаған дүниені ойлап таба алады.

Белгілі ғалым Гетенің айтуы бойынша: «Адам бойында 1 пайыз талант, 99 пайыз маңдай терін төгіп, еңбектенсең» болады. Шынында да, талант иесі болсаң да, дарын болсаң да тыңбай еңбектенсең ғана өзінді биік шыңдардан көре аласың. Адам әрдайым өз ісіне сын тұрғысынан қарайтын болса, одан бір нәтиже шығара алса сонда өз қабілеттерін айқын аңғара алады. Қабілеттер адам бойында екі түрлі деңгейде қалыптасады. Бұларға біз репродуктивтік және шығармашылық деңгейлерді жатқызамыз. Бастапқы, яғни репродуктивті деңгей адам күнделікті жасайтын іс-әрекеттерді жатқыза аламыз: оқи алу, жазу, әртүрлі тапсырмаларды орындау, есеп шығару, ал шығармашылық деңгейге осы іс-әрекеттерді орындау барысында ерекше бір қабілеттіліктің дамуы деп білеміз. Әрине, алғашқы деңгейде кез келген адам баласы өз бойында қабілеттіліктің дамуы үшін оқу оқиды, білім алу сынды іс-әрекеттерді жүзеге асыруда соған икемділігін көрсетуге тырысады. Ал екінші деңгейде оның жаңа бір дүниелерді, заттарды ойлап тауып, туғызу арқылы қалыптасады. Қабілеттің қай түрі болмасын еңбекпен ғана іске асады. Ешбір жан маңдайын терін төкпей, оның бойындағы қабілеттің дамуы мүмкін емес екені рас. Қабілет ерік, жігер, ойлау, қажырлы мінез бен күш-қайраттың, ұшқыр қиял сынды адамның ішкі жан қуаттарының түрлі жақтарымен байланысты болып келеді. Қабілетті адам шығармашылықпен айналыспай, өз ерекше қасиеттері мен бір нәрсеге бейімділігін, қанша жерден талантты болса да оны жоғалтып алуы мүмкін.

Себебі, бұл өмір тәжірибесінде дәлелденген ақиқат саналады. Адам баласы туғаннан баста, бір өнерге, бір салаға не қызметке икемді болып дүниеге келеді. Яғни, адамда бір нәрсеге талап, ыңғай, талпыныс, қабілет болады. Бірі бала оқытса, бірі адамның денсаулығының жақсы болуы үшін қызмет етеді, ал тағы бірі бір нәрсені басқара алады, сөзге шешен бола алады, бірі тігінші бола алады, жазушы не әскери қызметкер болады, сонымен әркімнің әр нәрсеге деген қабілеті болады. Кез келген адам өз ыңғайы келетін нәрсемен айналысса, соған қарай қызмет жасаса, ол өз еңбегімен қоғамға, мемлекетке пайдасын тигізеді. Менің ойымша, тіптен қабілетсіз адам болмайды. Тек кебйіреулері өздері жалқаулық таңытып, қабілетін көрсете алмай жатады. Бірақ, адам өз қабілетін толыққанды көрсете алмаған жағдайда оны мүлдем жарамсыз деп айтқан дұрыс емес. Біз мұғалім ретінде өз тәжірибемізде мерекелік іс-шаралар кезінде оқушыларды барынша қатыстыруымыз керек. Сонымен қатар, бұл жерде өте ұяң, ұялшақ, көп сөйлемейтін оқушыларды алға тарту керек. Себебі, кез келген баланың әсіресе мектеп оқушыларының бойында бір нәрсеге деген қабілеті болады. Мәселен, ән айту, билеу, сурет салу, спорт түрлеріне жақын болуы, т.б. Сондай-ақ оқушыға бір жұмыс арту, оның өзіне деген сенімділігін, құлшынысын оятады.

Сонымен, дарынды және талантты балаларды тәрбиелеу мен оларға білім беру үшін педагогикалық әрі психологиялық жағдайларды дұрыстап, зияткерлік оқу орындардың көп болуын қажет етеді. Ондай қабілеттері бар оқушыларды бақылап зерттеу аса тиянақтылықты қажет етеді және асығыстық жасауға болмайтынын ескертемін. Дарынды, талантты жасөспірімдер біздің еліміздің алға қадам басып, гүлденуіне зор үлес қосады деген ойдамыз.

Әдебиеттер

1. ҚР Білім туралы заңы. – Астана, 2007.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық \ Үшінші (негізгі) деңгей. – 2012 ж.
3. Дарынды балалармен жұмыс // Қазақстан мектебі. – 2008. – №6 – 34 б.
4. Үздік білім берудің жолдары // Мектеп директоры. – 2010. – №1 – 27 б.
5. Дарынды оқушымен жұмыс // Мектеп директорының орынбасары. – 2010. – №1 –

29 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ж.К. Сағынтаева, Б.П. Сәбит

*Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан
zhuldyz.sagyntaeva@mail.ru, balnur199918@mail.ru*

В воспитании конкурентоспособной, всесторонне развитой личности в образовательном процессе важное место занимает понятие «компетентность». В статье раскрывается сущность понятия «компетенция» в образовании, а также определяется роль «коммуникативной компетенции» в освоении предмета «казахский язык» в развитии познавательных, языковых, коммуникативных, мыслительных способностей обучающегося. Это подтверждается мнением ученых. Дается подробное определение «деепричастной компетенции» и предлагается направление задач, которое должно быть составлено.

In the upbringing of a competitive, comprehensively developed personality in the educational process, the concept of «competence» occupies an important place. The article reveals the essence of the concept of «competence» in education, and also determines the role of «communicative competence» in mastering the subject «Kazakh language» in the development of cognitive, linguistic, communicative, and thinking abilities of a student. This is confirmed by the opinion of scientists. A detailed definition of «participial competence» is given and the direction of tasks to be drawn up is proposed.

Жаһандық білім беру саласы білімді жаттанды түрде емес, күнделікті өз өмірінде проблемаларды шешу барысында қолдана алатындай бәсекеге қабілетті дербес тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Бұл тұрғыда еліміздің білімдендіру үрдісінде қазақ тілі пәнінің алатын орны ерекше деуімізге болады. Пәнді меңгере отыра білім алушы сөйлемді оқып түсіну, мәтіннің мазмұнына дендеу, ол арқылы өзіндік көзқарас қалыптастыру, сыни көзбен қарау, пікір білдіру, оны ауызша, жазбаша түрде сауатты әрі көркем тілмен жеткізу, шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастырады. Кез келген ортада ойын білдіре алады. Халқымыздың ата дәстүрі, салт-санасы, тарихы мен болмысын таниды. Мұның бәрі мектеп жасында қалыптасуы тиіс.

Жалпы мақала тақырыбы болып алынып отырған «құзырет» мәселесі оқыту үрдісіндегі көптеген зерттеуші ғалымдардың пікірін қорытындылай келсек, «құзыр» – қайсібір тапсырманы орындауға деген қабілеттілік, «құзырет» дегеніміз қандай да бір адамның өкілет шеңбері, яғни сол айналадағы түсінік-танымы, сол туралы білімі дегенге келіп саяды. Сол «құзыреттен» «құзыреттілік» туындайды. Бүгінгі күні «құзыреттілік» ұғымы оқыту үдерісінде білімді қолданудың негізгі нәтижесі ретінде қарастырылуда.

«Құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында американдық ғалым Ноам Хомский енгізген болатын, бастапқыда ол «ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіктер» – деген түсінік берді [1, 415].

Ғалым Ниязбекова Күланда Сарсенқұлқызы «Шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған білім беру негіздерінің бірі» еңбегінде «Оқыту үрдісінде «құзыреттілік» ұғымы оқушылардың білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы болып табылады» дейді. Мырзабаев Аманай Байтурымович «Шығармашылықты дамытуда белсенді оқытудың дидактикалық мүмкіндіктері» еңбегінде «Құзыреттілік түсінігі көп аспектілі жан-жақты ұғымды білдіреді» дегенді айтады. Ю.Н. Кулюткин бойынша: «құзыреттілік – тұлға мінездемесі» [2, 11–12]. Ғалым К. Құдайбергенованың құзыреттілік ұғымын зерттеуге бағытталған көптеген салмақты еңбектері бар. Соның бірінде: «Құзыреттілік» ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде енгізіліп отырған ұғым. Құзыреттілік белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді [3, 31]. Н. Кузьмина, А. Маркова, К. Махмуриян бойынша: Құзыреттілік – білім, білік ұғымдары арқылы анықталатын тұлғаның жеке қасиеті. Р. Уайт, Х. Хершген бойынша: құзыреттілік – тұлғаның ерекше қабілеті. Ғалым С.М. Вешнякованың «Кәсіптік білім беру» сөздігінде: «Құзыреттілік (латын сөзі) *competenens* – қабілетті, қатысты деген мағынада.

Белгілі бір саланың тұлғаларының білімінің, білігінің, тәжірибесінің сәйкестігінің мөлшері» деген анықтама берілген болса, А.В. Баранниковтің айтуынша: «Құзыреттілік дегеніміз – өз бетінше іске асырылатын қабілеттілік, ол оқушының алған білімдеріне, өмірдегі тәжірибелеріне, құндылықтарына негізделеді». Ал ғалым Дж. Равен «құзыреттілік» терминіне «жеке тұлғаның көп қасиеттерін топтайтын ұғым» деген анықтама береді [2, 12].

Ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, біз «құзыреттілік» ұғымына – оқушылардың жеке тұлғалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдануы деген анықтама бере аламыз.

Яғни қазақ тілі пәнін оқытқанда одан алынған білім нәтижесі білім алушылардың күнделікті икемі мен дағдысына, білігіне, күнделікті тәжірибедегі іскерлігіне айналуы керек. Таным-түсінігі тереңдеуі тиіс. Ол қай уақытта іске асады? Мысалға біз қазақ тілі пәні бойынша сабақ өткізуде неге көңіл аударамыз? Мәселен сын есім тақырыбын алайық. Сын есімнің сөйлемдегі қызметі деген тақырыпты өткенде, қандай мақсат қоямыз? Сын есімнен алған білімдерін еске түсіру, сөйлемдегі атқаратын қызметін анықтау, қандай сұраққа жауап береді деген сияқты тапсырмаларды орындатамыз. Қандай мағынада жұмсалып тұрғаны, ойды жеткізудегі қызметіне көңіл бөлгізу жұмыстары орындалмай қалады. Мысалға: *Қалың* елім, қазағым, *қайран* жұртым, ұстарасыз аузыңа түсті-ау мұртың (А. Құнанбаев). Осындағы сын есімдерді тауып, қандай сөйлем мүшесі болып тұрғанын анықтаймыз, бірақ ой жеткізуде қандайлық қызметі бар дегенге көңіл аудартпаймыз. Сондай жұмыстардың жүргізілуінен білім алушыда сөз саптау, көркем сөйлеу, ойын әдемі де толық жаткізу, мәнерлеп оқу деген қабілеттер қалыптаспайды. Ал егер «қалың», «қайран» сын есімдері ақынның қандай ойын жеткізу үшін жұмсалып тұр деген сұрақтар қойылып, анықталатын болса, оқушы сын есімнің функционалдық жағын көбірек меңгеретін еді. Ақынның ойын жеткізудегі қолданған сөз шеберлігіне тамсанар еді. Әрі сол кезеңді көз алдына елестетіп, ақынның жан айқайын, халқына деген шынайы жанашырлығын сезінеді. Ақындарға деген көзқарасы тереңдеп, беретін бағасы зор болады. Ұлы Абай бейнесін тереңнен тани түседі.

Қазір білім мазмұны түбегейлі өзгерді. Оған сәйкес мақсат, міндет, талап, оқыту үрдісі де өзгерді. Қазіргі оқытуда білім алушының өзі ойланып, шешім табуына, сыни көзқарастарын қалыптастыруға, өзіндік ой-пікір, тұжырым айта білуге икемдеп, қалыптастыру басты мәселе боп қарастырылуда. Міне, осы тұрғыдақұзырет ұғымы ерекше орын алады. Зерттеуші ғалымдардың пікірі бойынша, құзырет тек білімге ғана емес, біліктілікке жақынырақ екенін байқадық. Яғни құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдардан тұрады. Бірақ осылардың жиынтығы емес, сонымен бірге ол білім алушының шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік тәсіл білімдік парадигмадан біртіндеп мектеп бітірушінің қазіргі көпфакторлы әлеуметтік-саяси, нарықтық-экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық қаныққан кеңістік жағдайында тіршілік ету әлеуетін, қабілетін көрсететін құзыреттер кешенін игертуге жағдай жасау дағдыларын қалыптастыруға қарай бет бұруды білдіреді.

Қазақ тілі пәнін меңгеруде меңгертілетін құзыреттіліктердің бірі – қатысымдық (коммуникативтік) құзыреттілік. Олсөйлеу әрекетінің барлық түрін (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым), тілдің ауызша, жазбаша нормаларын, тілді қажетті жағдаятта жас ерекшелігіне қарай қолдана алу іскерлігі мен дағдысының болуын талап етеді. Яғни кез келген ортада тіл мәдениетін, әдебилігін сақтай отырып, байланысқа түсе білу; шығармашылық қабілетін таныту, көзқарасын білдіріп, пікірлесе алу шеберлігінің болуын қарастырады.

К. Құдайбергенова тұлға құзырлығын қалыптастыру жолдарын былай атап көрсетеді:

– білім беру жүйесіндегі жүйеге кіретін бала жүйеден шыққанда түлек болады;

– тұлғаның ұжымға енуі арқылы әлеуметтік-психологиялық сипаты көрінеді [3, 32].

Құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру барысында ғалымдар төрт түрлі аспектіні көрсетеді:

– түйінді құзыреттер;

– жалпыланған пәндік біліктіліктер;

– қолданбалы пәндік біліктіліктер;

– өмірлік дағдылар [4, 265].

Аталған төрт аспектінің оқушыларды оқыту барысында атқаратын қызметі айрықша. Логикалық ойлау жүйесі жоғары дәрежеде дамыған, өзі қызығушылық танытып отырған мәселе бойынша сұрақ қойып, жауап алудан қымсынбайтын, алып отырған ақпарат көлеміне өзіндік зерттеу жүргізіп, саралай алатын оқушы қалыптастыруда құзыреттіліктің қатысымдық түрінің рөлі айрықша.

Әдебиеттер

1. Хомский Н. Синтаксические структуры // Новое в лингвистике. – М., 1962. – Вып. II. – С. 412-527.

2. Мырзабаев А.Б. Шығармашылықты дамытуда белсенді оқытудың дидактикалық мүмкіндіктері. Қарағанды: Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, 2004. – 30 б.

3. Құдайбергенова К. Құзырлық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 2008. – Б.30- 32.

4. Оразбаева К.О. Педагог мамандардың жаһандық құзыреттілігін қалыптастырудың кейбір мәселелері // «ЖОО-на кейінгі білім беру жағдайындағы ғылыми-педагогикалық әлеуетін дайындаудың өзекті мәселелері»: Абай атындағы ҚазҰПУ ғылыми-тәжірибелік конф. матер. – Алматы, 2012. – Б. 263-268.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА АЙТЫЛЫМ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ

А.А. Сарсенова

*Павлодар қаласының №21 жалпы орта білім беру мектебі,
Павлодар қ., Қазақстан
sarsenova-1983@mail.ru*

Улучшение и развитие разговорной речи учащихся, языковой культуры, качественного образования – одна из основных задач, стоящих сегодня перед школьными учителями и языковедами. Все упражнения на уроках казахского языка должны быть адаптированы к развитию языка учащихся. Урок языка был в основном направлен на обучение наших студентов нашему языку. Поэтому особое внимание я уделяю развитию разговорной речи учащихся за счет эффективного использования стратегий произношения, руководствуясь принципом, что «на уроках казахского языка и литературы необходимо обучать навыкам соблюдения норм нашего литературного языка».

Improving and developing students' spoken language, language culture, quality education is one of the main tasks facing school teachers and language specialists today. All exercises in the Kazakh language lessons should be adapted to the development of students' language. The language lesson was mainly aimed at teaching our students our language. Therefore, I pay special attention to the development of the student's spoken language through the effective use of pronunciation strategies, guided by the principle that «in the lessons of the Kazakh language and literature should be taught the skills of compliance with the norms of our literary language».

Айтылым стратегияларын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тиімді қолдану арқылы өзге ұлт оқушыларының қазақ тіліндегі сөздік қорларын дамытып, өз ойларын қазақ тілінде еркін жеткізе білуге үйрету.

Тіл-ойдың құралы. Адамның ойлауы тек тіл арқылы ғана баяндалады. Біздің тіліміз ойлаумен тығыз байланысты. Баланың тілін дамытумен қатар біз оның ойын да дамытамыз.

Қазақ тілі мұғалімнің негізгі міндеті – оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту. Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқушылар қазақ тілін оқу барысында мұғалімнің қойған сұрақтарына түсініп, оған жауап қайтаруға, үйренген сөздерін бұзбай айтуға, әсіресе, құрамында қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолданып, сөйлемді дұрыс құруға үйретіледі. Сондықтан да мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамытуға, байланыстырып сөйлеуге, яғни айтылым дағдыларын дамытуға айрықша назар аударуы тиіс.

Айтылым – адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Ол – тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару үдерісі, өз сөзін екінші біреуге ұғынықты етіп жеткізу. Айтылым – ауызша вербалдық қарым-қатынас (тыңдалыммен бірге) арқылы жүзеге асатын сөйлеу әрекетінің өнімді түрі. Айтылым мазмұны – ауызша түрде ойды жеткізу.


Оқушыны қазақ тілінде ойын ауызша жеткізе білуге үйрету деген – ең алдымен өмірде оны екінші адаммен түсінсе білуге үйрету, ойын ауызша

жеткізіп қана қоймай, оған жауап ала білуге, өзара ұғынысуға, тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйрету деген сөз.

Айтылымның стратегиялары мынадай:

1. Жатқа айту.
2. Сұраққа жауап беру.
3. Сұрақ құрау.
4. Сурет бойынша әңгімелеу.
5. Түсіндіру.
6. Өз ойын айту.

Бұл стратегияларды Блум таксаномиясына салатын болсақ:



Сабақта айтылым стратегияларын Блум таксаномиясы арқылы жүзеге асыру оқушылардың тілін дамытуда жүйелі нәтиже береді. Себебі сабақта оқушылар мақсаттар жүйесінің қай деңгейін орындап отырғандарын біледі және орындауға тырысады.

Сонымен қатар айтылым дағдысын дамытуда сұрақ қою, оқушылардың өздеріне сұрақ құрату ең тиімді тәсілдер. Сондықтан да сабақта ұйымдастырушы ретінде жұмыс атқарып, оқушыларға өзіндік білім алуға мүмкіндік беруге тырысу қажет.

Соның бірі сабақта жоғары дәрежелі сұрақтар қою арқылы оқушылар ақпаратты қолдануға, қайта құруға, бағалауға, талдауға үйренеді. Бұл оқушының айтылым дағдысын жетілдіреді.

Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрлі тәсілдері бар. Олар: түрткі болу, сынақтан өткізу және басқаға бағыттау.

Түрткі болуға арналған сұрақтар бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет. Бұл тәсіл оқушының өткен тақырыпты қайталауына, есіне түсіруіне түрткі болады.

Сынақтан өткізуге арналған сұрақтар оқушыларға қойылған сұраққа толық жауап беруге, өз ойларын дәлелдеуге итермелейді. Бұл тәсілде «Мысал келтіре аласыз ба?» деген сұрақ жалғасын табады.

Басқаға бағыттау тәсілінде бастапқы қойылған сұрақ «Көмектесе алатындар бар ма?», «Кім көмектеседі?» деген сұрақтар арқылы басқа оқушыларға қайта бағытталып қойылады [4; 42].

Сабақ барысында сұрақ қою кезінде «Сұрақты қағып ал», «Шаңырақ», «Өрмекшінің өрмегі», «Кезбе тілші», «Қолыңды төмен ұста», «Бес қадам», «Ыстық орындық» әдістерін қолданған тиімді.

Әр сабақта сұрақ қою, сұраққа жауап беру тапсырмаларын қолдану арқылы, қате жауаптың өзі дұрыс екенін түсіндіру арқылы оқушылар сұрақ қоюға, жауап беруге де үйренеді.

Ал сұраққа жауап бере білген оқушы сұрақ құра білуді үйренеді. Сұрақ құра білген оқушы басқаға түсіндіре алады, сурет бойынша әңгімелей алады, ең соңында өз ойын жеткізе білуге үйренеді.

Сонымен қатар күнделікті сабақта, жаттығуларды ұйымдастыруда оқығанды және тыңдағанды тексеру үшін **диалогтік әдісті** қолданған дұрыс деп санаймын. Себебі диалогты күнделікті қолдану арқылы оқушының сөйлеу тілі дамиды.

Диалогтік әдісті қолдана отырып, оқушылардың сұрақтарды, өтінішті, таңдануды, бұйырды қолданып, бір-бірімен әңгімелесе білуге, мәліметтерді нақтылауды сұрауға, келіспеушілік, толықтыру, тілдік материал көлемінде өзара пікір алыса білуге дағдыландырамыз. Әр түрлі диалогтар құруға машықтанады.

Диалогпен жұмыс істеген кездегі қолданылған лексикалық материалдар оқушылардың сөйлеу тілінің белсенді қорына айналады. Жатталған диалогтар оқушылардың жаңа диалогтар құруының негізі бола алады.

Сонымен қатар айтылым дағдысын дамытуда «Қос шеңбер», «Броундық қозғалыс», «Позиция таңдау», «Карточкадағы терминдер», «Бұрыш» әдістерін қолданған тиімді.


Қос шеңбер – оқушылар екі шеңбер құрап отыруы керек: ішкі және сыртқы. Мұнда ішкі шеңбер тұрақты болады, ал сыртқы шеңбер ауысып отырады. Шеңбердегі оқушылар саны бірдей болулары қажет. Сыртқы шеңбердегі оқушылар қолдарында сұрақтары жазылған парқшалар болады, олар орын ауыстыру кезінде бұл мәселелер бойынша бірнеше жолдасымен әңгімелесіп, жауап алумен айналысады. Жұмыс соңында оқушылар талқылаудың қорытындысын сыныпқа жарылайды.

Броундық қозғалыс – оқушылар сыныпты шарлап, талқыланатын мәселе бойынша ақпарат жинап, басқалармен пікірлеседі. Бұл тәсілді қолданғанда оқушыларға партаға отыруға болмайтыны ескеріледі.


Позиция таңдау немесе Бұрыш – қандай бір тұжырым оқылады, оқушылар «Иә», «Жоқ», «Мүмкін» деп жазылған плакаттардың жанына келіп тұрады. Жиналған оқушылар ақылдасып, неге осы позицияны таңдағаны туралы айтады.

Карточкадағы терминдер – оқушыларға карточка таратылып беріледі. Әр қағаз қиындысында тақырып бойынша бір термин не сөз жазылады. Оқушы сыныпты аралап жүріп, осы сөзді 5 оқушыға түсіндіріп беруі керек.

Міне, осындай әдістерді әр сабақта тиімді қолданудың арқасында оқушылардың ауызекі сөйлеуі дамыды.



5–6 сыныбында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында айтылым стратегияларының қолданылу нәтижесі



5 «В» орыс сыныбындағы қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында айтылым стратегияларының қолдану нәтижесі

Қорытындылай келе, сабақтарымда айтылым стратегияларын тиімді қолданудың мынадай тиімді жақтары бар екеніне көз жеткіздім:

1. Оқушының оқуға деген ынтасы артады;
2. Әр оқушы жұмыс істеуге дағдыланады.
3. Өзгелерді оқыту арқылы оқушылар тілдерін жетілдіреді;
4. Ең бастысы оқушы қазақ тілінде өз ойын жеткізе білуге үйренеді.

Сонымен айтылым – тілді үйрену жолындағы маңызды баспалдақ. Ол адамзаттың қоғамдағы әлеуметтік орнын, қызметін көрсететін күрделі әрекет. Өйткені сөйлесім адамға тән әр түрлі үрдістердің басын біріктіріп, оның адамдық қасиетін білдіретін басты өлшемдердің біріне айналады. Қазақ тілінде сөйлеуге үйрету арқылы оқытушы үйренушіге ойын қазақша жеткізе білумен қатар, пікір айтуға, көзқарасын білдіруге де тәрбиелейді.

Әдебиеттер

1. <https://articlekz.com/kk/article/27911>
2. Әлметова Ә. Сөйлеу әрекет әрекеттері түрлеріне оқыту (әдістемелік құрал). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.
3. Оразбаева Ф.Тілдік қатынас. – Алматы: «Сөздік – словарь» баспасы, 2005.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

**ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ҮЛГІЛЕП ОҚЫТУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ****Б.Ж. Сарыбаева***Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан
Bayanjan73@mail.ru*

В статье рассматривается об определениях слова «технология» учеными. Развитие и процветание страны зависит от наиболее конкурентоспособных молодых людей с высоким научным потенциалом. В цивилизованных странах воспитание и образование будущих поколений рассматривается как важнейшая и решающая задача государства. Народ, сумевший создать максимально эффективную систему образования для максимального развития умов молодежи, будет иметь высокую репутацию.

The article describes the definitions of the word «technology» by scientists. The country's development and prosperity depends on the most competitive young people with high scientific potential. In civilized countries, the upbringing and education of future generations is seen as the most important and decisive task of the state. The people who managed to create the most effective education system for the maximum development of the minds of young people will have a high reputation.

Бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру – мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып отыр. Еліміздің дамуы мен өркендеуі, келешегі білімді, бәсекеге барынша қабілетті, ғылыми потенциалы жоғары жастарға тікелей байланысты. Білім беру саласының ел болашағы үшін, қосар үлесі мен ұлт алдындағы жауапкершілігі аса маңызды. Қазіргі таңда педагогикалық жаңаша үрдістерде білім мен тәрбие берудегі ізгілендіру, жариялылық, педагогикалық ынтымақтастық, ғылыми әдістемелік, тың ізденістерге сүйене отырып, жаңашылдыққа талпыну қажет. Әр сабақта оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғылымдық коммуникациялық желілерге шығу, жаңа платформаларды қолдану – қазіргі уақыттың басты талабы болып отырғаны анық.

Технология – гр. сөзі. Яғни, өнерпаздық, шеберлік, іскерлік деген ұғымды білдіреді. «Педагогикалық технология» дегенімізді, белгілі ғалым-педагог В.П. Беспалько өзінің «Слагаемое педагогической технологии» деген еңбегінде былай дейді: «Оқу – тәрбие үрдісінің алдын – ала жүйелі түрде жоспарлануы және оның тәжірибеде жүзеге асу жобасы». [3, 15]

Ал В.М. Монахов болса: «Педагогикалық технологиялар дегеніміз – оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастыру мен жүргізудің ойластырылған моделі», – деп түсіндіреді. Сондай-ақ, ХХ ғасырдың басындағы ұлттық ойшылдарымыз

болса Ж. Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңаны табатын өнер», – деген екен. ЮНЕСКО-ның анықтамасы бойынша, педагогикалық технология дегеніміз – бүкіл оқу үрдісі және бір-біріне өзара әсерін, білім берудің формасын оңтайландыру міндеттерін ескере отырып меңгеруді жүзеге асырудың жүйелі әдісі. М. Кларин «Педагогикалық технология – бұл педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы мен жұмыс істеу реті» деп жазады. Педагогикалық жүйемен берілетін білім ғана жеке тұлғаның дамып, жетілуін жүзеге асырады. Дегенмен, кез-келген технология – инновациялық іс-әрекет-оқушылардың білім деңгейін шығармашылық деңгейге жеткізу жолы [4, 56].

Өзін-өзі дамыту әр оқытушының – рухани байлығы. Заман талабына сай әр адам жеке өзіндік білімін жетілдіріп отыруға міндетті. Себебі, қазіргі кезеңде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, ол әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Күн сайын тіпті, сағат сайын қоғам өзгеріп, жаңа технологиялар мен әдістер қолданысқа енуде. Осыған орай мемлекеттік білім беру саласы оқытушыларының алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі- инновациялық оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру, жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан – жақты маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалды, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу – тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі таңда егеменді еліміздің болашағы дарынды, білімді, ізденімпаз жастарға байланысты. Сол себепті білім беру ұйымдарының алдында тұрған басты міндет – өзіндік айтар шығармашылық ойы пікірі бар, саналы, белсенді азамат тәрбиелеп шығару, компьютерлік сауаты мен ақпараттық мәдениеті қалыптасқан, бүгінгі кезеңде өзіне де, өзгеге де саналы ақыл көзімен қарай алатын бәсекеге қабілетті, бойында адамгершілік қасиеттер мен адамдық құндылықтар дарыған жеке тұлғаны дамыту мақсатын қойып отыр. Сонымен қатар озық технология әдістері әр білімалушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, оның жан-жақты дамуына ықпал ете алатын, өздігінен ізденіп шығармашылықпен жұмыс істеп, танымдық күзіреттілік қабілетінің жоғарлауына, сөздік қоры дамып, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді.

Әдіскер-ғалым, халық ағарту ісінің шебер ұйымдастырушысы – Серғазы Қалиевтің пайымдауынша, оқытушының бойында 3 түрлі қасиет болуы керек. Біріншіден, саяси сауатты, жан-жақты эрудициялық мол білімінің болуы шарт, екіншіден, өз бойындағы білімді білі алушының жүрегіне ұялата алатындай әдіскерлік шеберлік қажет, үшінші, білім алушылардан әдеби білімді меңгеру дәрежесін сабақ үрдісі үстінде айқын анықтайтын, олардың психологиялық ой-сезімінің өсу, даму өресін бақылап сезе білетін, білім алушылардың бойында, психологиясында әсерленушілік сезім тебіренісін туғыза алатын шебер психолог болуы керек [1, 85].

Бүгінгі күні жеке адамды қалыптастырып дамыту, оған терең білім беру мақсатында көптеген білім беру технологиялары ұсынылуда. Атап айтсақ:

П.М. Эрдниевтің «Дидактикалық бірліктерді шоғырландыру». /УДЕ/ технологиясы, Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың «Дамыта оқыту технологиясы», В.Ф. Шаталовтың «Оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту» технологиясы, К. Вазинаның «Модульді оқыту» технологиясы және басқа да көптеген ғалымдардың кеңінен танымал технологиялары бар. Қазақстанда Ж.А. Қараевтың, Ә. Жүнісбектің, М.М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде» т. б. ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде қолдануда. Қайсысының болмасын мақсатына үңілетін болсақ, білім алушының жеке тұлға болып қалыптасып дамуына жағымды жағдай жасау.

Оқытушылар қауымы бұл технологиялардың барлығын да білуіміз керек. Сонымен қатар өз сабағымызда қолайлысын сұрыптап алып тиімді қолдануымыз шарт. Қазіргі сабақтарда білім алушылардың өзіндік шығармашылығын арттыру мақсатында ең жиі басшылыққа алынатын әдіс

Мемлекеттік сыйлық иегері, ҚР еңбек сіңірген мұғалімі Қ. Бітібаеваның «Конструкторлық жобалау, яғни үлгілеп оқыту» технологиясы. Бұл технология бойынша жұмысты орындаған әрбір адам алгоритм бойынша жекелей талдаудағы білімін бір жүйеге түсіріп, теориялық ұғымын кеңейтіп, әр бағыт бойынша сызбаға түсіріп, модель арқылы білімін жинақтайды, шығарманы толық меңгеріп, өз ойын, автордың позициясын жан- жақты талдай біледі. Модель оқушы іс-әрекетін белгілі бір мақсатқа жүйелейді, бағыттайды, тәртіпке салады, ғылыми еңбектермен жұмыс жасауға баулиды. Үлгілеп оқыту технологиясы білім алушылардың әдебиет сабағынан өлеңдерді, әңгімелерді, проза, повесть, роман, поэмаларды оқығандарын жүйелі тексеру үшін өте қолайлы. Сонымен қатар технологияның тиімділігі білімді шыңдайды, жобалауға үйретеді, көзқарасын қалыптастырады, кез келген ақпаратты зерделей, зерттей оқуға машықтандырады, бүгінгі күнмен салыстырады, байланыстырады, негізгі керекті мәліметтердің барлығын да алады. Оқытушы оқыту кезінде билік жүргізу әдісінен арылып, білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын білім алушы екендігі аңғарылады. Ең соңында, білім алушылардың оқуға деген ынтасы күшейіп, бүгінгі талапқа сай білімді өздігінен меңгереді, ойлау, көру, есте сақтау қабілеттері, көпшілік алдында шығып сөйлеу, шығармашылық қабілеттері дамиды. Бұл тапсырманы жеке, жұпта, топта, ұжым болып та орындай алады. Жаңа сабақты меңгеруде ең тиімді, қолайлы тәсілдердің бірі, білім алушыларды мәдениетті қарым-қатынасқа, ұйымдасып іс істеуге баулиды. Үлгілеп оқытудың талдау сызба-бағыттары шексіз, ол оқытушының сабақты ұйымдастыру шеберлігіне орай икемделіп қалауы бойынша жүргізіледі.

Мысалға: **С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы** бойынша білім алушылардың шығарманы меңгергендіктерін төмендегі талдау жұмыстарын беру арқылы байқауға болады.

1. **Тақырып** – Әлеуметтік теңсіздік, әйел теңсіздігі.
2. **Шығарма мұраты** – Қазақ жастарының бас бостандығы, қыздарды қалың малға сату.
3. **Негізгі кейіпкерлер** – Қамар, Ахмет, Омар, Нұрым.
4. **Қосалқы кейіпкерлер** – Оспан, Қалтан, Қасен, Жәуке, Жұмабай, т.б.

5. Әдеби бағыт – реализм, сыншыл реализм, Жанры-проза, поэзия-проза.

6. Салт-дәстүр – Аттастыру, қызды қалың малға сату, үшкіру, кәде беру.

7. Монолог –

Ахметті сүйемін-ақ сүйгенім үшін осынша күйемін-ақ,
Ал енді шыдамадым...қараландым. (Қамар)
Ойдағым келді ме, жылы жауап берді ме,
Қамар мені сүйді ме,сүйгендіктен күйді ме. (Ахмет) т.б.

8. Мінез-құлқы –

Қамардың Ахметке деген махаббаты (ақпейілділік)
Қамарды Нұрымның әкететін кезі (Үрей)
Қамардың басын кесу (зұлымдық)

9. Портрет –

Сұлу, сыпайы, биязы, ақ көңіл, сөзге шешен (Қамар)
Ақын, көрікті, сөзге шешен (Ахмет)
Қатыгез, қатал, зұлым, өз қамын ойлайтын (Нұрым)
Әділ, ақылды, ақ көңіл, шындықты қолдайтын (Омар)

10. Мақал-мәтелдер –

Соқыр тауыққа бәрі де бидай. Теңі келсе тегін бер.
Арсызға алты күн мейрам. Ит үрді, керуен көшті. т.б.

11. Басқа тілден енген сөздер –

Школа, гимназия, доктор, чаходка (орыс),
...Күпу, сүре, ясин (араб), шаһыбаз (парсы) т. б.

12. Шығарма құрылысы –

Басталуы: Қамардың Ахметпен кездесуі.
Дамуы: Нұрымның әйелінің қайтыс болуы.
Нұрымның Қамарға кісі жіберуі.
Шиеленісуі: Қамардың ұзатылуы.
Шарықтау шегі: Қамардың науқастануы.
Шешімі: Қамардың Ахметпен кездесіп,
Екеуінің дүниеден өтуі.

Осындай әдістерді қолдану арқылы білім алушылардың ойлау, сөйлеу, өз пікірін жеткізу икем-дағдылары, білім сапасын да арттыра түседі [2, 105].

Ең бастысы – мақсат қою. Жерлесіміз Қаныш Имантайұлы Сатпаев атамыз «Ең басты нысана – мақсат, оны түсінген адам ғана жан-тәнімен жұмыс істейді» дегендей мақсат айқын, ашық болуы шарт. Жүйелі тапсырма мен айқын мақсатты түсінген адам нәтижелі жұмыс жасайды, олар суреткер жасаған көркем әлемге өзінің «кішкене әлемін» қосады, әдеби шығарма жүректен шығып, жүрекке жетеді. Өздігінен жасалған жұмыстар жанды, шынайы болып, адам бойындағы шығармашылық қиял мен дарын және қабілеттің бастауын ашпақ. Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұлпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге біржақты қарамауға тиіспіз. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына

айналдыра білу қажет. Осыған сәйкес әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағыты ретінде бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы сынды бағыттарды атап көрсеткен болатын.

Өркениетті елдер болашақ ұрпақ тәрбиесі мен біліміне мемлекеттің ең өзекті әрі шешуші ісі деп қарайды. Сондықтан бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне, өмірлік мүдде бағдарына байланысты екеніне күмән жоқ. Бұл, ең алдымен, білім беру жүйесінің деңгейіне байланысты. Жастардың ақыл-ойын барынша дамыту үшін білім беру жүйесін неғұрлым тиімді құра білген ұлттың еңсесі биік, абыройы артық болмақ. Осы негізде тәуелсіз мемлекеттің еркін ойлау азаматын қалыптастырудағы әдебиет пәнінің маңызы зор екенін ескере отырып, оны оқыту мәселесіне үлкен жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Сөзімді Н.Ә. Назарбаевтың мына сөзімен аяқтағанды жөн көрдім: «Отанымыздың бүгінгі мен болашағы сіздердің еңбектеріңізге тікелей байланысты, бірлесе, ұйымдаса жұмыс жасағанда ғана біз ортақ табыстарға жете аламыз. Еңбек пен білімді ұтымды ұйымдастырғанда ғана, келер ұрпақтың кемел тағдырын жасай аламыз. Еркін елдің ертеңі кемел білім мен кенен ғылымда екенін ұмытпайық!»

Әдебиеттер

1. Айтмамбетова Б.Р. «Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері». – Алматы. 2001, – 205 б.
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы. 1998. – 305 б.
3. Беспалько В.П. Слагаемое педагогической технологии. – М., 1982 ж.
4. Бітібаева Қ. Технология талаптары және әдебиет сабағы. – А., 2005. – 210 б.
5. Қазақстан мектебі журналы. – № 5, 8. – 2004-2005.

О. БӨКЕЕВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИФТІК БЕЙНЕЛЕР

А. Теміртасов, Б.Ш. Құралқанова

*Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан
Bota0975@mail.ru*

Статья посвящена исследованию мифических образов в прозе О. Букеева. Мифологическая проза занимает значительный сегмент в современной казахской литературе. Примером этому может служить творчество О. Букеева. Устное творчество казахов основывалось в основном на мифологических элементах тюркского мировоззрения, как последователей тенгрианства. Наиболее важным из этих мировоззренческих элементов является гармония с природой, понимание неба, земли, животного, растения и человека в целом. Об этом свидетельствуют рассматриваемого автором герои О. Букеева. В статье проведен анализ наиболее часто встречающихся персонажей, близких к мифическим образам в прозаических произведениях О. Букеева. В частности, были рассмотрены такие произведения, как «Кербұғы», «Қар қызы», «Атау-кере», «Қамшыгер», «Айпара-ана», приведены конкретные примеры. Также написано о своеобразии мифических образов в прозе рассматриваемого автора.

The article is devoted to the study of mythical images in the prose Of O. Bukееv. Mythological prose occupies a significant segment in modern Kazakh literature. An example of this is the work of O. Bukееv. Oral creativity of Kazakhs was based mainly on the mythological elements of the Turkic worldview, as followers of Tengrianism. The most important of these worldview ele-

ments is harmony with nature, understanding of the sky, earth, animal, plant and human in General. This is evidenced by the characters of the work of O. Bokeev considered by the author. In the article the analysis of most frequently occurring characters that are close to the mythical imagery in the prose works of O. Bukeeva. In particular, such works as «Kerbugy», «Kar kyzu», «Atau-Kere», «Kamshyger», «aipara-Ana» were considered, specific examples were given. It is also written about the originality of mythical images in the prose of the author in question.

«Миф әрқашан «логоспен» бірге қатар жүреді және ешқандай ағартушылық мифті жоя алмайды» [1], – деп жазады философ Х. Блюменберг. Барлық ұлттық мәдениетте мифтік компоненттер жеке және ұлттық сананың қалыптасуы мен дамуында маңызды рөл атқарады. Мифтер, бейнелер мен түп бейнелер адамның ұлттық табиғатын құрайтын абсолютті құндылықтарын, ұмытылған нормаларын жандандырып, еске түсіретін қабілетке ие. М. Элиаде жазғандай, «миф адамның мифтік қажеттілігіне қарай дамиды» [2].

Мифологиялық прозаның қазіргі қазақ әдебиетінде өзіндік рны бар. Бұған О. Бөкеевтің шығармашылығы мысал бола алады. Қазақтардың ауызша шығармашылығы, негізінен, түркі дүниетанымының мифологиялық элементтеріне негізделді. Бұл дүниетанымдық элементтердің ішіндегі ең маңыздысы – табиғатпен үйлесімділік, аспанды, жерді, жануарды, өсімдікті және адамды тұтастай түсіну. Жануарлар әлемі және табиғаттың антропоморфизациясы – ежелгі қазақтардың дүниетанымына тән белгі. Бұған дәлел – сақ қорғандарынан табылған және скиф-сібір «аң стилінде» жасалған алтын әшекейлердегі бұғы бейнесі.

Басты кейіпкерлердің түрлі хайуанаттар мен жан-жануарлар түрінде болуы да тегін емес. Түркі халықтарының барлығында дерлік «көк бөрі», «ақ марал» туралы аңыздар кездеседі. Ғалым Б. Майтанов «Қасқыр және әлем заңдылығы» атты мақаласында қасқыр бейнесінің жазба әдебиеттегі ерекшеліктеріне назар аударып, М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесіндегі қасқырдың әрекеттеріне жан-жақты тоқталады [3]. Қазақ әдебиетінің өзінің ұлттық бірегейлігі, өзінің эстетикалық ерекшелігін сипаттайтын сүйікті, тұрақты бейнелері бар. Қазақ әдебиетіндегі мифологизмді жануарлар бейнелері арқылы байқауға болады. Е.Л. Мадлевская атап өткендей, «мифологиядағы жануарлардың рөлі өте үлкен және адамзат дамуының алғашқы кезеңінде адамдар өздерін бірқатар тірі тіршілік иелерінен ажыратпаған және табиғатқа қарсы болмаған ерекше маңыздылығымен анықталады. Көптеген мәдени дәстүрлерде жануарларға ғибадат етіліп, қасиет ретінде әлеуметтік иерархиялық баспалдақтың басына қойылды. Көптеген халықтар жануарлар туралы – адамзат ұжымының ата-бабалары, сондай-ақ жануарлар адамның ерекше гипостазы ретінде мифологиялық идеяларды кеңінен таратты» [4]. О. Бөкеевтің «Бұғы адам» әңгімесінде бас кейіпкерінің адамнан еш айырмашылығы жоқ, тек оның ішкі әлемі бұғы бейнесімен байланысты. О. Бөкеевтің «Бұғы адам» шығармасында қазақ фольклоры мен мифологиясы үшін дәстүрлі бұғы бейнесі орталық кейіпкердің санасын және оның мінез-құлқын бейнелеу үшін өнімді түсіндірме схемаға айналады. Автор сыртқы елестермен шектелмейді. Әңгімеде бұғы мифемасы әлемді қабылдаудың ерекше формасы – мифологиялық элемент ретінде әрекет етеді. Ақтан есімді батырдың лақап аты – «бұғы адам», бұл, қарапайым түрде кейіпкердің ерте балалық шақтан бастап бұғыға деген

сүйіспеншілігімен түсіндіріледі: «...Өзімен қоса үні де келмеске кете бастаған Кербұғы сонау сары жағал таудың ар жағындағы үшпа басы аппақ қар теңдеп, мұнартқан шоқыға қарады. Сол шоқы мұның қозықа шағында тым биік болып елестесе, есейе келе аласарып кеткендей еді; енді, міне, тағы да заңғар тартып аспандап тұр. Сол аппақ шоқы Кербұғының ақ шағыл арманы сияқтанатын: сағынатын, көксейтін, үміттенетін, әйтеуір, түбінде бір тұяғы ілінетініне сенетін. Киын-қыстау мезеттерде көзін жұмса болды, көкше мұнардың арасынан ақ сеңгір арман тауы – Ақшоқы елес беріп, жүр-жүрмен азғырғандай тым алысқа «ауалап» шақыратын. Кейде сол ақсеңгір елесі сұр қасқырға, немесе қауға сақал маралшыға айналатып да, Кербұғы селк етіп шошынып, қайта көзін жұмбас еді» [5]. Мифологиялық сөздіктер мен энциклопедиялар бұғыларды құрметтеу Еуропа мен Азияның адамзат мәдениетінің ежелгі қабаттарынан басталатынын көрсетеді. Сібір, моңғол, кельт мифологиясында бұғы кейінгі әлеммен, Дүниежүзілік Ағашпен, күн бейнесімен байланысты қасиетті жануар болған [6].

Мифте әлі жақсылық пен жамандық туралы түсініктер жоқ, бірақ тап мұндай берілген әлем бар. Бұл О. Бөкеевтің мифологиялық сананың жаңа баламасын жасауға тырысқанын білдіре ме? Бәрі оңай емес сияқты. «Бұғы адам» хикаятындағы фольклорлық мифологиялық бейненің көмегімен экзистенциалды мәселелер көтерілді, өлімнің қасіретінен, жетімділіктен құтқаруды іздейтін адамның терең реакциясы қайта жанданды. Өмір Ақтанды («Кентаврдағы» Басарыс сияқты) жалғыздыққа душар етеді, О. Бөкеев пен А. Алтайдың кейіпкерлері – өзімен-өзі болған, арманшыл, қарбаластан безген, өз қоршаған табиғи әлемдерінде ойға батқан кейіпкерлер. «Өз мекен жайынан бездірген – өзінің кіндік кескен жері жарылқамады, бұғы тұқымы сол жылдардан бермен сарқылып-ақ келеді... Кербұғы бойына қайтадан қан жүгіргендей болған соң, бір басып, екі басып қоршауға беттеді. Әбден суға тиіп, борсыңқырап тұрған ағаш саты боз қалпында сал-қын сазарады. Былтыр да сол, биыл да сол, келер жылы да сол... сол... Кербұғы тұмсығын жасқана созып, танауын үйкеді. Мұрнына күлімсіген өлексі иіс келді. Пысқырып басын шайқады. Сонсоң шегініп кейінірек тұрды. Тағы да Ақшоқыға қарап еді, көшкен мұнардың арасынан ақшағала армандай ағарандайды! Сол жатқан жанды жәннат етер сау мал самал есіп, қуатқа қуат, жігерге жігер үстегендей болады» [5].

Жазушының кейінгі шығармаларының бірі – Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы қазақ ауылының өміріне сипаттама беретін «Қар қызы» (1985) повесі. Шығарманың басты кейіпкерлері – Нұржан, Бақытжан және Аманжан. Қысқы азықтың таусылып қалғандығынан, қырылып қалған малдың тағдырына алаңдаған Нұржан шалғай таулы ауданға шөп шабуға қауіпті сапарға келіседі. Шығарманың тағы бір кейіпкерлерінің Қоңқай шал. Қоңқай – бұл өзіміздің, анархизмнің, өркениеттен саналы түрде оқшауланған адамның бейнесі. Жігіттердің көз алдында ол аңға ұқсайды. Қоңқай ауыл тұрғындарының көз алдында-аңызға айналған тұлға, аудан тұрғындары жалғыз анахореттің бұл бейнесін өз мифологиясында жасаған. Қоңқай туралы аңызда «оралған» адамдар туралы ежелгі мифтің жаңғырығы өмір сүреді. Тіпті жабайы табиғат өмір салтына оралу. Әр түрлі халықтардың фольклорының көптеген шығарма-

ларында химерикалық немесе синкретикалық тіршілік иелерінің мифологиялық бейнелері бар: адам-қасқыр, адам-аю, адам-ягуар және т.б. Қоңқай осындай бейнелерге айналуға жақын. Қоңқайдың мифологиялық бейнесі күрделі семантикалық коннотациялар мен философиялық инвективтерге толы.

Оралхан Бөкей «Қамшыгер» атты әңгімесінде де айды қасиет тұтқан көне мифтік мазмұн бар деп айтуға әбден болады. Бұл жерде әңгіменің басы мен аяғында бүкіл объект яғни Садақбай ай астында алып қаралса, бұл жерде анимистік сенімнің басым екені көрініп тұр. Автор «Ай астында...» деген сөз тіркесті әңгіме басталып жатқанда және соңында қайталап келтіреді. «Ай астында» Садақбайдай қамшыгердің тағдыры, жан күйзелісі, барлық өмірі бейнеленеді. «Қамшыгер» атты әңгімесінде жазушы Садақбай образы арқылы оқырманды еріксіз әртүрлі ойларға жетелейді.

«Атау кере» повесі бүкіл адамзаттық мәселерді қозғайды деп айтсақ болады. Повесть басталып жатқан кезде Еріктің реалистік сипаты басым болса, соңында мифтік сипаты байқалады. Автор адамдар өмірін аралар дүниесімен салыстырады. Мысалы Еріктің көк басты сонаға айналып кетуі және Қатын суының арғы бетіндегі жұмбақ қыз – символ. Ерікті мифтік бейне ретінде қараудың өзі оның құбылуына байланысты. Повесть соңында Еріктің құбылуына мән бере отырып, бұл туындыны «Повесть-миф» деп атауымызға болады деп ойлаймын. Повестегі қарт адамның бейнесінде романтизм сарыны байқалады. Шығармадағы Шал да, Таған да қоғамдағы адамдардың рухани әлсіреуінен шығудың шығар жолының амалын табуға тырысып жүрген кейіпкерлер ретінде байқалады. Бірақ олар табиғат аясында қалудан басқа жолды көре алмайды. Сондай-ақ шығармадағы Тағанның табиғат жайлы өзінің ойлары былайша ұсынылған: «...Табиғат жаратқан алқам-салқам болмайды, ол – әмісе әдемі, әмісе сүйкімді, әрі шыншыл, әрі ақылды, сондықтан да адамдар секілді қателеспейді. Табиғат – мәңгілік тірі, өтірік айтпауды, алдап – арбамауды табиғаттан үйрену керек, өйткені ОНЫҢ (табиғаттың) жүрегі таза» [7].

Оралхан Бөкеевтің өзі «аңызнама» деп атаған шығармаларының бірі – «Айпара-ана» әңгімесі. «Айпара ана» аңызнамасындағы ананың сәуегейлікпен болжаған болжамында: Жандостың өлімнен тосын аман қалуы. Сыншы Т. Тоқбергенов Жандостың кездейсоқ тірі қалуы туралы: «Көркем шығарманың аңыз – ертегіге ұласқан жері, шындық пен қиялдың тоғысқан тұсы» [8], – деген тұжырым жасайды. Бұл шығарманың өзін жанрлық тұрғыдан «әңгіме-миф» түрінде тануға болады деген біздің пікірдің орынды екендігін қуаттаса керек. Шығарма сюжеті аңызға негізделген болса, сол аңыздың өзі мифтік сипатқа бейімделген.

Мифологиялық кейіпкер үшін моральдық шек жоқ, ал қазіргі кейіпкер әртүрлі этикалық жағдайларға тап келіп, жақсылық пен жамандықтың арасында тандау жасайды. Талданатын шығармалардың негізгі шиеленісі – мәдениеттердің екі түрінің – «өркениеттік» және «табиғи» шиеленісінен тұрады. Соңғысы фольклорлық-мифологиялық идеяларға негізделген. Әлеуметтік және жеке өзін-өзі тану мәселесіне адамның ішкі мәні туралы мәселе қосылады. Фольклорлық-мифологиялық элементтерге жүгіну қазіргі заманғы авторлардың шындық ретінде түсіндіретін қазіргі заманғы адамның

иррационалды, интуитивті принципін ашу үшін маңызды. Қазақстандық авторлардың ойынша, жүректен бөлінген сана – жалған тұлға. Миф дәл сол себепті «денсаулыққа жүгіну» болып табылады, ол адам мен шындықтың тұтас бейнесін береді, бұл қазақстандық прозашылардың неомифіне және жалпы шығыс даналығына жүгіну функциясынан тұрады. Оралхан Бөкеевтің шығармаларындағы сюжет, оқиғаның дамуы тек сыртқы жамылғы сияқты, ал негізгі мәйек – идеалға құштарлық болып табылады. Идеал ұғымы, ең алдымен, суреткердің адам жөніндегі концепциясынан байқалады. Қаламгердің кейіпкерлері – жан дүниелері бай, рухани деңгейі биік, қажырлы, еркіндік сүйгіш, тағдыры қилы арманшыл адамдар. Оларды толғандыратын ортақ ой – адам болмысының сан қатпар құпиясы мен жұмбағы, мәңгі өлмес рух, рухани құндылық, адам ғұмырының міні мен мағынасы. Олар өздеріне өздері егесіп қалады. Сырт көзге жаны жұмсақ, мұңды серік еткен, үнемі бір нәрсені шарқ ұра іздеп жүретін кейіпкердің жанын түсіне қою қиын.

Әдебиеттер

1. Blumenberg H. Work on Myth, trans. Robert Wallace. Cambridge, Mass.: MIT Press, 1990. – 685 p.
2. Элиаде М. Аспекты мифа / пер. с французского В. Большакова. – М.: Инвест-ППП, 1996. – 240 б.
3. Майтанов Б. Қасқыр және әлем заңдылығы // «Жұлдыз» журналы, 2001. – 54-бет.
4. Мадлевская Е.Л. Русская мифология. Энциклопедия. – Режим доступа: <https://info.wikireading.ru/36858>.
5. Бокеев О. Человек-олень. Повести и рассказы. – М.: Русская книга, 2003. – 117-178 с.
6. Monaghan P. The Encyclopedia of Celtic Mythology and Folklore. New York: Facts On File, Inc., 2004. – 529 p.
7. Бөкеев О. Қайдасын қасқа құлыным? – Алматы, 1973. – 14 б.
8. Тоқбергенов Т. Қос қағыс. – Алматы, 1981. – 219 б.

МЕДЕУ СӘРСЕКЕЕВТІҢ «ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ» РОМАН-ЭССЕСІН МЕКТЕПТЕ ОҚИТУ

Г.К. Тоқшбекова

*Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан
gulya76k@mail.ru*

В статье рассматривается преподавание в школе романа-эссе Медеу Сарсекеева «Қазақтың Қанышы». Помимо биографических, мемуарных характеристик романа-эссе, выявляются особенности научно-познавательного, критического аналитического характера. Представлен пример урока романа-эссе Медеу Сарсеке «Қазақтың Қанышы».

The article describes the teaching of Medeu Sarsekeev's novel – essay «Kazakh Kanysh» at school. In addition to the biographical and memorable features of the novel-essay, the specifics of the scientific cognitive and critical analytical character are determined. In the curriculum of the discipline «Kazakh literature» of the 10th grade, A sample of the lesson of Medeu Sarseke's novel-essay «Kazaktyn Kanyshy» is presented.

Соңғы жылдары қазақ прозасы бір жола шарықтап, әдебиет зерттеушілері мен әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан жоғары бағаланып келеді. Осы әдеби

даму үрдісіне өзіндік жазу стилімен келген дарынды жазушы М. Сәрсекеев шығармалары – өмірдің өзегінен алынып, айналадағы күнде көріп жүрген құбылыстарды өзіндік шұрайлы да құнарлы тілімен, оңтайлы тәсілдерімен тамаша бере білген шыншыл құндылық болып табылады.

Ә. Нұршайықов: «Алыпты алып қана арқалай алады, Абайдай данышпанды Мұхтар Әуезов әлемге танытты. Сәтбаевтың ұлы тұлғасын Медеу Сәрсекее ұлықтады» деп айтқандай, ұлы ғалым өмірін ұлықтауға М. Сәрсекее 45 жыл ғұмырын сарп етіп, осы уақытта ұзын саны 10 кітап дүниеге әкелген. Сол кітаптардың ең көлемдісі – «Қазақтың Қанышы» мен «Қаныш елі». Автор Қаныш Сәтбаевтың ізімен жүруге, ол болған орындарды көзімен көруге айрықша мән бергені байқалады. М. Сәрсекеевтің алғаш Қаныш туралы қалам тартуы мен соңғы роман – эссесінің арасында отыз алты жыл өтіпті. Осы уақыт ішінде Қаныш жайында жеті кітап жариялап, бұл кітаптары әлемнің жүз он екі еліне тарапты. [3, 42]

«Қазақтың Қанышы» шығармасы роман-эссе жанрында жазылған.

Роман-эссе – романның да, эссенің де жанрлық ерекшеліктерін қамтитын әдеби туынды. Ақиқат өмірдің барша тыныс-тіршілігін көркем образдар жүйесі мен сюжет, тартыс арқылы жеткізудегі роман жанрының мол мүмкіншілігі эссенің табиғатындағы еркіндікке тұтасады. Роман-эссе жанры – бұл еркін форма мен композицияға ие, автордың субъективті пікірі көрініс табатын, публицистикалық, деректі және ғылыми шығармалардың элементтерінен тұратын жиынтық жанр. Роман-эссенің ғұмырнамалық, естелік сипаттарынан бөлек, ғылыми танымдық, сыни талдамалық сипаты ерекше көрінеді.

Біріншіден, роман-эссеге өмірбаяндық сипат тән. Медеу Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» шығармасында оқиға романға тән біртұтас сюжеттік желіні қамтиды. Қаныш Сәтбаевтың тұтас өмірі Медеу Сәрсекенің баяндауы бойынша романда тұтас көрініс береді. Қаныш Сәтбаевтың жүріп өткен белестерін белгілі бір динамикалық байланысқа бағындыра отырып, көркемдік дамудың биік сатысына көтереді. Әрбір үзікте кесек ойдың, өмірлік байламның, күнделікті өмірдің терең ұшығы жатады. Адам өмірінің қайталанбас ерекшеліктері, белгілі бір адамға ғана тән айрықша құбылыстар тарихи-салыстырмалы тұрғыда көркемдік дамудың биік сатысына көтеріледі.

«Қаныш Сәтбаев сияқты қиямет заманның оты мен суын белшесінен кешіп, қияпат кезеңнің ызбары мен ызғарын басынан өткеріп, сол заманы мен кезеңі бетін берсе таспай, сыртын берсе саспай, қашанда халқының қамын өмірінің мағынасы деп білген тағдыры күрделі тұлғаның ғұмырнамалық диалектикасын ашып көрсету және терең біліктілікпен, тегеурінді қаламгерлікпен ашып көрсету қиыннан да қиын шаруа. М. Сәрсекее сол қиынның қиынымен беттесе отырып, замана көлденең тартатын мың сан құбылыстың тағдыр қалыптастырғыш тілін зерделеу арқылы «Заман – Қоғам – Адам» проблемасын тұжырымдамалық өреде көрсетіп бере алған. Яғни заман мен қоғамның ең бір шиеленіске толы ширыққан кезеңінде ұдайы ұлы тұлғалардың сын тезіне түсіп отыратыны және ондай шақта ұлы тұлғалардың тегеурінді әрекет-қарымы керісінше қоғамдық, қажет болса заманалық құбылыстарға ықпал ететіні шеберлікпен суреттелген» деп пікір білдіреді ғалым Рымғали Нұрғалиұлы [2].

Екіншіден, баяндау тәсілінде шексіздік, еркіндік басым болады. Мұнда романдағы секілді ірі қақтығыс жоқ. Шығармадағы баяндау тәсіліне қатысты Рымғали Нұрғалиұлы келесідей талдау жасайды: «Автор Қ. Сәтбаевтың ізімен жүруге, ол болған орындарды көзімен көруге айрықша мән бергені байқалады. Әсіресе, Қанаңның көзін көргендермен сырласып, ұлы тұлғаның өмір майданындағы болмысын тану үшін, дәлірек айтқанда, ұлы тұлға бейнесін сомдау үшін ұрымтал пайдалана білген. Бұл ретте, тарихи деректер, айғақтар, естеліктер, архив материалдары авторлық баяндауды жандандырып, бас қаһарманның өсіп-жетілу жолдарын, ғылыми-кәсіби шыңдалу кезеңдерін барша ақиқатымен аша түсуіне себепші болып отырады».

Үшіндіден, сыншылдық сипаты болады. Бұл кітаптан Қаныш Сәтбаев секілді ірі тұлғаның бүкіл болмысын, кескін-келбетін, жан дүниесін ғана емес, кісілік қасиетін, азаматтық қалпын, білім деңгейін түгел танып шығуға болады. «М. Сәрсекке романда бас кейіпкерді бірыңғай сыдыра мақтауға бармайды. Өмір шындығын өзек ете отырып, Қанаңның қателескен, сүрінген, шамырқанған, ширекқан тұстарын, сондай-ақ ізденген, күрескен, жеңіске жеткен кезеңдерін шығарманың алтын арқауына айналдыра алған. Мұның өзі, авторлық қиялға көп ерік бере қоймайтын ғұмырнамалық романның көркемдік өресін биіктетуге кепіл болған. Былайша айтқанда, автор өмір драмасын өнерге айналдырған» (Рымғали Нұрғалиұлы) [2].

Төртіншіден, тұтас бір оқиға үзіктілік арқылы беріледі.

Мысалы: «Баянауыл аясында» бөлімі 8 үзік оқиғаға бөлінеді.

Бірінші үзік – Кенжетай.

Екінші үзік – «Қашаған құлын қасқырға алғызбайды».

Үшінші үзік – Биге шықты дөңгелеп.

Төртінші үзік – «Қанат ұшқанда қатаяды».

Бесінші үзік – Төңкеріс толқынында.

Алтыншы үзік – Тура биде туған жоқ.

Жетінші үзік – Судья мен профессор.

Сегізінші үзік – Сібір шамшырағында.

Қазіргі күнде мектеп оқушыларына мұндай кіріктірілген жанрды оқыту үлкен жаңалық. 10 сыныптың «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу жоспарында қарастырылып жүрген Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» романын қалай оқытуға болады?

Шығарманы оқыту барысында ең алдымен мақсат қоямыз:

– әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну;

– әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау.

Сонымен қатар шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау. алған түсініктерін бөлісіп өмірмен байланыстыра білу арқылы оқытып оқушыларды шағармашылық жетістіктерге жетелейміз.

Сабакты бастамас бұрын оқушылармен көңіл күй ахуалы өткізіп аламыз.

I. Тренинг «Жан жүрек сыры».

– Мына үлкен ақ жүрекке назар аударыңыздар. Ол тірі емес, дүрсіл-демейді. Біз қазір оған жан беруіміз керек. Қатысушыларға түрлі-түсті қағаздардан жасалған кішкентай жүректер таратылып, оған жылы, мейірімді

сөздер жазулары сұралды. Жансыз жүректі жандандыру. Плакаттан үлкен жүректі қиып алып, сол жүрекке жылы-жылы сөздер жазылған кішкентай жүректерді орналастыру. Сұрақ: Қалай ойлайсыздар, жүрегіміз жанданды ма? Қайтіп? Неліктен?

Ең бастысы сүйе білу керек. Қайырымды болу-ол еліне, табиғатқа, адам баласына деген махаббаттан басталады. Әр уақытта жақсы сөз айтуға, қайырымды іс жасауға бейім болу. Әр уақытта қасыңыздағы баланың пікірін, не қажет ететінін тыңдай біліңіз. Ерік беріңіз. Шыдамды бола біліңіз. Оның ісін бағалаңыз. Жасаған қателігін көре тұра, оған сенетініңізді білдіріңіз. Күлімдеп, қасында бірге болуға көңіл бөліңіз.

II. Қызығушылығын ояту.

«Кинометафора» тәсілі

«Тарих. Тұлға. Тағдыр» бейнебаян көрсетіледі. (1 минут, 56 секунд)

«Тарих. Тұлға. Тағдыр» Топтың атын М.Сәрсеке-Қаныш-Тарих немесе Тағдыр – Тұлға ұғымдарымен байланыстырып қорғау. 2 минут топта ақылдасып әр топтан 1 оқушы жауап береді.

Кері байланыс топ бойынша жүргізіледі.

Дескриптор:

– «Тарих. Тұлға. Тағдыр» сөздерінің мазмұнын ашады;

– Қаныштың Отанға жасаған ғылыми қызметін бағалайды;

– Деректерді шығарма мазмұнымен байланыстырады.

Кімде қандай ой туды? (оқушылар пікірі)

«Ой қозғау» әдісі (Оқушылар қазақта үйдің ең кіші баласын кім деп атаған?)

(Сабақтың тақырыбын ашады.

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Қазақтың Қанышы» роман – эссе «Кенжетай» бөлімі)

Сабақтың мақсатымен таныстыру

– әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну;

– әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау.

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

– Қаныш Сәтпаев – қазақ ғылымының атасы. Қазақтан шыққан тұңғыш академик, инженер-геолог. Оның есімі Иссак Ньютон, химия атасы Менделеев-термен қатар аталады. Ол бар ғұмырын туған ұлтының тірлігін түзеуге сарп етіп, артында сөнбес сәуле, өшпес із қалдырды. Көзі тірісінде аңызға айналған ұлы тұлғаның еңбегін халық ұмытпақ емес, ұлықтайды. Ендеше, сіздер қалай ұлықтайсыздар?

III. Сабақтың негізгі бөлімінде топпен жұмыс

1-тапсырма

1-топ «Торлы диаграмма» әдісі арқылы мәтін мазмұнын диаграммаға түсіреді.

2-топ «Оқиға тауы» әдісі арқылы мәтін мазмұны бойынша әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды («Кенжетай» бөлімін оқушыларға оқуға қосымша тапсырма берілген болатын)

Дескриптор

- Мәтін мазмұнын торлы диаграммаға түсіреді
- «Оқиға тауына» сюжеттік-композициялық талдау жасап жазады.

3-топ

«Сен және мен» әдісі

Тақырып бойынша бір сұрақтан дайындайды

Дескриптор

– Бүгінгі тақырып бойынша бір сұрақ дайындайды

– Сұрақтарға нақты жауап береді.

ҚБ. «Мадақтау» сөздері арқылы

2-тапсырма

«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі

1-жұп «Имантайдың өмірдегі зор өкініші»

2-жұп «Иса қажының қызы Әлима»

3-жұп «Имантай бидің құран кітабының мұқабасына жазып қалдырған сөзі»

4-жұп «Ғабдулғанидің Қаныш атанып кетуі»

Дескриптор

– Оқушылар жұптасады

– Әр жұп өзіне берілген тақырып бойынша оқулықтан үзіндіні тауып жазады.

ҚБ. «Жұбынды бағала» әдісі арқылы

IV. Үйге: «Қашаған құлын мен қасқыр» бөлімін оқуға беріледі

V. Кері байланыс

Мұғалімнің кері байланысы:

«БББ» кестесі арқылы бүгінгі тақырыпқа сипаттама беріп, өз ойларын білдіреді.

Сабақты соңында М. Сәрсекке жіберген видеосәлемдемені көрсету.

Медеу Сәрсекеев – әдебиетімізде оз орны бар көрнекті жазушы. Медеу Сәрсекенің аты аталса бүкіл қазақ елі Қаныш ағамызды, Жезқазғанды, Абай елі – Семейді, Баянауылды, оңтүстік астанамыз Алматыны еске аламыз. Мен қазақтың деген ұстанымға ділі бекем, отаншыл рухын әрқашан да жоғары ұстайтын азаматтарымыз бұл еңбекпен жан-жақты танысса деймін. Ұлтымыздың ар-ожданын және биік абыройын аспандатқан ғалым, қайраткер тұлғамыз туралы мұндай қасиетті, қадірлі шығармаларды қазақ перзенттері ұрпақтан-ұрпаққа әйгілеп, төл тарихымызды құрметтеуде жас ұрпаққа үлгі етуіміз қажет.

Әдебиеттер

1. Сәрсекеев М. Қаныш Сәтбаев. – Алматы: Жалын, 1983. – 528 б.
2. <https://adebiportal.kz/kz/retailing/view/348>
3. Зайкенова Р., Нұрланова Л.Н. «Қазақ әдебиеті» 10-сыныбының жаратылыстану – математикалық бағытана арналған оқулық, 2019.

МӘТІН ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ТҮРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕРДІҢ ОЙ ТҮЗІЛІМДІК ҚЫЗМЕТІ

Ы.Б. Шақаман, Д.І. Тұрдалы

*Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан
raya-s7@mail.ru, dameli.turdaly102@mail.ru*

В статье рассматривается синтаксическая связь отдельных предложений в текстообразовании, текстообразующая функция главных членов предложения в казахском языке. Была поставлена задача раскрыть функции главных членов предложения, которые послужили основой для построения текста. Было отмечено, что главные члены предложения имеют возможность взаимного текстообразования в структуре «Подлежащее – Подлежащее», «Подлежащее – Сказуемое», «Сказуемое – Сказуемое», «Сказуемое – Подлежащее». В статье представлен анализ только двух типов текстовой структуры «Подлежащее – Подлежащее», «Подлежащее – Сказуемое». Также в структуре текста речь идет о создании «временного синонимического ряда» некоторых слов. При этом объясняется, что «подлежащее / предикативный» синонимический ряд в текстовых предложениях является условным, может выполнять синонимическую функцию только для контекста.

The article deals with the syntactic relations of individual sentences in text formation, the text-forming function of the main sentence members in the Kazakh language. The task was to identify the functions of the main members of the sentence, which served as the basis for the construction of the text. It was noted that the main members of the sentence have the possibility of mutual text formation in the structure «Subject – Subject», «Subject-Predicate», «Predicate – Predicate», «Predicate – Subject». The article presents an analysis of only two types of text structure: «Subject-Subject», «Subject-predicate». Also in the structure of the text, we are talking about creating a «temporary synonymous series» of some words. At the same time, it is explained that the subject-predicative «synonymic series in text sentences is conditional, and can perform a synonymic function only for the context.

Қазіргі тілдік жүйеде мәтінге қатысты нақты анықтама әлі де қалыптаспаған. Осы бағыттағы ғалымдар өздерінің зерттеу жұмыстарында мәтінтанымға қатысты әр қырлы, әр деңгейлі белгілерді қарастыру мақсатымен «*мәтін лингвистикасы, мәтін семантикасы, мәтін құрылымы, мәтін стилистикасы, мәтін грамматикасы*» деген ұғым-бірліктерді енгізді, осылайша мәтіннің әр қырлы тілдік сипатын ортақтастыратын нақты анықтама жүйеленбей, түрліше болып келеді. Бірақ ғылыми зерттеу жұмысында мұндай үдерістің болуы заңды. Өйткені ғылыми зерттеу дәлдікті қажет етеді, ал ғылыми танымдық зерттеу ақиқат танымға жеткенге дейін шексіз жүреді. Таным шексіз, бірақ ол – ақиқатқа апаратын жол.

Мәтін іліміне қатысты зерттеулер ХХ ғасырдың І жартысында танылып, түрлі зерттеумен мәтін лингвистикасы қалыптасты. Бұл бағыттағы зерттеулер қазақ тіл білімінде ғалым А. Байтұрсынұлы зерттеулерімен бастау алып, ғалымдар Қ. Жұбанов, Т. Қордабаев, С. Аманжолов, Е. Жанпейісов, Ә. Қайдар, Р. Сыздықова, т. б. ғалымдардың еңбектерімен жалғасын тапты. Ал орыс тіл білімінде И.Р. Гальперин, В.В. Виноградов, Г.А. Золотова, Г.Я. Солганик, Л.С. Выготский есімдері мәтін ілімі мәселесінде жиі аталады.

Мәтін – мағыналық, логикалық құрылымдағы нақты тілдік жүйе.

Мәтіннің негізгі құрылымдық белгілерінің бірі – байланыстылық пен тұтастық. Мәтін байланыстылығы синтаксистік байланыс арқылы жүзеге

асады. Синтаксистік байланыс – кемінде екі сөйлемнің өзара қатынасы. Бұл байланыстың тіл білімінде екі түрі белгілі: жарыспалы (параллель) және тізбекті байланыс.

Жарыспалы байланыста мәтін құрайтын сөйлемдер бірінші сөйлемге бірдей, теңдік дәрежеде байланысса, тізбекті байланыста мәтін құраушы сөйлемдер бірінен-бірі туындап іліктесіп келеді. Мәтіндегі осындай дербес сөйлемдердің байланысын тек сөйлемнен жоғары деңгейдегі салалас пен сабақтас байланыс деп тану бар. Осындай сөйлемдер мәтіндегі орындарына қарай бірде іргелес, бірде алшақ байланысады.

Мәтін құрылымындағы синтаксистік байланыс жасауға негіз болатын басты бірлік – предикаттық қатынас жасайтын сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Бастауыш – екі негізді сөйлемдегі бас мүшенің бірі. Сөйлемде айтылған ойға негіз болатын, баяндауыш арқылы айтылған қимылдың не басқа сапаның иесі болатын мүше. Баяндауыш – бастауыштың іс-қимылын білдіріп, сөйлемдегі ойды тиянақтаушы, іс-әрекетті, сапаны білдіруші, жай-күйін білдіруші толық мәнді синтаксистік мүше.

Мәтін құрылымында кез келген сөйлемдегі бастауыш қызметін жеке сөз, сөз тіркесі, тіпті сөйлем де атқарады. Сөз табы тұрғысынан алғанда, бастауыш қызметін жиі атқаратын екі сөз табы – зат есім мен есімдік. Себебі сөйлемде негізгі ой заттар арқылы көрінсе, ал есімдік мәтіндегі ой жүйесіне қарай қажетті жағдайда, қажетті қызметте олардың орын басушы сөз табы болып табылады. ***Есімдік мәтіндегі ой қайталаушылығынан (плеоназмнан), сөз қайталауынан арылтады.*** Сондықтан есімдіктің мәтін құрылымындағы орны, қызметі ерекше.

Мәтін үш құрылымдық, логикалық, қарым-қатынастық негізден қарастыруға түсетіндіктен, жоғарыда айтқандай, оған берілетін негізгі ғылыми анықтама, ереже осы үш қырынан туындай береді, тұжырым да соған орай беріледі.

Жалпы тіл ғылымында, академиялық грамматикада қалыптасқан тұжырым бойынша, мәтіндегі бастауыш пен баяндауыштың басты қызметі – байланыстыру. Оны мәтіндегі әр сөйлемнің өзара байланысы арқылы түсінеміз. Зерттеуші Г.Я. Солганик жеке дара сөйлемдердің мәтіндегі синтаксистік байланысын «бастауыш-бастауыш», «баяндауыш-бастауыш», «баяндауыш-баяндауыш» т.б. үлгіде болатынын түсіндіріп өтеді [2,92].

Біз де осы негізде мәтін талдауда ондағы сөйлемдердің байланыстыру қызметін жоғарыда айтылған үлгіде болатынынаңғардық:

1. *Бастауыш – Бастауыш*
2. *Бастауыш – Баяндауыш*
3. *Баяндауыш – Баяндауыш*
4. *Баяндауыш – Бастауыш.*

Бұл үлгілердің құрылуы жеке сөйлемнің ішкі байланысынан емес, екі-үш сөйлемдік (мүмкін одан да көп) мәтіндік құрылымдағы ой түзіліміне байланысты жүзеге асады, сол ой түзілімдері біз көрсетіп отырған 4 үлгімен танылады.

Осы үлгіні құрайтын тілдік бірліктер түрлі сөз табынан, көбінесе, есімдікнен, синонимдік қатар құру қолданысынан, сөздердің тұлғалық, лексикалық мағынасын қайталау арқылы көрінеді.

1. «Бастауыш – Бастауыш» ой түзілім үлгісіндегі мәтіндік құрылым түрі

Мұнда мәтін ішінде қызметтік қайталау болып, бір тұлғадағы үлгі құралады. Мысалы: 1. *Асығыс, суыт жүріспен келе жатқан жалғыз атты жүргінші* енді ғана желісін бәсеңдетіп, тақап қалды. Астындағы бөдес қоңыр құнанның омырауы, құлағы, көзіне шейін тер басқан. Кең жүгеннің сағалдырық тоға басы шылдырай түседі. Еңгезердей балғын кара жігіттің екі аяғы кішкене құнанның тілерсегін соғады. Қою қара мұрты тықыр біткен, өткір, кішілеу көзді *жүргінші* Әбді дейтін Жігітек екен (М.Ә.). Мұндағы 1-сөйлем мен және 5-сөйлемді байланыстырушы сөз – «жүргінші» сөзінің қайталануы. Егер 1-сөйлемде бұл сөз болмаса, соңғы сөйлем мәнмәтіндік қызмет атқармас еді. Екі сөйлемді «Бастауыш – бастауыш» арақатынасты құрылым байланыстырып тұр.

Келесі мәселе жеке сөйлемдердің байланысуын мәнмәтіндік аяда іске асыратын, мәнмәтін түйінін беретін қызмет – есімдіктердің басты сөйлем мүшелік қызметі. Есімдіктердің ішінде сөйлемде аса басым қызмет атқаратындары – Сілтеу есімдіктері. Олар өзінің алдындағы, өзінен кейінгі бағытты нұсқап, әр жеке сөйлемнің келесі бір сөйлеммен өзара байланысын ашады. Мысалы: 1. *Біреп жақпар тасқа Мағаш, Кәкітайлар* өздерінің аттарын жазды. *Бұлар* осы тұста бөгеліп қалғанда, *Әбіштің* қасына Дәрмен ерді (М.Ә.). Мәтіндегі екі сөйлемдік ой жалғастығы бірінші сөйлемдегі «Мағаш, Кәкітайлар» деген сөзді екінші сөйлемде атау септігіндегі көпше түрде тұлғаланған «бұлар» есімдігі ауыстырып, жүзеге асқан. Бұны да «Бастауыш – бастауыш» арақатынасындағы үлгілік көрсеткіш деп береміз. Бұл үлгі тізбекті байланыста құрылған.

2. Келесі мысалымызда «*Ақылбай* жай сөйлеп, шабан ойлайтын әдеті болса да, осындай жайларды өзгелерден тереңірек алып, түкпірлеп ойлаушы еді. *Ол* өзінің Ділдә даусына ұқсастау гүжілдеңкіреп шығатын салмақты үнімен жаңағы екі жас, іні-достарға көлденең бір сөз тастаған (М.Ә.). Қазір сол үлкен «Қоңыр үйдің» ішінде Абай мен Әйгерімнен басқа *Зылиқа* бар. *Ол* үй ортасына сары қидың отын жағып, үлкен қазан көтеріп, жаңадан сойылған тайдың етін түстікке асып жатыр (М.Ә.)» деген құрылымдығы екі сөйлемдік мәтін құрап тұрған, екісөйлем байланысын беріп тұрған есімдіктер қызметі сөйлемдік жағынан (*Бастауыш – Бастауыш*) да, екі сөйлемдегі жалқы есімдердің грамматикалық мағына тұлғалығы мен қызметіне сәйкес келуі жағынан да (*Ақылбай – ол, Зағипа – ол*) деңгейлес болып келеді.

Тілдің синтаксистік құрылымында, мәтінде, маңызды қызмет атқартын мағыналық сөздер тобының бірі – мәнмес (синоним) сөздер. Бірақ мәтінтанымдағы синонимдер нақты синоним түсінігіндегі сөздер емес. Мәтін құрайтын сөйлемдердегі бастауыш-баяндауыштар мәтіндік екі сөйлемдік байланыста нақты синонимдік қатарқұрауы шартты болуы, тек контекст үшін ғана синонимдік қызмет атқаруы мүмкін. Осыған қатысты ондай синонимдік қатарды «уақытша синонимдік қатар» деп атаймыз.

«Уақытша синоним» сөздердің де мәтін құрылымында тұрлаулы мүше орнын атқаратын қызметі болады. Мысалы: 1. *Аздан соң үйге қонақ кірді. Сағал көз, сары жүзді, үлкен қауға сақалды, бурыл тартқан қартаң кісі Жұман болатын (М.Ә.).* 2. *Шұбар мен Дәрменнің қолындағы екі көк қаршыға да молаға бас изей түсіп, оқыс бір аңды күткендей, қадалып қапты. Алтын сары көздерін кірпік қақпай шанышылтады. Шабыттағы бапты құстар қапысыз сәтті бағып тұр (М.Ә.).*

Алғашқы екі сөйлемдік мысалда «*Бастауыш – Бастауыш*» үлгісіндегі тізбекті мәтіндік байланыс құрылған. Яни бірінші жай сөйлемдегі «қонақ» бастауышы келесі жай сөйлемдегі «кісі» сөзімен контекст үшін «уақытша синоним» қатарын құрайды. Бірақ мағыналық байланыс бар болғандықтан, мәтін түзілімі бар.

Екінші мәтіндік құрылымдағы бірінші сөйлемде «*қаршыға*» сөзі екінші сөйлемдегі ой жағынан жалғасатын «*құс*» сөзімен өзара теңдес болып, нақтылау жағынан теңдес мәнде (синоним) болып тұр. Сондықтан бұларды «мәнмәтін деңгейіндегі синоним» деп қана қабылдаймыз. Бұл кішігірім мәтін де – «*Бастауыш – Бастауыш*» түріндегі тізбекті байланыс болып саналады.

Мына мәтіндік құрылымда да осындай құбылыс бар:

Бұл ауылдың өз адамы боп кеткен дағдылы қонақтары – Ербол, Көкбай, скрипкашы-әнші Мұқа, Баймағанбеттер – бөлек бір топ боп кірді. Бұл топ – Абайдың өз үйінің қонағы (М.Ә.). Мәтіндегі әр жеке сөйлемнің өзара жалпылаушы мүше ретінде бастауыш қызметін атқарып тұрған көпше түрдегі «*қонақтар, Ербол, Көкбай, скрипкашы-әнші Мұқа, Баймағанбеттер*» сөздері (*Ербол, Көкбай, скрипкашы-әнші Мұқа, Баймағанбеттер* – бірыңғай мүшелі оңашаланған айқындауышты бастауыш) (1-сөйлемде) «*қонағы*» (2-сөйлемде) баяндауышымен «уақытша синоним» құрып, мәтіннің мағыналық байланысын ашқан.

Сонымен бірге дәл осы мәтіндегі «*Ербол, Көкбай, скрипкашы – әнші Мұқа, Баймағанбеттер*» бірыңғай мүшелі оңашаланған бастауыш тағы да 2-сөйлеммен байланысқа түсіп, бірақ басқа сөз арқылы мәтін түзеді. Мұнда бірыңғай мүшелі оңашаланған бастауыш «*бұл топ*» деген қабыса тіркескен сөзіне ауысып, басқа тұлғадағы бастауыш қызметін атқаруға көшкен. Осыдан «*Бастауыш – Бастауыш*» үлгісіндегі мәтін құрылымы жасалған: *Бұл топ – Ербол, Көкбай, скрипкашы-әнші Мұқа, Баймағанбеттер.*

Ал алдыңғы екі сөйлемдік мәтіндік құрылымда ой түзілімі «*Бастауыш – баяндауыш*» үлгісімен жасалған: *Ербол, Көкбай, скрипкашы-әнші Мұқа, Баймағанбеттер – қонағы.*

2. «*Бастауыш – Баяндауыш*» ой түзілім үлгісіндегі мәтіндік құрылым түрі

Мұндай байланыс түрінде бірінші сөйлемдегі бастауыш қызметіндегі сөз өз қызметін екінші сөйлемде басқа тұрлаулыға ауыстырады. Мысалы: 1. *Күздің мынау жүдеу бүрсең кезінде, үйде көп күтім болмай жүрген шақта, біреудің жылы үйіне барып, күздік қымыздан ішіп, семіз тайдың телшесін жеу – Жұман үшін ең үлкен істей. Қазір, міне, келгені де сол (М.Ә.).* Мәтіндегі дербес сөйлемдерді байланыстырып тұрған бірінші сөйлемдегі тұтаса тіркескен тілдік тұлғалар тұйық етістікпен тиянақталып, бас мүше қызметін атқарған. Ал екінші

сөйлемде сол тұтаса тіркескен баятауышты «сол» анафоралық есімдігі дәлдей түседі. Екінші сөйлемдегі сілтеу есімдігі 1-сөйлемдегі бастауышты меңзеп, сөйлем баяндауыш қызметін атқарып тұр. Мұндай байланысты «**Бастауыш – Баяндауыш**» ой түзілімүлгісіндегі байланыс деп түсіндіреміз.

2. «**Пишенді тасып аламыз**» дегені – дұрыс байлау. Орайы сол гана (М.Ә.). Бұл дербес сөйлемдер де дәл алдыңғы мысалға ұқсас, бірақ 1-сөйлемдегі бастауышты 2-сөйлемдегі сол есімдігі ганадемеулік шылауымен тіркесіп, баяндауыштық қызметке түсірген. Яғни екі сөйлемдік мәтінде бастауыш, басқарушы болған логикалық ой енді тиянақтау қызметіне ауысып, мәтіндік пікірді, ойды аяқтайды.

Тағы бір мысалымызда мәтіндік құрылымның «*Бастауыш – Баяндауыш*» қатынасын сөз қайталаушылығы құрайды: *Дәрменнің Әбішке айтпақ сөзі бар екен. Ол – және өз сөзі гана емес, барлық жас-жаран, іні-бала сияқты Абай достары атынан айтылмақ сөз* (М.Ә.). Екі сөйлемді мәтін ретін тұтастырып тұрған бірлік – «сөз» аталымының қайталануы. Бірақ бірінші сөйлемдегі «сөзі» – тәуелдік жалғауы тұлғасында (III жақта), екінші сөйлемде «сөз» жіктік түрленудің III жағында тұрып, мәтін құруда екі түрлі тұрлаулы мүше қызметін атқарады, сөйтіп «*Бастауыш – Баяндауыш*» ой түзілімі үлгісіне түседі.

Жалпы алғанда, мақалада мәтін түзудегі жеке сөйлемдердің синтаксистік байланысы, тұрлаулы мүшелердің мәтін байланыстыру қызметі қарастырылды. Мәтін деңгейіндегі синтаксистік тізбек, жарыспалы байланыс түрлерін ажырату, оларды құруға негіз болатын тұрлаулы мүшелердің – бастауыш пен баяндауыштың – қызметін ашу міндеті жүзеге асырылды. Тұрлаулы мүшелердің «*Бастауыш – Бастауыш*», «*Бастауыш – Баяндауыш*», «*Баяндауыш – Баяндауыш*» «*Баяндауыш – Бастауыш*» құрылымында өзара мәтін түзу мүмкіндігі болатыны байқалды. Мақалада «*Бастауыш – Бастауыш*», «*Бастауыш – Баяндауыш*» мәтіндік құрылым түрін ғана талдау жолы танытылды.

Сонымен сөйлемнің тұрлаулы мүшелері өздерінің негізгі қызметін атқара отырып, мәтін құрылымын жасауда кемінде екі сөйлемдік құрылыммен де тұтас мәтіндік ой түзілімін бере алады.

Әдебиеттер

1. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар (монография-оқулық) – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 464 б.
2. Солганик Г.Я. Синтаксическая стилистика. – М.: Высшая школа, 1973. – 213 с.

ҚОС ТІЛДІ ӘДІСКЕР ҒАЛЫМНЫҢ ЛИНГВАДИДАКТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ

Ы.Б. Шақаман

*Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан
raya-s7@mail.ru*

В статье анализируются научно-методические труды ученого-педагога Р.Б. Нургазиной, занимающей особое место в системе обучения языку в Казахстане, описываются ее принципы преподавания языка и обучения языку, как методиста. Также рассматривается о ее методах преподавания русского языка в казахской школе, о работе по обучению государст-

венному языку представителей других национальностей в накануне независимости Казахстана. Излагаются пути обучения педагога грамматическим особенностям казахского языка, сопоставлению казахского языка с русским на основе устной речи. Также отмечено, что ее методика обучения казахскому языку на основе национального воспитания, национального образования может широко использоваться в обучении дошкольников и младших школьников.

The article analyzes the scientific and methodological works of the scientist-teacher Nurtazina R. B., who occupies a special place in the system of language teaching in Kazakhstan, describes her principles of language teaching and language teaching as a methodologist. It also discusses her methods of teaching Russian in Kazakh schools, as well as her work on teaching the state language to representatives of other nationalities on the eve of Kazakhstan's independence. The methods of teaching the teacher the grammatical features of the Kazakh language, the comparison of the Kazakh language with Russian on the basis of oral speech are described. It was also noted that his methods of teaching the Kazakh language on the basis of national education, national education can be widely used in the education of preschool children and children of primary school age.

Қазақ педагогикасы ХІХ–ХХ ғасырда дамып, ғылыми деңгейге көтерілді. Қазақстанның соқыту жүйесінде қазақ әйел педагогтер көші де осы кезең аралығында таныла бастады. Мақалақы баяндамамызда алдымен сол ғалым педагогтер атап өткен жөн болар: *Назипа Құлжанова* – қазақ тілінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін алғаш қалаушы; 1914 жылдан бастап Абай шығармаларын танытып, әдеби кештер ұйымдастырған. *Балжан Бөлтірікова* – соғыс жылдары 21 жасынан №12-мектеп директоры; 1971 жылы Оқу-ағарту министрі болған. Бастауыш, сегіз жылдық мектептердітолық орта мектепке айналдыруда, мектеп-интернаттар ашуда еңбек сіңірген. 1980 жылға дейін Қазақстандағы орта білім беруді жетілдіріп, кәсіптік мектептердің дамуына ықпал жасаған. *Қанипа Бітібаева* – қазақ әдебиеті бағытында мұғалімдік қызмет атқарып, оқыту әдістемесін жетілдірген әйел педагог. Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша он бесжеке зерттеулік еңбек; жалпы әдебиетті оқыту әдістемесі бойынша, М. Әуезовті оқыту, Абайды оқыту бағытында әдістемелік еңбектер жазған. Оның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы оқыту жүйесінде айналымға енді. *Алма Қыраубаева* – әдебиетті оқыту бағытында танымал әдіскер мұғалім; 1993 жылы Алматы аумағының О. Жандосов ауылында жекеменшік қазақ гуманитарлық мәдениет лицейін ашқан. Ұлттық дәстүр бағытында оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырып, оқушылар үшін «Тілашар», «Елтану», «Әлемтану», «Әдеп» бағдарламалары жазды. Қазақ мектептері үшін тұңғыш «Ежелгі әдебиет» оқулығын (1996), ЖОО-на арналған «Ежелгі дәуір әдебиеті» хрестоматиясын (1991) жазған

Осы ғалымдардың алдыңғы қатарынан орын алатын келесі ғалымымыз, бүгінгі конференцияның бас кейіпкері мен мақалалық тақырыбымыздың өзегі болып отырған Рафиқа Нұртазина Қазақстанда танымал әдіскер, мұғалімдік мен ғылыми жұмысты қатар ұстанған ғалым ұстаз болып саналады. Қызметкерлік еңбегін қарапайым әдіскер мұғалім болып бастаған Р. Нұртазина 1974 жылы Мәскеуде «Қазақ мектебінде орыс тілін оқыту арқылы танымдық қызығушылықты арттыру жолдары» атты («Пути активизации познавательных интересов при обучении русскому языку в казахской школе») кандидаттық

диссертациясын педагогикалық ғылым бағытында қорғап, нағыз ғалым әдіскер атанды.

Педагог ғалымның жалпы зерттеулік еңбегін қарастыру арқылы оның ғылыми әдістемелік, педагогтік бағыттағы жұмысының мазмұндылығын тануға болады. Ол Қазақ мектептерде Орыс тілі мен әдебиеті пәнін оқыту бағытында жұмыс істегендіктен, қазақ тілі ерекшеліктерін ескеріп оқытуды да назардан тыс қалдырмаған. Бірақ бастапқы кезеңдегі әдістемелік еңбектерінің бәрі қазақ мектептеріндегі Орыс тілін оқыту әдістемесі туралы болды. Сол бағыттағы ең маңызды еңбектері ретінде қазақ мектебінің 6-сынып оқушылары үшін «Книга для чтения по русскому языку»; 10-сынып оқушыларына арналған «Русская советская литература» оқулығы саналады. Аталған еңбектерде педагог ғалым қазақ мектебіндегі орыс тілі мен әдебиеті сабағында оқушыларды тілге ынталандыру жолдарын көрсету арқылы тілді оқытудың теориялық, әдістемелік негіздемелерін береді. Сонымен қатар еңбектерде орыс тілін үйрету, тілге қызықтырып ынталандыруға қатысты дидактикалық тапсырмалар түрлерін ойластырып (сөз жұмбақ, кроссворд, ребус, грамматикалық ойын, т.б.), оларды дағдыландыру, жаттықтыру тапсырмасы ретінде қолдануды ұсынады.

Ғалым педагогтің осындай бірнеше әдістемелік еңбегі орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдері арасында жақсы таныс. Оның «Қызықты грамматика» («Занимательная грамматика», 1973), «Қазақ мектебінің 5-сынып оқушыларына арналған оқу кітабы» («Книга для чтения для 5 класса казахской школы» (1974)), «Сабақ жалғасы...» («Продолжение урока...», 1996), «Мирастың кітабы» (1998) атты әдістемелік еңбектері қазақ тілі заңдылығына орайластырылып, орыс тілін оқыту мәселесі қазақ мектебі оқушылары танымына лайықталып түсіндіріледі. Ғалымның өзі қазақ мектебіне арналған орыс тілі мен әдебиеті бағдарламасын құрастырушылардың бірі болды. Ғалымның қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту мәселесіне байланысты, басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілі үйрету туралы орыс тілінде жазылып шыққан оқу әдістемелік еңбектері, оқу құралдары да бар.

Кейін Тәуелсіздік жылдары қарсаңында (1989 жылдан бастап) педагог ғалым Қазақстандағы мемлекеттік тіл жағдайының саяси, қоғамдық сипатын түсініп, өзінің тіл маманы ретіндегі қызметтік міндетін де таныту мақсатында қазақ тілінің ерекшеліктерін оқып білуді қолға алып, тілді оқыту әдістемесінде пайдалана бастады. Сөйтіп басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесіне ден қойып, ұлттық тілдің дыбыстық, грамматикалық ерекшеліктерін орыс тілімен салғастыра қарау арқылы қазақ тілін үйрету, оқыту жұмысын қолға алды. Осылайша Р. Нұртазина орыс тілімен салғастыра қарау әдісі негізінде қазақ тілін оқытуға қатысты әдістемелік құрал, оқулық жазумен айналысты. Сол үшін алдымен БАҚ арқылы, оның ішінде радио арқылы қазақ тілін үйрету тәжірибелік сабақтарын жүргізді. Радио сабақ екі мезгіл жүргізіліп (таңертең, кешке), екі кейіпкердің (Таня мен Болаттың) өзара қызықты әрі көтеріңкі көңіл күйдегі әңгімелесуімен жазылып, құрастырылған. Осындай радиосабақ нәтижесінде «Таня мен Болатқа арналған радио сабақтар» деген ауыз екі сөйлеуге негізделген қазақ тілін үйрету сабақтарының жинағы шығарылды. Жинақ 12 жазба кассетамен 101 сабақ болып топтастырылған.

Ғалымның мемлекеттік тілді оқытуға ден қоюының өзі оның жай ғана мұғалім болғандықтан емес, қазақ ұлтының танымдық, тілдік ерекшелігін зерделеп білуінен және соны басқа ұлт өкілдеріне жеткізуге итермелеген ұлттық намысынан туындап отырғаны сөзсіз. Осы орайда ғалым педагог қазақ тілін оқытуды грамматикалық қырынан ала отырып, ұлттық тәрбие негізін беретін және сөйлеуге тез дағдыландыратын ұлттық тілдік қолданыстарды негізге алды. Бұған дәлел ретінде 2001 жылы үйде отырған балаларға арнап шығарған (авторлық бірлесіммен) «Наурыз», «Құрбан айт», «Дүниеге сәби келді», «Ораза айт», «Рамазан айы» (Алматы: «Аруна», 2001) шағын кітапшаларын атап өтуге болады.

Ғалым орыс тілді ұлт өкілдеріне қатысты қазақ тілін оқытуды мектепке дейінгі балалар мен оқушылар үшін зерттей бастағандықтан, мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушылары тіліне лайықталған «Оқимын, ойлаймын, ойнаймын!» авторлық бірлесіммен еңбек құрастырып жазды. Бұл еңбегі үшін ғалым әдіскер 2003 жылы жоғары деңгейдегі платиналық «Тарлан» сыйлығының иегері атанды.

Ғалым ұстаздың, ғалым әдіскердің тілдік оқыту, үйрету жұмыстарына қатысты әдістемелік еңбектерін қарастыруда оның белгілі бір білім беру бағытын ұстанғанын аңғарамыз. Ол –тіл/әдебиет оқыту заңдылығын толық игеріп, сол білім негіздерін оқытушылық қызметте, оқыту жұмысында жүйелі әрі тиімді қолданып, оқушыға таза мейірімменкөңіл бөлу керектігі; кез келген оқушыны жеке тұлға ретінде көру; оқушылардың дұрыс білім алуларына мұғалім ретінде ықпал жасап, әр сабақты шығармашылықпен өткізуге тырысу қажеттілігі. Сондай-ақ ғалым педагог әр оқушы сабаққа ынталы, қызығушылықпен келуі үшін пән сабағында қандай да бірі кішігірім жаңашылдықтың болуы мұғалімнің өзіне байланысты екенін ескеруді ұсынады.

Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі атағын иеленген Р. Нұртазинаның ұстаздық жолының өсуі, қызметтік мәртебесінің артуы – өзінің жеке еңбек жетістігінің көрінісі. Ғалым педагог, әдіскер Қазақстанның қазіргі білім беру жүйесінде енді ғана сөз болып жүрген тұлға тәрбиелеу мәселесін өз сабақтарында Кеңес дәуірінде-ақ қолданған. Ол тіл оқыту жүйесінде тіл арқылы жеке тұлға тәрбиелеудің шығармашылық жолдарын тәжірибелік тұрғыдан көрсете білді, іс жүзінде қолдана білді. Жалпы қазіргі білім беру жүйесінде талқыға түсіп жүрген «жаңашыл» оқыту технологиялары Тәуелсіздікке дейін-ақ Қазақстанда қазақ/орыс мектептерінде іске асырылып жүргені аян. Өкініштісі, сол оқыту әдістердің танылу аясы тар болды. Әйтсе де ғалым ұстаз Рафика Бекенқызы Нұртазина өзін өзі таныту жолын, өзін кәсіби біліктілігін арттыру, дамыту жолын таба білді, сол арқылы өзінің қызметтік міндетін жетік меңгеру арқылы келешекке жол ашып, нағыз мұғалімдік бейненің үлгісі салды.

Сонымен Қазақстанда тіл оқыту жүйесінде өзіндік орын алған ғалым педагог Р.Б. Нұртазинаның ғылыми әдістемелік еңбектері, әдіскер маман ретіндегі тіл оқыту мен үйрету ұстанымдары кейінгі әдіскер ғалымдардың зерттеулеріне негіздеме болары, болып та жүргені сөзсіз. Әдіскер ғалымның, алдымен, қазақ мектебінде орыс тілін оқытудаға әдістік бағыты танытылып, кейін Тәуелсіздік жылдары қарсаңында басқа ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді

оқыту мәселесіне көңіл қоюы қай мұғалімге болса да, қызметтік жолында үлгі болуы тиіс. Әдіскер педагогтің Қазақ тілінің ұлттық грамматикалық ерекшеліктерін танып білу арқылы мемлекеттік тілді ауызекі қолданыс сөйлеу тілі негізінде орыс тілімен салғастыра оқытуы, сонымен бірге оның Қазақ тілін ұлттық тәрбие, ұлттық білім негіздері арқылы оқыту әдісі мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына бағытталған оқыту ісінде кеңінен қолданыс табуы тиіс әрі нақты тіл оқытудың бір технологиясы болып табылады.

Әдебиеттер

1. Нұртазина Р. Занимательная грамматика. Фонетика. Морфология. Синтаксис. – Алматы: Мектеп, 1964, 1966, 1970.
2. Нұртазина Р. Говорим по-казахски: Оқулық. – Алматы, 1991.
3. Нұртазина Р. Продолжение урока. – Алматы, 1996.
4. Нұртазина Р., Асқар Л. Миранстың кітабы. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін. – Алматы: Балауса, 1998. – 240 б.
5. Нұртазина Р. Речевые стереотипы на уроке казахского языка // Өрлеу. – №2. – Алматы, 1999. – С. 30-31.
6. Нұртазина Р.Б. Пути активизации познавательных интересов учащихся при обучении русскому языку в казахской школе: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. – М., 1974. – 19 с.

ЖІКТІК ЖАЛҒАУ ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ЛИНГВАДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ы.Б. Шақаман, А.М. Тастыбай

*Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан
raya-s7@mail.ru, akmaral_tastybay@mail.ru*

В статье рассматриваются вопросы по грамматике казахского языка, дается обзор и объяснение особенностей и основ обучения видам аффиксов. В частности, анализируются теоретические основы описания, определения, виды и особенности употребления личных окончаний в казахском языке, указываются конкретные лингводидактические критерии при обучении школьников. Отмечается, что формирование литературного языка и языковой культуры зависит от правильного соблюдения лингводидактических основ при обучении языку.

The article deals with questions on the grammar of the Kazakh language, provides an overview and explanation of the features and basics of teaching types of affixes. In particular, the article analyzes the theoretical foundations of the description, definitions, types and features of the use of personal endings in the Kazakh language, clarifies the specific linguistic and didactic criteria for teaching schoolchildren. It is noted that the formation of a literary language and language culture depends on the correct observance of the linguistic and didactic foundations when teaching a language.

Жалғаулар – қосымшаның екінші түрі; сөйлемдегі жеке сөздерді өзгертіп, түрлендіру арқылы грамматикалық мағына үстейтін морфологиялық бірліктер. Олардың да жұрнақ сияқты нақты морфологиялық белгісі – сөзден бөлек қолданылмайтыны, сондықтан тұлғалық мағынасының да болмайтыны. Дегенмен бұлардың сөздерге қажетті жағдайда жалғануында өте маңызды

қызметі бар. Ол – оларсыз сөйлемнің болмайтыны, ойдың тұтаспайтыны. Кез келген ойды жеткізуде кез келген жалғау тисті міндетін атқарады.

А. Байтұрсынов қазақ тіліндегі жалғаудың орны туралы: «Жалғау аз, жұрнақ көп. Жалғау түбір сөзде де, туынды сөзде де болады. Жұрнақ түбір сөзде жоқ, туынды сөздерде ғана болады» [1,40] – деп, нақты түсінік берген. Осы пікірге қарап-ақ, жалғаулар қызметінің өрісі қандай екенін түсінуге болады.

Қазақ тілінде жалғаудың төрт түрі (көптік, тәуелдік, жіктік, септік) – өз орнымен қолданысқа түсіп, мәтінде сөздердің байланысын іске асырып, грамматикалық мағынаның, логикалық ойдың танылуына, астарлы пікірдің жеткізілуіне, мәтін аясындағы ой түзілімдеріне басты қызмет атқарушы.

Әр жалғаудың өз орны бар болса да, оларды ортақтастыратын тұрақты бір грамматикалық белгісі бар, соған орай да олар ортақ «жалғау» деген атауға ие болып отыр. Сондықтан, алдымен, олардың ортақ атауға ие болу белгілерін оқушыларға ашып түсіндіру қажет. Мектеп оқулықтарында бұл туралы ашып түсінік берілмейді, оның үстіне қазіргі оқушылар танымы «жаһандық танымға» ауысып жатқандықтан, қазақ тіліне, жалпы тілге қатысты оқулықтағы анықтама-ережелерді, тілдік философиялық түсініктерді қабылдай бермейді. Тек тілтанымға қабілеті бар, дүниетанымы ұлттық негізде қалыптасқан оқушылар үшін тілдік бірліктер қолданысын тану, оларды орнымен қолдана білу таңсық емес. Сондықтан пән мұғалімі оқушыларға тілдік ерекшеліктерді талдау, түсіндіру барысында нақты грамматикалық белгілерді белгілі бір әдістік жолмен ашып түсіндіруде оқушылардың қабылдау қабілеттерін анықтай алуы, білімді түсіндіру жолын таба білуі маңызды. Тек тілдік қабілет ерекшеліктерін анықтап біліп алған соң ғана оқушылардың түсіну деңгейлеріне қарай түсіндіру әдістері нақтыланады.

Алдымен тіл маманы ретінде жалғаулардың ғылыми теориялық сипатын ерекшелеген жөн.

Жалғауларды сөздерге жалғану ерекшеліктеріне қарай топтастырып, нақты бір мағыналық қызметтеріне қарай екі топқа жіктеуге болады:

- *Жалғаулардың есім сөздерге жалғану ерекшеліктері;*
- *Жалғаулардың етістікке жалғану ерекшеліктері.*

Осы жіктеу бойынша саралауда тәуелдік, септік, көптік жалғаулар зат есімге және заттануға көшкен сөздерге жалғануын жеке тақырып ретінде талдап көрсету қажет.

Ал төртінші жалғау түрі – **Жіктік жалғау** – ой тиянақтылығын беретін, баяндауыш бола алатын барлық сөзге жалғанады. Ендеше оның қолданысы шексіз. Бұл – оның басты ерекшелігі. Сондықтан Жіктік жалғауды **баяндауыштық жалғау** деп ерекше атаймыз. Өйткені ол – ой тиянақтайтын, сөйлем құрылымын аяқтайтын қосымша. Мектеп оқушылары үшін бұл жалғаудың грамматикалық қасиетін ашуда осы екі белгі ең негізгі болып табылатынын ашып түсіндіру қажет. Кез келген сөйлемдік мысалды алып, ондағы сөйлемді аяқтап тұрған жалғау тек жіктік жалғау екеніне назар аудартып, қай сөзі табына, сөз түріне жалғанып тұрғанын тақырыпқа қатысты жағдайда талдап көрсету маңызды.

Жалпы жіктік жалғау баяндауыштыққа түсетін барлық сөзге жалғанатындықтан, жоғарыда аталған ерекшеліктің екеуін де (*жалғаулардың есім сөздерге жалғану ерекшеліктері; жалғаулардың етістікке жалғану ерекшеліктері*) қабылдайды. Жіктік жалғау предикаттық қатынасты ашатын, сөздердің түрлену ерекшелігін көрсететін морфологиялық бірлік болса да, баяндауыш жасайтын жалғау болып саналуымен синтаксистік қызмет көрсетікішіне де енеді.

Келесі мәселе – мектеп оқушылары үшін пән мұғалімінің білуі және түсіндіре алуы тиіс жіктік жалғау белгілері. Бұл – жіктік жалғау қолданысын үйретудегі тілдің лингвадидактикалық негізі болып табылады.

Мектеп оқушылары үшін Жіктік жалғаудың мына грамматикалық белгілерін ерекшеліп, атап көрсету керек:

- кез келген құрылымдағы сөздерді өзара байланыстыра алмайтыны;
- тек адамзатқа қатысты сөздерге жалғанатыны;
- тек адамзатқа қатысты сөздердің өзара әрекеттік байланысын (не **тотемдік ұғымдағы сөздер қатынасын тек 3-жақта*) бере алуы (*-өз алдына жеке зерттеу).

Осы белгілерге қарап, оны предикаттық қатынасты ашатын жалғау дейміз. Осыған орай бұл жалғаудың анықтамасы: *Жіктік жалғау дегеніміз – адамзатқа қатысты сөздерге ғана жалғанып, оларды тұлғалық өзгеріске түсіріп, баяндауышқа айналдыратын, бастауыш сөздермен қиыса байланысу түрін беретін қосымша түрі.*

Жіктік жалғаурдың есім сөздерге жалғану ерекшелігі

Жіктік жалғау адамзатқа қатысты сөздерге адамзаттың әрекеттік бейнесін беретін сөздерге жалғануына қарай 3 түрге бөлінетіні кестеге түсіріп көрсету оқушылардың оларды тек сөйлем құрылысы арқылы ғана емес, теориялық жағынан тез игеруіне негіз болады.

Жалпы қазақ тіліндегі Жіктік жалғаудың *толық түрі, қысқа түрі, бұйрық райлы түрі* бар.

Толық түрі:

| | |
|---------------------------------|---------------------------------|
| -мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін | -мыз/-міз, -быз/-біз, -пыз/-піз |
| -сың/-сің | -сың+дар/-сің+дер |
| -сыз/-сіз | -сыз+дар/-сіз+дер |
| -ды/-ді, -ты/-ті; Ø | -ды/-ді, -ты/-ті; Ø |

Жіктік жалғаудың бұл түрі тек адамзаттық сөздерге, адамға қатысты заттанған басқа есім сөздерге, көсемше, есімше, адамға қатысы бар модаль сөздерге жалғанып, предикаттық байланыс береді. Жіктік жалғаудың бұл түріне мысал келтірмесек те болады. Бар болғаны «Кім?» деген сұраққа жауап беруге ауысқан сөздер мен қимылдық мәнді сөздерді (есімше, көсемшені) осы жалғау түрімен жіктей алатындығымызды түсінсек болды. Нақтылық үшін 3 мысалмен таныстыруға болады:

Адамзаттық есім; модаль сөз:

| | |
|------------------------|---------------------------------|
| Мен оқушымын; керекпін | Біз оқушымыз; керекпіз |
| Сен оқушысың; керексің | Сендер оқушысыңдар; керексіңдер |
| Сіз оқушысыз; керексіз | Сіздер оқушысыздар; керексіздер |
| Ол – оқушыØ; керекØ | Олар – оқушыØ; Олар керекØ |

Көсемшелі етістік:

| | |
|-------------|-------------------|
| Мен келемін | Біз келеміз |
| Сен келсің | Сендер келесіңдер |
| Сіз келесіз | Сіздер келесіздер |
| Ол келеді. | Келеді |

Адамзатқа, оның әрекетіне қатысы жоқ сөздер жіктеуге түспейді. Орыс тілді мектеп оқушылар үшін «Мен қаламмын» немесе «сен сусың» деген қолданыс болмайтынын түсіндіру қиын емес, өйткені мұндай ерекшелікті орыс тілінің жіктеу жүйесімен салғастырып түсіндіріп кетуге болады. Бірақ әдеби шығармаларда метафоралық қолданыста ғаламзаттық, адамға қатысы жоқ сөздер, жіктік жалғаумен айтыла беретінін ескерту ретінде айтылады: *желмін, күнмін*, т.б.

Жіктік жалғаудың етістік сөздерге жалғану ерекшелігі

Жіктік жалғаудың келесі түрі – қысқа түрі. Егер жіктік жалғаудың толық түрі етістіктің *көсемше, есімше* түріне жалғанып, қимыл әрекеттің нақты аяқталуын көрсетсе, қысқа түрі етістіктің шартты райлы түріне, жедел өткен шақ түріне жалғанып, қимыл-әрекеттің аяқталуын, ойдың жүзеге асқанын жақ-жағымен білдіреді.

Осы арада ғылыми жақтан да, оқыту жағынан да нақты көңіл бөлетін тілдік философиялық белгі – **жіктік жалғаудың етістіктің түбір* күйіне тікелей жалғана алмайтыны.**

1-ерекшелігінде де жіктік жалғаудың толық түрі етістікке тікелей емес, оның есімше, көсемшеге түрленгеннен кейін жалғанатыны байқалды; 2-ерекшелігінде де оның қысқа түрі етістікке тура жалғанбайтындығын көруге болады:

қысқа түрі (тек шартты райлы, жедел өткен шақ жұрнақтарынан кейін):

| | |
|-----------|-------------------|
| -м | -к/-к |
| -ң | -ң+дар/-ң+дер |
| -ңыз/-ңіз | -сыз+дар/-сіз+дер |
| Ø | Ø |

Мысал:

| | |
|------------------------|---------------------------------|
| Мен білсем; білдім | Біз білсек; білдік |
| Сен білсең; білдің | Сендер білсеңдер; білдіңдер |
| Сіз білсеңіз; білдіңіз | Сіздер білсеңіздер; білдіңіздер |
| Ол білсеØ; келдіØ | Олар білсеØ; Олар білдіØ |

Қазақ тіліндегі жіктік жалғаудың ерекшелігінің оқытылуында оның үшінші түріне де баса назар аудартамыз. Ол – **бұйрық райлы түрі.** Бұл түрін ғалымдар жіктік жалғаудың түрі деп нақтыламайды. Бар болғаны осы жалғау жалғанған етістіктер бұйрық райлы етістіктер деп атап өтілуі басым. Негізінен алғанда, бұл – жіктік жалғаудың бұйрық райлы түрі болып, түбір болып көрінетін етістіктерге*([2] еңбектен оқыңыз) ғана жалғанады:

бұйрық райлы түрі:

| | |
|------------------------|------------------------------------|
| -айын/-ейін, -йын/-йін | -айық/-ейік, -йық/-йік |
| Ø | -ыңдар/-індер, -ңдар/-ңдер |
| -ыңыз/-іңіз, -ңыз/-ңіз | -ыңыздар/-іңіздер, -ңыздар/-ңіздер |
| -сын/-сын | -сын/-сын |

Бұл түрге де мысалға кез келген егістікті қойып, ауызша/жазбаша жіктеуге болады.

Жіктік жалғауының осы үш түрін мектеп оқушылары үшін көрсетілген сағат санына қарай бөліп оқыту белгіленгені түсінікті. Сағат санын қою қай сыныпқа қатысты болатыны жағынан, оқушылардың білімдік қабылдауына қарай шешіледі. Орыс тілді мектеп оқушылары үшін жіктік жалғаудың үш түрін оқытуда әрбірі жеке сағат санымен өлшенуі пән маманының оқыту шеберлігімен шешім табады.

Жіктік жалғаудың теориялық белгілері белгілі бір оқыту жолдарымен көрсетілуде дағдыландыру тапсырмасы түрлендіріп берілетіні түсінікті. Бұл жағдайда мысалдар нақты ұлттық мазмұндағы сөздер болып таңдалғаны дұрыс. Мәселен, орыс тілді орта буын оқушыларына жіктік жалғауын үйретуге ауызша дағдыландыру тапсырмасын «Қостау ойыны» түрінде өткізуге болады. Тақтаға оқушыларкезекпен шығарылып, қандай да бір есім сөзжазылған қағаз бір оқушының маңдайына жапсырылады. Тақта алдына шыққан оқушы отырған оқушыларға сұрақ қою арқылы өзіне жасырынылып жазылған, маңдайына жапсырылған сөзді табу керек. Оқушы сұрақты бірінші жақта, жіктік жалғаулы сөзбен қояды. Отырған оқушылар тек «иә/жоқ» деп жауап беруі арқылы оның жауабын нақтылайды. Жасырылған сөз толық тауып ашылғанға дейін оқушы сұрақ қоюды жіктік жалғауды пайдалану арқылы жалғастыра береді. Мысалы, тақтаға шыққан оқушыға берілген жасырын сөз – *дәрігер*. Ол «Мен адаммын ба?, Мен үлкенмін бе?», т.б. деп сұрақ қою арқылы сөздің адамзатқа не ғаламзатқа қатысты екенін біліп алады. Сөйтіп сол ыңғайда сұрақ қоюды жалғастыра беріп, шешімін тапқанша, сұрақ қоя береді. Тақтаға шыққан оқушының жіктік жалғауды дұрыс қолдануы оқушылар тарапынан қадағаланып отырады. Бұл арқылы оқушылардың жіктік жалғаудың толық түрін игеру дағдысы қалыптасады. Осылайша жіктік жалғаудың басқа түріне де тапсырма ойластырып, оқушылардың дұрыс сөйлеу дағдысын жетілдіруге болады.

Оқушылардың қазақ тілінде сөйлеуіне, тіл мәдениетінің дұрыс қалыптасуына ауызша сөйлеуден бұрын жазба тіл мәдениеті басым нәтиже береді. Ал бұл тілдік терияның дұрыс берілуімен байланысты. Тілді оқытуда сөз қолданысының дұрыс болуы қосымшалардың да қолданысын дұрыс түсіндірілуімен тікелей байланысты. Жіктік жалғаудың ауызша сөйлеудегі қолданысы, жазба тілдегі қолданысы бар. Оқыту барысында оны да салыстырып көрсету қажеттілігі туындайды.

Қазақ тіліндегі оқулықтарда ереже-анықтамалар тым ғылымиландырылып беріледі. Бұл оқушылардың мәтінді оқуға деген ынтасын басып тастайды. Сондықтан пән мұғалімінің тілді оқытуда әр тақырыпқа қатысты лингва-дидактикалық ұстаным мен белгілерді таба біліп, сабақты оқушы танымына лайық құруды жоспарлауы нақты бір пайдалы шешімге қол жеткізеді.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – III т. – 384 б.
2. Шақаман Ы.Б. Қазақ тілі сөздерінің түрленім жүйесі мен қызметі. – Павлодар. ЭКО, 2008. – 179 б.

ЖАРНАМАЛЫҚ ДИСКУРСЫҢ ПРОПОЗИЦИЯЛЫҚ-ФРЕЙМДІК СИПАТТАМАСЫ

Г.Б. Алимканова

*Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан
email.19.01@mail.ru*

В статье обоснован метод фреймового моделирования применительно к анализу рекламного дискурса. Ценностный выбор фреймов в Казахстане заключается в том, что рекламный дискурс базируется на специфике культурного пространства, на языковом, поведенческом и ментальном уровнях передачи культурных кодов, характеризующихся интегративными процессами в поликультурном обществе.

The article substantiates the method of frame modeling in relation to the analysis of advertising discourse. The value choice of frames in Kazakhstan is based on the fact that the advertising discourse is based on the specifics of the cultural space, on the linguistic, behavioral and mental levels of the transmission of cultural codes, characterized by integrative processes in a multicultural society.

Жарнамалық талдаудың фреймдік тәсілі бірқатар ерекшеліктерге ие және оны әртүрлі мақсаттарда қолдануға болады. Зерттеушілердің көпшілігі жарнамаларда фреймдік тәсілді ұстану мақсатты аудиторияның санасына әсер ететін тетіктерді талдау үшін қолданады. Кейбір зерттеушілер фреймдік әдісті әлемнің жарнамалық бейнесіндегі жеке кадрларды, оларды жарнамалық мәтінге енгізу ретінде қарастырады (Л.С. Винарская, Е.Н. Ежова, М.Н. Новиков).

Фрейм – бұл стереотиптік жағдайларды бейнелеуге арналған мәліметтер құрылымы [1, 187]. Таным әрекетіндегі адам фрейм деп аталатын белгілі бір деректер құрылымын (кескінін) жадынан тандапалады, осылайша ондағы жеке мәліметтерді өзгерту арқылы құбылыстар мен процестердің кең тобын түсінуге ыңғайлы етеді [1, 151].

Сценарий уақыт бойынша процесс, фрейм дамуын көрсетеді [2, 18]. М. Коул сценарийді оқиғалар үлгісі ретінде қарастырады [3, 113].

З.Д. Поповамен И.А. Стернинде белгілі бір әрекеттер тізбегі сценарийдің негізгі сипаты ретінде негізінде, бұл фреймдер, жеке эпизодтар, кезеңдер, элементтер уақыт пен кеңістікте рет-ретімен орналастырылады деп ерекше атап өтеді [4, 119].

Фрейм шыңнан, фрейм атауы, слоттар (терминалдар), дискретті элементтер, ақпаратты сақтауға арналған ұяшықтардан тұрады. Лауазымдар жақтауды құрылымдау, және өзара әрекеттесу аясында слоттардықұрайды.

Вербалды және вербалды емес құралдарды таңдауда теледидар ролигінің тар уақыт шеңбері шектейді. Демек, басқа белгілермен бірге, жарнамада ұсынылған әрбір белгі белгілі бір прагматикалық міндетті шешу керек: жарнаманың алдында тұрған коммуникативтік және танымдық міндеттердің кең спектрі, алушының санасына әсер етудің мағынасы мен құралдарының жиынтығы органикалық түрде берілген жарнамалық хабарламаның шектеулі көлемі жарнамалық мәтіннің осы барлық ерекшеліктері жарнамалық ойлаудың сызбасы мен шеңберін анықтайды [5, 160].

Прагматикалық мақсаттарға қол жеткізу үшін жарнама өндірушісі мақсатты аудитория үшін жалпытанымдық контекстке ие стереотиптік жағдайдың маркерлерін пайдаланады. Фрейм мәдени-негізделген, келісілген білімнің моделі ретінде әрекет етеді [6, 30], жарнамалық хабарламаның ықтимал түсіндірілуін басқаратын және әлеуетті тұтынушының жоспарлы эмоционалды реакциясын қалыптастыратын құралға айналады. Теледидарлық жарнамадағы фрейм слоттарын актуализациялауды талдау, біздің ойымызша, фрейм құрылымын ұжымдық санада модельдеуге мүмкіндік береді. Фрейм слоттары бір-бірімен өзара әрекеттеседі және әртүрлі ұсыныс сызбалары аясында ұсынылуы мүмкін (субъект-өндірілетін әрекет, әрекет-іс-қимылдар және т. б. орны). Жарнамадағы слоттардың актуализациясы мақсатты аудиторияның санасында бол жамдық жақтау моделін құрайды. Кірістірілген пропозициялар фреймді интерпретациялау нәтижесі ретінде әрекет етеді. Пропозициялық сипаттама фреймді стереотипті жағдай ретінде барынша толық көрсетуге мүмкіндік береді.

Отбасы фреймі қазақстандық жарнамаларда азық-түлік өнімдер жарнамаларында, атап айтсақ, шай, сүт, макарон өнімдері, тәттілерде ұсынылған.

Зерттелген республикалық теледидар жарнамаларының көбі отбасы бейнесіне сілтеме жасайды, бұл қазақстандық аудиториясы үшін осы фреймнің маңыздылығын растайды.

Сүт өнімдерін жарнамалауда отбасы фреймі сүт жарнамаларында ең тұрақты түрде ұсынылған: 108 жарнамалық материалдың 86 жарнама ішінде отбасы бейнесі бар. Біздің ойымызша, бұл бірнеше факторларға байланысты:

– фреймдер, хабар тарататын аудитория әрқашан жарнамаланатын өніммен сәйкес келеді;

– жарнамалық кейіпкер сюжетпен бірге мақсатты аудиторияға жарнамалық хабарлама тұжырымдамасын қалыптастырады;

– теледидардағы жарнамалық сюжеттің жиілік стратегиясының бірі-жарнамаланған өнімді пайдаланудың әдеттегі жағдайларына сілтеме жасау, ол көрерменнің алдыңғы тәжірибесіне сүйенеді.

Жарнамаланатын өнім фрейм таңдаудың негізгі факторына айналады, демек, сүт өнімдерінің қазақ мәдениетіндегі алатын орны мен маңызын қарастырып өтейік. Сүт өнімдері – бұл қазақ этностарының дастарханының негізі: Қазақтың ұлттық тағамдары ежелгі шығу тегі сүт өнімдерінің әртүрлілігін растайды.

Ғасырлар бойы айналысқан мал шаруашылығы бұл әртүрлілікке ықпал етеді, қазақтардың өмір сүру салтына байланысты, әр мезгіл сайын сүт өнімдері дет үрленіп отырған [7, 6].

Қазақ даласының сана-сезіміндегі сүт өмір беретін бастаулардың бірі болып саналады (түркі этникалық топтарына ортақ мифологиялық образ Қорқыт үшін ана сүтінің ерекшелігі екені кездейсоқ емес) және күн мен түннің теңелудің ырымдық тағамы наурыз көже екені мәлім. Сүт өнімдерінің мәдени белгі ретіндегі маңыздылығын сүтпен байланысты рәсімдержүйесі растайды. Өртті тоқтату үшін, апат жолында сүт төгілді. Өнімнің құндылығы салттық тыйым салулар жүйесін атап көрсетеді: қазіргі уақытқа дейін сүтті еденге төгуге, төгілген сүтке басуға тыйым салулар орын алды. Қымыз қысатын

әйелге ыдыс-аяқтарды сатырлап, дыбысын шығаруға болмайды. Ұсынған қымыз бен айраннан бас тартпауы керек, әйтпесе жол болмайды [8].

Ақас деп аталатын сүт тағамдарының аталымының мағынасы қасиетті ұғымын білдірді, кейінірек ол шын жүректен ұсынылған кез-келген тамақты білдіре бастады. Бұл жағдайда ақ компонентінің қайта пайымдауы орын алды және ақ түстің символизмі кінәсіздік белгісі, таза ойлар және қазақ тілінде жоғары рухани қасиеттер ретінде өзектендірілді; адамның сапасын сипаттайтын фразеологизмдерді салыстырыңыз: ақжүрек (ақжүрек, ашық, таза жүреппен мағынасында), ақниет (ақниет, таза ойлар мағынасында), ақкөңіл (көңілі ақ, мейірімді деген мағынасында) және т.б. [9].

Қазақ мәдениетінде сүт және сүт өнімдерінің жоғары құндылығы өндірушіге сүт өнімдері жарнамаларында ұсынылған әртүрлі фреймдерді өзектендіруге мүмкіндік береді. Сүт жарнамасында отбасы фреймі басты орындарда.

Жарнама сюжеттерінде отбасы фреймінің түрлі слоттары көрсетіледі, кешенді талдау фреймінің пропозициялық үлгісін жасауға мүмкіндік береді. Әрбір деңгей әртүрлі құрылымдық элементтерді, пропозицияларды құрайды. Бірінші деңгей пропозиция субъектілерін, слоттарды сипаттайды. Әрбір слотта, кем дегенде, екі отбасы мүшесі, кейбір сюжеттерде бірнеше ұрпақ: ата-аналар – балалар-немерелер көрсетілген.

Әртүрлі слоттарда пропозиция субъектілерінің деңгейін қарастырайық:

– анасы, екі ата-ана, кейде тек әкесі немесе анасы – бала (балалар): «ФудМастер» брендінің жарнамалық сюжеттері («Ұрпақ денсаулығы үшін», «Жаңа мақсаттар», «Сіз демалысты қалай өткіздіңіз?», «Бізде мақтанатын нәрсе бар», «Денсаулығымыз үшін дәмді қамқорлық», «Био-с-сіздің иммунитетіңізге көмек», «Қазақстанда достық шекарасы жоқ», «Әкемен таңғы ас», «Иммунитеттің ең жақсы досы», «Анамен таңғы ас»), «Айналайын» («12 жыл бірге»), «Мое» («Коньки», «Саяжай»), «Lactel» («Нұрлы таң»), «Мумуня» («Бәріне жеткілікті»), «Соны ал») және т. б.;

– ата-аналар – балалар-немерелер: «ФудМастер» («Кез келген жаста мақсат қоюға болады», «Ұрпақтың денсаулығы үшін», «Әже келді», «Био-с – сіздің иммунитетіңізге көмек»), «Мое» («Жаңа жыл») брендтерінің жарнамалық сюжеттері;

– ерлі-зайыптылар: «ФудМастер» («Әрқашан дәмді болсын») «Мое» («Таңғы ас») компанияларының жарнамалары.

Отбасы фреймінің екінші деңгейі предикативті сипаты бар субъект пропозициясы арасындағы қарым-қатынас пен сезімдерді сипаттайды: туған-туыстардың қолдауы, «ФудМастер» жарнама сюжеттерінде отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлық («Дені сау болу оңай», «Әкемен бірге таңғы ас», «Иммунитеттің ең жақсы досы», «Анамен бірге таңғы ас»); «ФудМастер» роликтерінде нәзіктік және өзара түсіністік («Жаңа мақсаттар», «Әкемен бірге таңғы ас», «Анамен бірге таңғы ас», «Иммунитеттің ең жақсы досы», «Әже келді»), «Айналайын» («12 жыл бірге»), «МОЕ» («Таңғы ас», «Жаңа жыл»); «ФудМастер» жарнамасында бала күту («Ұрпақ денсаулығы үшін»), балалық шақ туралы естеліктер («Тәтті естеліктер») және басқалар.

Отбасы фреймінің жеке слоты ретінде енгізілген объект пропозициясы жарнамаланатын өнім нысаны болып табылады. Жарнамаланатын өнімді жарнамалаушы вербалды және вербалды емес кодтарды қолданып, басқа слоттармен байланыстырады және репрезентацияланатын фреймге енгізеді.

Мәселен, «Ұрпақтың денсаулығы үшін» жарнамасында «ФудМастер» айраны қамқорлық слотымен байланысты: Отбасы мүшелері бір-біріне қамқорлық жасап, «ФудМастер» айраныні шеді, себебі айранның құрамында табиғи витаминдер, минералдар бар және «біздің денсаулығымызға пайдалы». «Әже келді» жарнамасында «ФудМастерден» үй сүзбесі вербалды хабарлама бойынша «біздің әжеміздікі сияқты дәмді» дегенді білдіреді, сондықтан жарнамалық кейіпкер-әже-жарнамаланатын өз үй сүзбесінің дәмі ерекшеленбейтінін аңғарады. Үймен байланыс және жарнамаланатын өнімнің сапасын растау жалпы дәлел: нағыз үй дәмі, эхо-фраза аудио және визуалды көрсетіледі. Үймен байланыс және жарнамаланатын өнімнің сапасының расталуы: «Нағыз үй дәмі» жалпылама дәлелмен ұсынылады.

«Мое» қазақстандық сүт өндіруші жарнамасындағы отбасы фрейм слоттарын іске асырылуын қарастырайық. Жарнамалық роликтерде аздаған вариациялары бар вербализацияланған хабарламаның мәтіні қайталанатын, бұл ретте жарнаманың визуалды сүйемелдеуі өзгереді, бұл мақсатты аудиторияның интерпретациясының жаңа мағыналары мен мүмкіндіктерінің пайда болуына әкеледі:

Бұл мені (бізді) бақытты, біздің өміріміздің ең қарапайым сәттерін ерекше етеді және мәңгі есте қалады. Маңыздысы-сен үшін, қажеттісі-мен үшін, баға жетпес-біз үшін. Бұл Мое (музыкалық әуен).

Экранда бейнеленген жарнама кейіпкерлері жарнама сюжетінің қаһармандары ретінде қайталанатын. Сюжеттің кейіпкерлері интернационалдық отбасы мүшелері болып табылады (әйелі – қазақ, күйеуі – орыс), бұл көпұлтты Қазақстанның бір белгісі болып табылады және тұтынушылық аудиторияның оң бағалаушы реакциясын қамтамасыз етуге арналған.

Жарнама өндіруші жарнамалық роликтер сериясында мағынаны өзектендірудің екі жоспарын ұсынады:

1) отбасылық өмірдің әрбір сәтінің маңыздылығы (көпшілігі олар бізді жасайды, өйткені әрбір сәт әркім үшін бақыт;

2) «Мое» сүті бізді бақытты етеді, біздің өміріміздің қарапайым сәттерін ерекше етеді (бұл мағына бейнені өзектендіреді).

Осылайша, жарнамалық хабарлама үшін әуендік сүйемелдеу – бұл брендтің таңдаулы белгісі, жарнамаланатын өнім және отбасы шеңберіндегі фрейм ретінде кейіпкерлер мен көрнекіліктерді таңдау кескіннің қалыптасуына ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Муромец И. Сельское хозяйство / «Вятский наблюдатель», 2016. – №4 – С.7-8
2. Минский М. Фреймы для представления знаний / пер с англ., под ред. Ф.М. Кулакова. – М., 1979. – 151 с.
3. Баранов А.Н. Введение в прикладную лингвистику. – М.: «Эдиториал УРСС», 2001. – 368 с.

4. Коул М. Культурно-историческая психология: наука будущего. – М.: Когито-Центр, 1997. – 432 с.
5. Попова З.Д. Когнитивная лингвистика. – М.: АСТ «Восток-Запад», 2010. – 314 с.
6. Ежова Е.Н. Фрейм образ жизни в рекламной картине мира // Наука. Инновации. Технологии. – 2007. – № 50. – С. 159–164.
7. Болдырев Н.Н. Концептуальное пространство когнитивной лингвистики // Вопросы когнитивной лингвистики. – 2004. – № 1. – С. 18–35.
8. Шаханова Н.Ж. Традиционная пища казахов как историкоэтнографический источник: дис. канд. ист. наук : 07.00.07. – Ленинград, 1987. – 224 с.
9. Шалекенов М.У. Традиционная молочная пища казахского народа // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». – 2018. – №2(14). – Режим доступа: <http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/856>

СӨЗ МАҒЫНАСЫНЫҢ СТАТИКАЛЫҚ КҮЙІН ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНА САЙ ОҚЫТУ

А.М. Қайырбай

*Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан
aiym_k97@mail.ru*

Обновленная образовательная программа вошедшая в образовательный процесс нашего государства – это новая программа, отвечающая современным требованиям будущего поколения. Формирование функциональной грамотности учащихся с использованием эффективных стратегий обучения в соответствии с новой парадигмой образования для реализации обновленного содержания образования.

The updated educational program, which is part of the educational process of our country, is a new program that meets the needs of future generations in accordance with modern requirements. Formation of functional literacy of students using effective teaching strategies in accordance with the new educational paradigm for the implementation of the updated educational content.

Жаңартылған білім мазмұнына сай жасалған қазақ тілінің типтік бағдарламасында қазақ тілі пәнін оқытудың мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету [1].

Ана тіліндегі сөздердің бай мағыналық реңктерін, қолданылу ерекшеліктерін білмейтін, өз ойын дұрыс жүйелеп баяндай алмайтын оқушының дүние танымы тежеледі, өздігінен ойлануы, ой қорытуы дұрыс қалыптаспайды. Мұндай кемшіліктің оқушыда болмауы үшін, мектепте функционалдық сауаттылық қалыптастыру жұмысына тиісті дәрежеде мән беріліп, бұл жұмыс дұрыс жолға қойылуы керек.

Әрине, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру жұмыстарының аясы өте кең, ол қазақ тілі пәнін оқумен ғана шектеліп қалмайды, кез келген пән иесі оқушыны өз пәнінің тілінде сөйлете алуы тиіс [2,20-21].

М. Балақаев «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту» деп аталатын еңбегінде: «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың ұштасқан, ұйытқы кестелерін морфологиялық сөз топтарын, синтаксистік сөз тіркестері мен сөйлем мүшелерін, сөйлем құрылысын

оқытумен байланыстыру керек. Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әрекетіміздің нәтижесінде тілдің сөз байлығын толық игеруге, тілдің фонетикалық құрылымын, сөзжасам жүйесін жақсы меңгеруге, морфологиялық, синтаксистік тәсілдерді жақсы біліп, оларды практикалық тіл жұмсау дағдысында дұрыс пайдалана білуге тиіс», – десе [3,77], ғалым Рабиға Сыздықова: «Ең алдымен, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – тілді дұрыс қолдана білгізу деп ұқсақ, мектептерімізде күні бүгінге дейін тілдің құрылымын теориялық тұрғыдан танытуға басты назар аударамыз да, сол теориялық түсініктерді тәжірибе жүзіне асыра білу дегенді назардан тыс қалдырамыз», – дейді [4, 21-22].

Сондықтан оқушының қазақ тілі пәні бойынша функционалдық сауаттылығы қалыптасуы үшін тілдік тақырыптың табиғаты, лексикалық негізі ашылуы тиіс.

Тіл ғылымының әрбір саласы өзінің дербестігі мен даралығын сақтай отырып, өзара бір-бірімен байланысып отырады. «Қазіргі қазақ тілі фонетика, лексикология, морфология, синтаксис, стилистика, диалектология болып бірнеше салаға бөлінгенмен, осылардың барлығының да тексеретіні – сөз», – дейді Ә. Болғанбаев. Дегенмен де, «Лексика» – сөз, оның мағынасы жайлы тілдің негізгі саласы, ал сөз мағынасын, оның әр түрлі реңкін, қыр-сырын жете түсіне алмаған, сөз байлығы жетілмеген оқушы ойын да анық, ұтымды, мазмұнды етіп жеткізе алмайды. Әрі балалардың сөздің тура және ауыспалы мағынасы болатындығын, деректі, дерексіздік ұғымды білдіретіндігін, ол жайындағы анықтама ережелерді жап-жақсы айтып береді, ал бірақ сөздердің мағыналарын тап басып, орнымен қолдануға келгенде, келеңсіздік байқалады. Сондықтан да функционалдық сауаттылықты қалыптастыру жұмыстарын лексикалық тақырыптарды оқытумен байланысты алудың өзіндік маңызы зор.

Сонымен қатар, кейбір лексикалық тақырыптарды, оның ішінде сөздің лексика-семантикалық топтарын тіл дамыту жұмыстарымен бірлікте, байланысты жүргізу – сөз мағынасын терең түсініп, орынды қолдана білуге ықпал жасайды, оқушының белсенді сөздік қорларын молайтады. Ал оқушының сөздік қорын байытпайынша, функционалды сауаттылықты қалыптастыру да мүмкін емес.

Осы орайда ең алдымен «сөз» тақырыбының мәнін ашып алған жөн.

Сөз белгілі бір заттың атын, түсін, белгісін, сынын, сапасын, үлкендігін, кішілігін, бір сөзбен айтқанда, соның табиғи пайда болуын, атаудың ұғымын білдіреді. Яғни жаңа зат пен әр түрлі құбылыстың атауын білдіретін функцияны, қызметті атқарады. Бұл туралы А.А. Реформатский: «Тілдегі сөздің жеке функциясы деп біз атаулық, номинативтік функциясын айтамыз. Ал сөз арқылы заттарды, құбылысты, болмысты танимыз, атаймыз», – десе [5,34], ғалым Ә.Болғанбаев: «Сөз – заттың таңбасы», – дейді [6,8].

Лексиколог ғалым А. Айғабылов: «Сөз – қоғамдық құбылыс. Ол қашанда қоғамдасқан, бірлесіп еңбек ететін, тіршілік-тынысы бір-бірінен үздіксіз қатынаста болатын адамдардың қажетін өтей жүріп, бір халыққа түгел түсінікті, ортақ күйде ғана өмір сүреді», – деп анықтама береді [7,5].

Профессор І. Кеңесбаев: «Сөз қандай күрделі болса, сөз мағынасы да сондай күрделі» [8,15], – дейді.

Сөз туралы түсінікті жақсы аңғарту үшін оның мағыналарын түсінуі шарт.

Кеңес тіл білімінде сөз мағыналарын топтастырудың академик В.В. Виноградов ұсынған классификациясы кеңінен қолданылды. В.В. Виноградов сөздің лексикалық мағыналарын үш типке бөліп көрсетеді: 1) тура немесе номинативті мағына, 2) фразеологиялық байлаулы мағына, 3) синтаксистік шартты мағына [9,10].

В.В. Виноградовтың сөз мағыналарын топтастыруы Ғ. Мұсабаев пен С. Кеңесбаевтің, Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаевтың классификацияларына негіз болды.

Сөз мағынасы – дамып, жетіліп отыратын құбылыс, сондықтан сөздің негізгі мағынасы (лексикалық мағынасы) атауыш немесе тура мағынамен шектеліп қоймайды. Сөз әрқашан тек атауыш я тура мағынада айтыла бермейді. Сөздің атауыш тура мағынасының негізінде туып өрбіген, бір тілде сөйлейтін адамдарға түсінікті, қауым таныған ауыс, нақты, абстракті (дерексіз), меңзеу мағыналары болады. Сайып келгенде, бұлардың бәрі (атауыш я тура мағынамен бірге) сөздің негізгі лексикалық мағыналарының түрлері болып табылады [10, 74–75].

- Сөздің атауыш (номинатив) мағынасы, ол тура мағына деп те аталады. Лексикалық мағынаның бұл түрі сөздердің шындық болмыстағы заттар мен құбылыстарға, олардың белгілеріне қатыстылығына байланысты пайда болған.

Сөздің затты не құбылысты атап білдіретін мағынасы атауыш (номинатив) мағына деп аталады. Атауыш мағына әр заттың өз алдына дербес мағынасы болып табылады, сол арқылы біз заттарды бір-бірінен айыра білеміз. Мысалы, тау, тас, өзен, көл, боран, жел деген заттық ұғымдар жеке-жеке аталып, бірден атауыштық мағыналарға ие болып тұр.

Сөздің атауыш мағынасы заттар мен құбылыстарға жанама түрде емес, тікелей бағытталатындықтан, тура мағына деп аталады. Сөздің тура мағынасы деген ұғымға заттар мен құбылыстардың ауыс я басқадай туынды қосымша мағыналары кірмейді. Тура мағына заттар мен құбылыстардың қазіргі кездегі тұрақты негізгі мағынасы ретінде танылады. Мысалы, жоғарыда келтірілген атауыш мағынадағы сөздер әрі заттардың тура мағыналары болып саналады. Сонымен бірге әрбір атауыш сөздің жеке тұрып білдіретін мағынасында еркіндік сипат бар, яғни оның мағынасы еркін мағына болып табылады. Сол себепті атауыш тура мағынадағы сөздер басқа көптеген сөздермен емін-еркін қарым-қатынасқа түсіп отырады. Мысалы жақсы сөзінің атауыш мағынасы жақсы қасиет туралы қалыптасқан ұғымы бар сөздердің қай-қайсысымен де байланысқа түсе алады: жақсы адам, жақсы жер, жақсы қылық, жақсы ниет т.б.

- Сөздің атауыш немесе тура мағыналары толық мағыналы дербес сөздердің бәріне де қатысты. Тек есімдіктердің атауыштық (атау болу) қызметінің өзіндік ерекшеліктері бар. Есімдіктер зат, құбылысты, олардың белгілерін, сыр-сипатын тікелей атап білдірмейді, тек толық мағыналы сөздердің орнына жұмсалып, оларды алмастырып, меңзеп білдіріп тұрады. Сол себепті есімдіктердің лексикалық мағынасын меңзеу мағына деп атауға болады. Мысалы, біз, олар, кім, не, қалай, қайсы, ештеме деген есімдіктер нақты затты не оның белгілерін атап тұрған жоқ, тек оларды атап білдіретін сөздердің

орынбасар көрсеткіші ретінде қолданылып тұр. Сол себепті есімдіктердің меңзеу мағынасы олардың негізгі сөздік мағынасы ретінде сөздіктерде беріліп отырады.

- Сөздің ауыс мағынасы бір заттың негізгі атауыш (тура) мағынасын басқа бір затқа атау етіп ауыстырып қолданудан барып туады. (Адамның аяғы – үстелдің аяғы, төсектің аяғы т.б.). Оған әдетте бір затты басқа бір затпен салыстыру, ұқсастыру себеп болады. Сөйтіп, сөздің ауыс мағынасынан жанама түрде қашанда оның тура мағынасы сезіліп тұрады. Сөздің ауыс мағынада қолданылуы көп мағыналы сөздердің (полисемия) тууына себеп болады.

- Ал нақты және дерексіз мағыналардың бір-бірінен айырмашылығына келсек, ол сөздің затты қандай дәрежеде білдіре алатындығына байланысты. Егер сөз затты дәл қалпында атап білдірсе, онда оның мағынасы нақты мағына болып табылады. Мысалы, Алматы, Атырау, қайық, терек, сауысқан, қағаз, қалам барды, әкелді, т.б. Егер сөз затты оның нақты белгілерінен, қасиеттерінен ажыратып, жалпылап, дерексіздендіріп атап тұр. Бұдан басқа ойтаным (интеллект) арқылы санада қалыптасқан дерексіз ұғымдар болады. Бұлар – ойтанымдық ұғымдар. Мысалы, адамгершілік, адалдық, арман, қиял, басқару, игеру т.б. осындай ұғымдардың мағыналарын білдіреді [10,73-76].

Қарастырылып отырған тақырып бойынша функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда принцип ↔ әдіс ↔ жаттығу механизмі іске қосылуы керек. Функционалды тұрғыда сауатты тұлға қалыптастыру үшін бұл аталған үшеуі бір-бірінен ажыратылмай бірлікте оқытылуы қажет.

Дидактикалық принцип – оқу-тәрбие ісінде басшылыққа алынатын педагогикалық қағида, оқу-тәрбие жұмыстарының заңды жүйесі, оқыту ісінде табысқа жетудің қажетті шарты болып табылады. Бұл қағида оқытудың мазмұнына, ұйымдастыру формасына және әдістеріне қойылатын талаптарды көрсетеді.

Дәстүрлі принциптермен қоса жаңартылған білім мазмұнында когнитивтік, креативтік, рефлексивтік ұстанымдар негізге алынады.

- Когнитивті ұстаным – оқушының пән немесе нақты тақырып бойынша өзіндік ойлауын қалыптастыруды мақсат етеді. Себебі тұлға, мәселен, қазақ тілі бойынша нақты бір тілдік тақырыптың табиғатын, лингвистикалық негізін терең түсінуі тиіс. Сонда ғана ол сол тақырыптың тілдегі орнын, жалпы қолданыстағы орнын біледі, өзінің сөйлеу әрекетінде сауатты қолдана алады.

- Қазақ тілін меңгертудегі креативтік ұстаным сабақты шығармашылық үдеріс ретінде құруды мақсат етеді. Оқу үдерісінде жұптық, топтық жұмыс түрлерін, біріккен шығармашылық тапсырмалар мен жобаларды орындауға бағытталады.

- Рефлексивтік ұстаным – бұл принцип бойынша оқушылардың алған білімдерінің нәтижесін қорытындылау мақсат етіледі. Білім алу жолын негіздейді. Яғни оқушы өзінің іс-әрекетін, өзінің қабілетін түсінбесе, ол өзінің алған білімін өзіне иемдене алмайды.

Көрсетілген ұстанымдардың оқушының ой операцияларының логикалық-сабақтастық желісін құрап, ауызекі сөйлеу мен жазу сауаттылығын қалыптастырып, дамытуда орны ерекше екендігін соңғы жылдардағы көптеген педагогикалық зерттеулер мен еңбектерде дәлелденіп келеді.

Механизмнің екінші тетігі – әдіс. Ахмет Байтұрсыновша, әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе.

Әдіс туралы Ю.К. Бабанский: «Әдіс дегеніміз – мұғалім мен оқушылардың өзара әрекетінің негізінде білім, тәрбие және таным процесін жетілдіру», – десе [2,27], профессор Б.Б. Жахина: «Әдіс – белгілі бір ғылым салаларын үйретудің немесе сол жайында жаңалық ашудың амал – тәсілі», – дейді. Сонымен қатар педагогикада әдіске мынадай анықтама береді: «Әдіс – білім беру методы оқушылардың білімі мен практикалық дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізілетін жұмыстарының тәсілі» [2,28].

Әдістер пән мұғалімінің өз жұмысын жүргізу барысында тиімділігіне қарай ауысып отырады:

- өтілетін тақырыптың теориялық мазмұнына қарай;
- оқушылардың ынта-жігері, белсенділігіне қарай;
- оқушылардың функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған жұмыс түрлеріне қарай.

Сөз мағынасының статикалық күйлеріне байланысты функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда «Бэкроним», «Үшіншісі артық», «Жалғасын тап», «Пазл» сынды әдістерді тиімді қолдануға болады.

Механизмнің үшінші тетігі – жаттығу. Жаттығу – оқушылардың өздерін білім алу жолында іздендіріп, тілден алған теориялық білімнен практика жүзінде жаттықтыратын және сол жаттығулар арқылы қазақ тілі пәнін оқытуды өмірге жақындататын тиімді әдіс.

Жаттығу арқылы оқушыны сауатты жазуға, мәдениетті сөйлеуге, орфографиялық сауаттылыққа дағдыландырылады, сөздік қоры байытылады, дүниетанымы кеңейеді.

Жаттығу әдісінің тиімділігі жөнінде орыс тілі әдістемесін зерттеуші ғалым А.В. Текучев: «Жаттығу грамматикадан өтілген теориялық материалды түсіндіруді ғана сипаттайтын әдіс деп қарауға болмайды. Ол тілден ұйымдастырылған сабақтың өте қажетті бөлімі және айырып қарауға келмейтін тарауы. Егер орыс тілін оқытуда жаттығуды қолданбай беретін болса, ол өмірден, практикадан, нақты тілдік материалдан қол үзген құрғақ теориялар болып шыққан болар еді», – дейді.

Жаттығу жұмысын ұйымдастыруда мынадай талаптар негізге алыну керек:

- а) жаттығудың түрлері өтілген тілдік тақырыпқа сай болуы керек;
- ә) өтіліп отырған тілдік материалдың өзіндік белгілері көп болмауы керек;
- б) жаттығу үшін берілген сөйлем ықшам болуы керек;
- в) жаттықтырылатын материалдан оқушының жалпы түсінігі болуы керек;
- г) дайын материал ғана берілмей, оқытушы өз тарапынан жаттығу дайындай білуі керек;
- ғ) таңдалып алынған мәтіннің тәрбиелік мәні және жас ерекшеліктеріне сай болуы керек.

Қорыта келгенде, сөз мағынасының статикалық күйі тақырыбы арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру механизмі көрсетілді. Жаңартылған білім мазмұнына сай функционалдық сауаттылықты қалыптастыру меха-

низмін зерделеу арқылы оқытудың озық технологияларын тиімді пайдаланып, сапалы білім беру және өмірге бейім тұлға қалыптастырудың мәні айқындалды.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012 ж. 27.01.). – Астана, 2012.
2. Жахина Б.Б. Оқушы тілін дамытудың методологиясы. – Көкшетау, 2014. – 111 бет.
3. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы, 1989. – 184 бет.
4. Сыздыкова Р. Сөздер сөйлейді. Мұғалімдер мен студенттерге арналған көмекші құрал. – Алматы, 1982. – 120 бет.
5. Реформатский А.А. Введение в языкознание. – Москва: 1930. – 34 бет.
6. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп; 1988. – 147 бет.
7. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Дәуір-кітап; 2013. – 103 бет.
8. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы, 1962. – 15 бет.
9. Виноградов В.В. Основные типы лексических значений слова // Вопросы языкознания. – 1953, №5, 189 бет.
10. Қалиев Ф. Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь; 2006. – 263 бет.

СПАНДИЯР КӨБЕЕВТІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ: ОҚУ, ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

А. Исабек

*Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан
aaraiisabek99@mail.ru*

В статье рассматриваются педагогических взглядов одного из первых казахских просветителей Спандияра Кобеева. Анализируются его методы обучения и воспитание детей. Рассмотрена его система воспитательной работы, направленная на формирование национального патриотизма.

The article examines the pedagogical views of one of the first Kazakh educators, Spandiyar Koebev. His methods of teaching and raising children are analyzed. The article considers his system of educational work aimed at the formation of national patriotism.

Қазақ халқына еңбегі сіңген оқытушы Спандияр Көбеев ұстаздық пен жазушылық қызметін қатар жүргізді. Өзінің барлық саналы өмірін, ақыл-ойын халық ағарту ісіне арнады.

Өз ұстазы Ыбырай Алтынсариннің жолын қуған Спандияр Көбеев бала оқыту қызметіне кірісті. Бұл жолда көптеген қиыншылықтарды бастан кешірді. Қалай оқытудың жолдарын, әдістерін іздестірді.

Спандияр Көбеев оқуға керекті материалдарды өзі іздеп табуға, немесе өзі жазуға мәжбүр болды. Қажеттілік оны соған сүйреді. Баланың сауатын ашып, хат танытудың бірінші құралы, бірінші басқышы ана тілі мен балалар әдебиеті болғандықтан оны өзі құрастырады.

Ыбырай Алтынсарин сияқты оның шәкірті Спандияр Көбеевте оқылуға қажетті материалдарды іздестіруде, құрастыруда, өз тұсынан жазуда болсын

алғаш рет орыс әдебиеті мен орыс мәдениетін өзіне үлгі етті, содан үйренді. Алдымен орыс әдебиетіндегі бай мұраны зерттеп, соның балаларға қажеттісін аударды. Оны балаларға үлгі етпіді оқытты.

Спандияр Көбеев баланы оқыту барысында барлық білімді кітаптан алуға болады, ол үшін кітапты көп оқу, іздеп тауып оқудың қажеттігін бірінші орынға қойған. Осы мақсатты іске асыру үшін оқылуға керекті кітаптардың жоқ кезінде балаларға қажетті сондай кітаптарды өзі жазуға, өзі құрастыруға мәжбүр болғаны да осыдан еді. «Үлгілі бала» деген кітабындағы «Балалар мен ғалым» деген қысқа әңгімесінде де осы кітап мәселесін сөз еткен.

Екібалакеле жатып, бір кітап тауын алады. Сол баланың біреуі: «Бұл кітап менікі, неге десең, мен сенен бұрын көрдім», – дейді. Екінші бала оған жеңістік бермей: «Жоқ, бұл кітап менікі, неге десең, мен сенен бұрын жерден көтеріп алдым», – дейді, Екі баланың таласының үстінен шыққан ғалым оларға: «Сендер хат танысыңдар ма», – дейді. Балалардың екеуі де шынын айтып, «Жоқ, хат танымаймыз», – дейді. Сонда ғалым: «Кітап сендерге не керек. Бұл кітапты мен алайын. Қай бұрын оқу білгенге беремін», [1,123 б.] – дейді.

Кітап кімге қажет дей келіп, кітап хат білгенге, сауатты азаматқа қажет екенін білдіреді. Кішкентай әңгіменің бала тәрбиелеудегі әрі терең, әрі үлкен мазмұны осындай ұтымды мәселені баяндаған еді. Балалар әдебиетінің тәрбиелік мазмұны оқу процестерімен тығыз байланысты болғанда ғана өз мағынасындағы дәрежесіне көтеріле беретіні осындай ерекшеліктерінен танылады.

Орыстың педагогы Ушинскийдің айтқан қағидалары мен балаларға арналған әңгімелерінің бәрі де осы мазмұнда болып келеді. Ыбырай Алтынсаринда, Спандияр Көбеевте педагогикалық осындай терең қағиданы орыстың үздік ғалымдарынан, жазушыларынан, педагогтарынан үйренгенін білеміз. «...Оқыту – тәрбиелеудің қуатты органы, бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айрылады» [1. 126 б.], – дейді К.Д. Ушинский. Спандияр Көбеевтің оқытудағы және бала тәрбиелеудегі әдеби еңбектерін зерттегенде Ушинскийдің осы қағидасын мықты ескергенін көреміз. Оқыту үшін Спандияр Көбеевтің алдымен оқытудағы қажетті болған материалдарды жинақтауы, өз тұсынан құрастыруы, жазуы осыны дәлелдейді. «Үлгілі бала» кітабының бірінші бетінде «Мектептерде және үйде оқу үшін жазылады» деген Спандияр Көбеевтің өзінің ескертпе сөзі де бар.

«Үлгілі бала» кітабында жазылған Спандияр Көбеевтің әңгімелері өте қысқа болғанмен мазмұны жағынан өте құнды. Ыбырай Алтынсариннің де, сол сияқты Спандияр Көбеевтің де әңгімелерінің қысқа болатыны олар балалардың жас ерекшеліктерімен білім ерекшеліктерін ескеріп, соған лайықтап, ықшамдап жедел де көркем тілімен суреттейтіндігінде.

«Түскі тамақ һәмкешікі тамақ» – деген әңгіменің де мазмұны сондай қызық. Түске дейін үйінде ерігіп қарап жатқан баласына шешесі ет салып жақсы сорпа жасап береді. Бала сорпаны ішіп отырғыш: «Сорпаңыз дәмсіз екен», – дейді. Шешесі кешке дәмді сорпа жасап берермін дейді. Түс қайта баласы әкесімен шөп тасып, үйіне әбден шаршап қайтады. Шешесі баласына түскі тамақтан қалған сорпаны жылытып береді. «Түскі сорпаңнан мына сорпа

дәмдірек екен», – дейді баласы үсті-үстіне ұрттай түсіп. Сонда шешесі: «Еңбексіз ауыз тұщымас, балам. Бұл түскі сорпаның қалдығы еді. Саған бұл сорпаның дәмді болғаны сен түстен соң жұмыс істеп шаршаның ғой» [1, 118] – дейді.

Қай нәрсенің болса да әсерлі де жақсы көрінетіні көз алдында тұратыны ғой. Естігі білгенненде соны көрген артық емеспе? Көзбен көріп, қолмен ұстап, тілмен татса ғана мол әсер қалдырмай ма? Бұл әңгіменің баланы еңбекке баулудағы, тәрбиелеудегі басты қасиеті де осыны көздейді. Еңбексіз ауызтұщымас деген бір ауыз сөздің өзінде баланың өз басынан кешірген жарты күндік іс-әрекетіне байланыстыра суреттеген. Бұл көркем әңгімедегі көрнекілік қасиеттің басты шарты екенін дәлелдейді. Орыс халқының педагогы К.Д. Ушинскийде балаларға арналған әңгіменің осылай жазылуын жақтаған. Өйткені әңгіменің мұндай құрылысында көрнекілік сипат болатынын айтқан. «Сурет бойынша, әсіресе әңгімеге өзек болу үшін салынған сурет бойынша жасалған әңгіме суретсіз шешен тілмен айтылған қызықты әңгімеден анағұрлым көңілге қонымды болады. Бұл сурет тек әңгімені есте ғана қалдырмайды, сонымен қатар мұғалімнің өзін және балалардың алған мәліметтерін мида жинақтауына мүмкіндік береді» [1, 138 б.], – дейді К.Д. Ушинский. С. Көбеевтің «Түске тамақ һәм кешк ітамақ» деген әңгімесінде жанды сурет бар. Бұл әңгіменің мазмұны да, кейіпкерлері де баланың күнделікті көз алдында болатын және оқиғаға өзі араласатын жәйттерді баяндайды. Әңгіме осынысымен ұтымды дабағалы.

Балалардың әдепсіз қалжак мінездерінетиым салу үшінде Спандияр Көбеев әңгіменің осындай мазмұнды, ақыл-парасатқа жеңдіретін жақтарын шебер қолданады. Ұтымды айтылған аз сөзбен-ақ оларды көп нәрсеге мойынсындырады. «Шал мен балалар» деген әңгімеде осы әдептілік мәселесі сөз болады. Бір жарлы шал есегіне мініп келе жатқанда оның есегінің ақырған даусын естіп, бір топ бала алдынан жүгіріп шығып: «Неге сіз есегіңізді өлең айтуға үйреттіңіз» деп әжуә, мазақ еткілері келеді. Сонда шал балаларға: «Есегім өлең айтпайды. Сендердей жақсы жолдасын көрген соң, қуанғаннан бақырады», депті. Әңгіме осы сөзбен аяқталған.

Шалды әжуә, мазақ еткілері келген еріккен балалар оның әлгіндей ұтымды сөзін есіткенде, өздерінің қылықтарытым ерсі екенін сезініп қатты ұялған. Балалар әде – биетінің негізгі түп қазығы, айқын мақсаты жастарды тәрбиелеуге, өмірдің келешегін танытып, білім беруге арналған болса, ол осы сияқты санаға, сезімге әсер ететіндей болуға тиісті.

Балалар әдебиетшін, көркемдік ерекшеліктеріне зерт-теу жасағанда оның көбіне осы сияқты әсерлі мазмұнын айқындаған дұрыс сияқты. Шеберлік пен көркемдік мәселесі қызық та оқиғалы мазмұнға байланысты туатынына тоқталып отыр. Оқиғалы жән» мазмұны жоқ жерде шеберлік те, көркемдік те байқалмайтын сияқты. Балалар әдебиетін жазушы шеберлердің ізденетін жақтары көбіне балаға ой салатын және оларды мәз – майрам ететін ойлы да өткір пікірді көздеп, соны көбірек іздейтіні байқалады. Олар өткір де шебер пікірдің өзін баланың шама-шарқына қарап шебер қолдана біледі.

Мұның екінші жағы әңгіме қаншама көркем де қызық болғанмен, шұбаланқы, тым ұзақ, болса, ода баланы жалықтырып жібереді. Өйткені

баланың жас организмі ұзақ уақыт сарылып отыруды көтермейді. Баланың жас организмі оларды тез қимылға, қозғалыс жасауға сүйреп отырады. Бұл жалпы жаратылыстық заң. Балалар әдебиетін жазушы шеберлердің тағы бір ұтымды жағы олар осы жағдайменде санаса білген. Егер әңгіме бағыты ұзаққа созылатын болса, Спандияр Көбеев оны оңайлату үшін әлденеше тақырып-шаларға бөліп жіберетін болған. Бұл да балалар әдебиетінің өзгешелігіне байланысты қолданылатын әдістік біртүріе ді.

Спандияр Көбеев әңгіменің, тақырыбын да бала қызығарлықтай етіп, тандапала біледі. Тақырыбын оқығанда-ақ сол әңгіменің қызықты да өнегелі екені байқалып тұрады.

«Қайырымды бала» деген әңгімесінің тақырыбы оны мазмұны неге бағытталғанын байқатады. Әңгімені оқымас бұрын, ол қандай қайырымдылық, жасады екен, қандай өнегелі ісі мен танылды екен деген сұрақтар туғызады да өзін бастан аяқ тезірек оқып шығуға ынталандыра түседі. Бұл әңгіменің мазмұны тым қысқа. Сабағын жақсы оқыған баласын қуаныш етіп, мақтай түсіп, әкесі оған 10 тиын береді. Баласы ол ақ-шаны бір кісінің күйзелген ауыр тұрмысын аяққайыршыға береді. Бұл тәрбие көрген өнегелі, үлгілі бала. Үйіндегі барды далаға таситын, жоқ болса ұрлапалатын бар ықыласы қараниеттікке ауған жаман баланы жөнге салуға, барға қанағат етуге үйрететі нәңгіме. Бұл әңгіме баланы кішіпейілділікке, қайырымдылыққа, жуасмінезге, адамгершілікке баулиды. Кішіпейілділік-озбырлыққа, дөрекілікке, даңғойлыққа қарама-қарсы тұратын ізгі ниет екенін танытады.

Қара күшке сүйенген даңғойлық оғар мінездің неге әкеліп соғатынында Спандияр Көбеев «Аю және бөрене» деген әңгімесін де қызық та күлкілі етіп суреттеген. Қалын орманды аралап келе жатқанда аю бал араның ұясына кез болады. Ағаш басындағы ара балына тамсанып, ою жегісі келеді. Аю ағаш басына көтеріліп, ұяға жақындағанда, іліпін тұрған ауыр бөрене оған кедергі жасайды. Аю бөренені итеріп жібереді. Ары серпілген ауыр бөрене өз салмағымен қайта оралғанда аюдың басына сарт ете қалады. Қара күшке сенген оғар аю бөренені тағы да одан бетер қатты итеріп жібергенде, ол екінші рет аюдың басына соқтығып, құлағын шыңылдатып жібереді. Оған ызаланған аю бар күшімен бөренені үшінші рет қойып жібереді. Серіппелі бөрене қайта айналып аюдың басына соқтыққанда, басы жарылған аю ағаш басынан жерге ұшып түседі.

Баланы қияңқы даңғой мінездерден арылтып, саналылыққа үйрететін әңгіменің тәрбиелік жақтары дәл осындай болуға тиісті. «Біз тәрбиеде саналы ұғым үстем болғанын тілейміз, ол ұғым тек мұғалімге ғана түсінікті болып қоймай, онымен бірге баланың өзіне де анық болсын» [3,127 б.], – дейді Н.А. Добролюбов. Баланы саналы азамат етіп тәрбиелеу үшін мұғалімдер ашық сөз, айқын пікірлерді жазушылардың осы сияқты өтімді әңгімелері арқылы жеткізіп отырады.

Спандияр Көбеев өзі педагог болғандықтан оның жазған әңгімелерінің бәрінде де оқу процесіне байланыстырыла айтылатын мазмұн бар. Баланы қалайда саналы, оқыған азамат етіп тәрбиелеуге бағытталған. Артық айтылған, не оқушының ұғымына ауыр тиетін қисынсыз бұлдыр сағымдар кездеспейді.

Осындай қысқа жазылған өнегелі әңгімелермен қатар «Үлгілі бала» кітабында панасыз қалған балалардың өмірін өте қайғылы халде сыпаттайтын екі өлең бар. Оның бірі «Жетімнің өлеңі»; екіншісі «Жетім» – деп аталады.

Спандияр Көбеев «Орындалған арман» атты кітабындағы «Тойда естіген әңгіме», «Молда алдында», «Зорлық», «Үміт сәулесі, «Кұлақ естігенді, көз кереді», «Бөлтіріктер», «Ауыр қаза» тағы басқа әңгімелер ауылдағы бұрынғы мектеп өмірімен бүгінгі ауыл жайын толық, таныстырады. Ол кезде мектеп салудың қаншалық ауыр екені, салынған мектеп болса, онда тек үстем таптың балалары ғана оқу керек деген теріс қағидалар болғанын суреттейді. Тозығы жетіп келе жатқан мұндай теріс қағидаларға қарсы сол кезде қазақ арасынан бірен-саран шыға бастаған Ыбрай Алтынсарин сияқты интеллигенттердің қарсы күрес жүргізгенін баяндайды. Сондықтан бұл әңгімелерде балалар әдебиеті мұрасына үлкен үлес болып қосылған тарихи және тәрбиелік маңызы зор шығармалар.

Әдебиеттер

1. Көбеев С. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1960. – 176 б.
2. Ушинский К.Д. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1985. – 394 б.
3. Добролюбов Н.А. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1996. – 403 б.

**Шет тілдерін оқытудың заманауи
әдістері
мен технологиялары**

**Современные методы
и технологии преподавания
иностраннных языков**

АНАЛИЗ СОВРЕМЕННЫХ МЕТОДИК В ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВЫХ ДИСЦИПЛИН

Р.А. Авакова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби г. Алматы, Казахстан
r_avakova@mail.ru

А.Н. Қуванбакиева

Университет иностранного языка и деловой карьеры, г. Алматы, Казахстан
aliyat_81@mail.ru

А.К. Коксегенов

Университет иностранного языка и деловой карьеры, г. Алматы, Казахстан
k_alibek@mail.ru

Мақала шет тілді аудиторияда орыс тілін оқытудың заманауи техникасын зерттеуге арналған. Қарастырылған әдістер мектепте (орта және жоғары деңгейлерде), университеттерде, әртүрлі тілдік курстарда қолданыла алады.

The article is devoted to the study of modern methods in teaching the Russian language in a foreign language audience. The considered methods can be applied at school (middle and senior level), at a university, in various language courses.

Изучение языков, то есть развитие полиязычной личности в настоящее время актуально, так как специалист, владеющий несколькими языками, востребован в современном мире. Развитие полиязыковой личности начинается еще с детского сада, где детей обучают основам казахского, русского и английского языков. В школьном обучении изучение языков становится обязательным, с каждым годом усложняется программа. «Учитывая условия полилингвального и поликультурного общества, представить современного социального, культурно, профессионально и психологически адаптированного, всесторонне развитого человека как без знания иностранного языка, так и без умений интегрировать его в структуру своих компетенций невозможно» [1, с. 212].

В системе образования, как известно, целью каждого педагога является достижение поставленных задач, обучить учащегося основам языка посредством применения четырех речевых форм: аудирование, говорение, чтение и письмо.

Рассмотрим методы обучения иностранному языку, определим критерии отбора современных методов:

1. Создание атмосферы свободы и комфорта, способствующую к появлению интереса у обучающегося, побуждению желания использовать язык практически (устно), потребности учиться, что позволит ему успешно овладеть предметом.

2. Активное вовлечение учащегося на занятии, затрагивая его чувства, эмоциональную составляющую, при этом обязательно учитывание его потребностей, что направит на раскрытие его страноведческих, когнитивных, творческих и речевых навыков.

3. Создание атмосферы на занятии, где учащийся будет активно взаимо-

действовать с согруппниками, при некоторых формах сделать одного из учащихся главным действующим лицом на занятии, чередуя на последующих уроках.

4. Организация учебной деятельности таким образом, чтобы учащийся был центральной фигурой, а преподаватель – второстепенной; здесь важно, чтобы учащийся осознавал, что процесс обучения связан с его личностью, независимо от методов и приемов, выбранных преподавателем.

5. Создание ситуации, когда учащийся самостоятельно будет работать над видами овладения языком (аудирование, говорение, чтение и письмо), т. е. давать ему больше времени на самостоятельное изучение, что приведет в вдумчивой работе обучающегося на занятии.

6. Использовать разнообразные формы работы в классе: индивидуальную, групповую, коллективную, которые будут стимулировать активность учащихся в полной мере [2, с.97].

Отметим, что в процессе обучения иностранному языку общение может быть односторонним и многосторонним. В первом случае учебный процесс организован так, что преподаватель побуждает учащегося к активной работе, где отвечает сам ученик. Иными словами, данный процесс можно обозначить как «стимул – реакция». Фронтальный вид работы в данном процессе доминирует.

Рассмотрим один из распространенных методов – проектный метод. Преимущество данного метода заключается в том, что учащиеся самостоятельно планируют и организуют работу, разрабатывают тему. Здесь можно наблюдать взаимодействие речевой деятельности с интеллектом. Исследователь Е.Н. Полат подчеркивает, что «в основе метода проектов лежит развитие познавательных навыков учащихся, умений самостоятельно конструировать свои знания и ориентироваться в информационном пространстве, а также развитие критического мышления» [3, с.15].

Примерами проектного метода могут быть различные игры, опросы, разработка научной работы, статьи и т.п. также данный метод способствует взаимодействию между предметами в обучении иностранному языку, расширяет границы общения в классе, имеет практическую значимость в среднем и старшем звене.

Данный метод можно обозначить как творческий, так как учащиеся самостоятельно под руководством преподавателя ищут решение целей и задач, поставленных перед ними. Налицо развитие креативной компетенции как признак коммуникативного владения иностранным языком. В ходе реализации проекта учащиеся используют иностранный язык в свободной форме. Тут важно преподавателю не цепляться за языковую форму (правильно употребил слово – неправильно употребил слово), а стараться понять лексическое значение слова, мягко корректируя произношение или употребление слов.

Данный проект дает возможность учащемуся активно проявлять свое творчество, задействованы также и те учащиеся, которые слабы в языковом отношении. На первое место выходит креативность, фантазия и активность. Проектный метод имеет практическую ценность и позволяет достичь максимального результата, так как исключает формальность при изучении иностранного языка.

Проектный метод состоит из четырех этапов.

1. *Планирование.* Основной задачей учащихся является определение и формулировка проблемы, далее идет разработка индивидуального плана работы, с преподавателем могут обсуждаться содержание и направление исследования.

2. *Выполнение.* На данном этапе идет выполнение поисковой работы, сбор основной информации по теме, что способствует формированию навыков самостоятельной работы.

3. *Презентация.* Защита проекта, активное применение лексики иностранного языка, обзор лингвострановедческих знаний.

4. *Контроль.* Подведение итогов работы, оценка конечного результата.

Разработка педагогического проекта состоит из нескольких видов учебной деятельности, в которых важны пять моментов:

1. Зарождение проекта.
2. Формулирование проекта (основная идея, проблемы, цели).
3. Совместная деятельность по реализации проекта.
4. Представление проекта в заранее оговоренной форме: защита, публикация, выставка и т.п.
5. Осмысление проделанной работы учителем и учащимся.

Руководство проектом требует от преподавателя компетентности, необходимо владеть технологией обучения, быть профессионалом в своей области, хорошим организатором, уметь быть в роли подчиненного, уметь выступать в роли посредника. Проект реализуется, если учащиеся от статуса пассивных обучаемых перешли к такому уровню, когда они сами являются актерами, творцами своего собственного обучения. При данном виде работы наблюдается смещение акцента с результата на сам процесс, что дает удовольствие учащемуся от выполнения работы. Именно этим аспектом нельзя пренебрегать, так как именно это и есть сама мотивация. Примерные темы проектов по английскому языку на русском языке: «Аббревиатура как средство экономии речи и письменного текста», «Языковые особенности американского варианта английского языка», «Анализ сокращенных реплик на английском языке в социальных сетях», «Инверсия как стилистический прием», «Этимологический анализ английских географических названий» и т.п.

Следующим методом изучения является интенсивный метод обучения, которые обрели популярность в последнее время. В педагогике разработано огромное количество разновидностей данного метода. Чаще всего интенсивные метод обучения используется при изучении иностранного языка. Целью данного метода является овладение умениями иноязычного общения за короткий период. По мнению исследователя Г.А. Китайгородской, выделяются два наиболее значимых фактора в интенсивном обучении:

1. Минимально необходимый срок для достижения цели при максимально необходимом для поставленной цели объеме учебного материала и соответствующей его организации.

2. Максимальное использование всех резервов личности ученика, достигаемое в условиях особого взаимодействия в учебной группе при творческом воздействии личности учителя [4, с. 133].

К особенностям данного метода можно отнести:

А) применение приемов, активизирующих подсознательные и сознательные процессы обучающегося для создания обширной и прочной языковой базы.

В) Оптимальная организация коллективного взаимодействия учащихся и учителя.

С) Применение заданий, которые мотивируют к общению на иностранном языке.

Основными признаками (свойствами) интенсивного метода являются включение ролевых игр, сочетание осознаваемого и неосознаваемого, принцип активности, то есть сочетание разных форм работы (индивидуальная, а парах, групповая и т.п.), преобладание аудирования и говорения, ситуативно-тематическое организованное общение и т.п. Психологический климат также играет большую роль при обучении. Благодаря положительному психологическому климату наблюдается стимулирование творческой активности и раскрытие ее резервов, моральная поддержка, что повышает эмоциональный настрой всего класса.

Применение интенсивной методики при изучении иностранного языка, цель может меняться, что зависит от этапа обучения, коммуникативных особенностей учеников.

Следующим методом обучения можно обозначить проблемный метод обучения. Одним из современных методов считается данный метод. Этот метод распространился в 20–30-х годах 20 века. Во многих исследованиях данный метод рассматривается как средство повышения эффективности обучения, активизации учения. «В наше время под проблемным методом обучения понимается особая организация занятий, предполагающая наличие проблемных ситуаций и активная деятельность учащихся по их разрешению, благодаря этому осуществляется творческое овладение знаниями, умениями и навыками, развиваются мыслительные способности» [5, с. 40]. Новый материал и способы деятельности при данном методе не даются в готовом виде, а дают возможность обучающемуся самостоятельно решать их, т.е. поисковая работа играет большую роль здесь. Суть данного метода заключается в стимулировании поисковой деятельности учащегося. Такой подход в обучении дает личности развиваться творчески, формирует психику, мышление, умение выразить свои мысли в любой ситуации (в аудитории, на улице, с незнакомым человеком и т. п.).

Данный метод подразумевает уровни проблемности в обучении:

1. Совместное решение с преподавателем – преподаватель самостоятельно ставит проблему и сам ее решает при активном слушании и обсуждении учащихся.

2. Самостоятельное решение учащегося – преподаватель ставит проблему, а решение учащиеся ищут самостоятельно. В данном случае учащиеся отходят от образца и получают возможность для размышлений.

3. Самостоятельный поиск учащегося – учащийся самостоятельно ставит проблему, ищет возможные решения, проверяет их, исходя из полученных данных, делает выводы, обобщает результаты, применяя выводы к новым данным.

Как и любая методика, проблемный метод имеет ряд преимуществ, недостатков немного. К преимуществам относится возможность учащемуся само-

стоятельно, творчески подходить к изучению иностранного языка, что пробуждает интерес к предмету. Развивается продуктивное мышление, что является залогом хорошей деятельности. К недостаткам относится ограниченное количество времени для тщательного изучения темы, с низким уровнем знания учащиеся неохотно вступают в рабочую атмосферу.

Несомненно, данный метод является эффективным при обучении иностранного языка. При нем происходит раскрытие личности учащегося, что немаловажно при изучении иностранного языка особенно для закомплексованных учащихся.

Таким образом, рассмотренные в статье методы работы с учащимися на занятиях иностранного языка способствуют быстрому освоению курса, развития мышления, устранению языкового барьера.

Литература

1. Соловова Е.Н. Методическая подготовка и переподготовка учителя иностранного языка: интегративно-рефлексивный подход: монография. – М.: Глосса-Пресс, 2004. – 336 с.
2. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам: Пособие для учителя. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: АРКТИ, 2003. – 192 с.
3. Полат Е.С. Проектная методика обучения иностранному языку // Иностранные языки в школе. – 2000. – № 1. – С. 3-9.
4. Китайгородская Г.А. Интенсивное обучение иностранным языкам. Теория и практика. – М.: Просвещение, 2009. – 223 с.
5. Вершинина И.А. Формирование мотивации у школьников при обучении английскому языку. – диссер. на соиск. магистра наук. – Екатеринбург, 2017. – 97 с.

ИНТЕГРИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ ЯЗЫКАМ В УСЛОВИЯХ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

А.Ш. Жумашева

*Торайгыров университет, г. Павлодар, Казахстан
anara-zhash@mail.ru*

Мақалада оқу процесіне пән аралық байланыстарды оқыту мен тәрбиелеудің тиімді құралы ретінде пайдалануға негізделген тілдерді интеграцияланған оқыту технологиясы негізінде Қазақстан Республикасында көп тілді білім беруді іске асыру мүмкіндіктері қарастырылады. Мақалада «үш тіл әлемінде» элективті курс сабақтарында бастауыш сынып оқушыларын эксперименттік оқытудың нәтижелері баяндалады.

The article considers the possibilities of implementing multilingual education in the Republic of Kazakhstan by introducing integrated language learning technology into the educational process, which is based on the use of interdisciplinary connections as an effective means of teaching and upbringing. The article highlights the results of experimental training of primary school students in the elective course «In the world of three languages».

В условиях обновленного содержания образования проблема полиязычного образования является актуальной, что требует разработки различных методик и технологий обучения. Одним из средств, ведущих к реализации полиязычного образования на практике, является технология интегрированного обучения языкам, в основе которого лежит использование межпредметных связей

как эффективного средства обучения и воспитания. Так, например, в ряде средних общеобразовательных учреждений г. Павлодара нами была разработана и экспериментально апробирована технология интегрированного обучения языкам в виде программы интегрированного элективного курса «В мире трех языков», основанного на межпредметной интеграции и координации русского, казахского и английского языков.

С целью создания программы интегрированного элективного курса «В мире трех языков» нами был произведен сопоставительный анализ уже известных младшим школьникам явлений в трех языках. Нами были выявлены общие, обладающие сходством явления в трех языках, служащие основой для транспозиции, и специфичные явления, вызывающие межъязыковую интерференцию. Для интегрированных занятий были составлены и использованы данные трехязычных таблиц [1, с. 82].

Программа элективного курса содержит интегрированные занятия по интегрированному обучению трем языкам в количестве 10 наиболее употребительных лексических тем, известных младшим школьникам из предыдущего обучения. Это такие темы, как:

1. Приветствие. Сәлемдесу. Greeting.
2. Знакомство. Танысу. Acquaintance.
3. Я, моя семья и мои друзья. Мен, менің отбасым және менің достарым. Me, my family and my friends.
